



This project is funded by
the European Union

Қазіргі медиа мен коммуникация кеңістігіндегі «ӨШПЕНДІЛІК ТІЛІ»

ЖОО оқытушыларына арналған
оқу-әдістеме құралы



Бішкек
2021

Қазіргі медиа мен коммуникация кеңістігіндегі «өшпенділік тілі»

ЖОО оқытушыларына арналған
оқу-әдістеме құралы

Бішкек
2021

Воронина Е.А., Токтогулова Э., Кайыпов Э. «Қазіргі медиа мен коммуникация кеңістігіндегі «өшпенділік тілі»: ЖОО оқытушыларына арналған оқу-әдістеме құралы. — Бішкек: «БАҚ-ты қолдау орталығы» ҚҚ, 2021. — 136 бет.

«Қазіргі медиа мен коммуникация кеңістігіндегі «өшпенділік тілі» оқу-әдістеме құралы Қырғыз Республикасы, Қазақстан Республикасы, Тәжікстан Республикасы және Өзбекстан Республикасы ЖОО оқытушыларына арналған.

Оқу-әдістеме құралын жобаның Жұмыс тобы: «БАҚ-ты қолдау орталығы» ҚҚ (Қырғыз Республикасы), «MediaNet халықаралық журналистика орталығы» ҚҚ (Қазақстан Республикасы), «Өзбекстан Республикасы қазіргі заманғы журналистиканы дамыту орталығы» ҚБ, «Гурдофарид» қоғамдық ұйымы (Тәжікстан Республикасы) ERIM-нің (Equal Rights & Independent Media, Франция) қатысуымен аймақтың төрт елінің ұлттық заңнамасы негізінде дайындады.

Оқу-әдістеме құралының авторлар ұжымы медиа, адам құқықтары және оқыту әдістемесі салалары мамандарынан жасақталды.

«Қазіргі медиа мен коммуникация кеңістігіндегі «өшпенділік тілі» оқу-әдістеме құралы ЖОО оқытушыларына, азаматтық білім беруді, медиа және ақпарат бойынша сауатты дамытумен айналысатын коммерциялық емес ұйымдарға және осы бағытты дамытуға мүдделі барлық адамға бағытталады.

Басылым Еуропалық Одақтың қаржылай қолдауымен дайындалған. Жарияланған материалдар Еуропалық Одақтың ресми көзқарасымен сәйкес келмеуі мүмкін.



Жоба командасы

Елена Воронина — авторлар тобының әдістеме-тақырып бойынша жетекшісі, жобаны үйлестіруші (Қырғыз Республикасы)

Айчурек Усупбаева — «БАҚ-ты қолдау орталығы» қоғамдық қоры (Қырғыз Республикасы)

Майра Зейнилова — ERIM (Equal Rights & Independent Media, Франция)

Алена Кошкина — «MediaNet халықаралық журналистика орталығы» қоғамдық қоры (Қазақстан Республикасы)

Саида Сулайманова — «Өзбекстан Республикасы қазіргі заманғы журналистиканы дамыту орталығы» қоғамдық ұйымы

Рахбар Маджидова — «Гурдофарид» қоғамдық ұйымы (Тәжікстан Республикасы)



МАЗМҰНЫ

Редактордан	4
1-сабақ.	9
1-тақырып. «Өшпенділік тілі»: формалары, белгілері, жіктелуі және негізгі ұғымдары	
2-сабақ.	35
2-тақырып. Сөз бостандығы vs «өшпенділік тілі»	
3-сабақ.	53
3-тақырып. Ұлттық және халықаралық құқық тұрғысындағы «өшпенділік тілі»	
4-сабақ.	65
4-тақырып. Орталық Азия елдерінің дәстүрлі және жаңа медиасындағы «өшпенділік тілі»	
5-сабақ.	89
5-тақырып. «Өшпенділік тілі» объектілері. Қорғалған сипаттамалар	
6-сабақ.	99
6-тақырып. «Өшпенділік тілін» қолданбауды ескерту: әдістер мен инструменттер	
Қосымша	
1-қосымша. Тест тапсырмалар	115
2-қосымша. Қызық фактілер	125
3-қосымша. Оқытудың интерактив әдістерінің гlossарийі	134



РЕДАКТОРДАН

«Қазіргі медиа мен коммуникация кеңістігіндегі «өшпенділік тілі» оқу-әдістеме құралы (*мәтінде ары қарай – «Өшпенділік тілі»*) Қырғыз Республикасы, Қазақстан Республикасы, Тәжікстан Республикасы және Өзбекстан Республикасы жоғары оқу орындары оқытушыларына арнап жасалған.

«Өшпенділік тілі» курсының мақсаты – медиа және ақпарат бойынша сауат пен сыни ойлау дағдыларын дамыту арқылы студенттердің азаматтық білімін арттыруға жағдай жасау. Жастардың бұл дағдыларын дамыту олардың ақпаратты ой елегінен өткізіп қабылдауына, фейкті, өтірікті рас мәлімет пен фактілерден ажырата алу қабілетін жетілдіруіне, «өшпенділік тілін» қолданудан бас тартуына және онлайн кеңістікте де, күнделікті өмірде де түрлі ақпарат манипуляциясына берілмеуіне ықпал етеді.

Қазіргі замандағы ахуал жоғары білім беру жүйесінен медиа және ақпарат бойынша сауат, жүріс-тұрыс пен қарым-қатынас мәдениеті дағдыларын меңгерген білікті маман даярлауды талап етіп отыр.

«Өшпенділік тілі» оқу-әдістеме құралы ЖОО оқытушысының өзі оқытатын курсқа «өшпенділік тілін» қолдану мәселесіне қатысты тақырыптарды енгізуіне және сол курс-ты жалпы пәндер аясында өткізуге неғұрлым тиімді әдіс-тәсіл таңдауына көмектеседі.

Бұл оқу-әдістеме құралын жасағандар курстың мақсат-міндетіне және жастарды оқыту ерекшеліктеріне мейлінше сай келетін интерактив әдістерді қолдануды ұсынады. Оның үстіне, ұсынылып отырған әдістеме қашықтан оқыту жағдайында онлайн сабақ өткізуге ыңғайлы.

Интерактив оқыту немесе бірлесе интерактив білім алу студенттер мен оқытушының белгілі бір сұрақтарға бірге жауап іздеу процесіне жұмылуы дегенді білдіреді. Оқытушы бұл әдістемені дәрістерінде де, семинар сабақтарында да мақсатты түрде қолдануы керек.

Сабақтарды әзірлегенде авторлар бұл курстың теориядан гөрі практикалық жағына көп көңіл бөлген. Оның негізгі міндеті – практикалық қабілет пен дағдыны дамыту. ЖОО оқытушылары мен бұл материалды пайдаланатын басқа да адамдар «Өшпенділік тілі» курсы бойынша оқытуды ойдағыдай ұйымдастыру үшін мына жағдайларға ықпал ететін әдістерді қолданғаны жөн:

- өзара сыйлы интерактив орта қалыптастыруға (курс тақырыбы да, оны қазіргі уақытқа сай қылу да, жастардың онлайн кеңістікке белсенді араласуы да ескеріледі);
- курс сұрақтарын студенттердің интернетте және офлайн өмірде қарым-қатынас жасау тәжірибесі арқылы проблемалауға;

– интернеттегі қарым-қатынасы барысында өзіне, этнос ерекшелігіне, пікіріне және тағы басқаға қатысты «өшпенділік тілін», «жеккөрініш тілін» көргенде студент басынан өткеретін нақты мәселелерді шешуге.

Сабақтар құрылымында оқытудың диалог әдістерінің болуы содан: аудиторияға сұрақ қою, Орталық Азия елдері тәжірибесіндегі кейстерді талқылау, кинофильмдердегі, БАҚ-тағы, саясаткерлердің сөзіндегі «өшпенділік тілі» қолданылған мәтін үлгілері бар карточкалар бойынша жұмыс істеу.

Оқу-әдістеме құралының авторлары студенттерді оқытудың аталған тәсілдерін жоғары білім беру жүйесіндегі жаңашылдық ретінде қарастыруға болатынын ескеріп, сабақ өткізуге ұсынылған әдістердің сипаттамасын ықшамдалған глоссариймен қосымша ретінде беруді ұйғарды. Бірақ бір сабаққа берілетін уақытта жылдам әрі оңай қолдануға болатын шағын, күрделі емес интерактив әдістерді жинастырумен шектелді. Бұл әдістердің сипаттамасын басқа оқу құралдарынан да табуға болады, бірақ оның көбінде жалпы тәсілдер сипатталып, оларды оқу жағдайында ғана қолдану қарастырылады. Ал мына оқу-әдістеме құралының авторлары курс тақырыбын да, өздерінің оқыту мен тренинг өткізу тәжірибесін де ескерген. Ұсынылғандардың арасында тақырып ерекшелігіне, курстың мақсаты мен

міндетіне лайықталған авторлық интерактив әдістер бар.

Курс сабақтарына арналған материалдар жергілікті және халықаралық тәжірибе негізінде дайындалған. 2020 жылдың сәуірі мен қыркүйегі аралығында БРҮСА жобасы аясында Қырғыз Республикасындағы, Қазақстан Республикасындағы, Өзбекстан Республикасындағы және Тәжікстан Республикасындағы БАҚ пен әлеуметтік желілерде «өшпенділік тілін» анықтауға арналған тұрақты медиамониторинг материалдарына акцент жасалды.

Курс құрылымының ерекшеліктері

«Өшпенділік тілі» курсы алты сабақтан тұрады. Барлық сабақтың мынадай компоненттерден тұратын бірыңғай құрылымы бар:

- тақырыптар мен тақырыпшалар;
- пәндер интеграциясы;
- сабақ мақсаттары (қалыптасатын құзыреттерді тізіп шығу);
- уақыт (сағат саны);
- сабақ өткізу әдістері;
- білім мен дағдыны бағалау әдістері;
- сабақ жоспары (практикалық жаттығулары, оқытушыға, жаттықтырушыға арналған кеңесі бар);
- ақпаратқа шолу жасау (теория бойынша минимум);
- негізгі ұғымдар;
- қажет ресурстар;
- қосымша материал;
- негізгі дереккөздер тізімі.

Пәндер интеграциясы

Авторлар оқытушы «Өшпенділік тілі» курсымен біріктіре алатын, курстың тақырыптары мен тақырыпшаларын енгізе алатын пәндерді тізіп шықты.

Сабақ мақсаттары

Курстың әр сабағы білім алушының танымдық, әлеуметтік-эмоциялық және мінез-құлыққа қатысты құзыретін қалыптастыруға бағытталған. Соған сай әр сабақтың үш мақсаты бар.

1. *Танымдық мақсат* – оқиғаларды, жағдайларды, процестер мен құбылыстарды білу, түсіну мен сыни зерделеу; олардың өзара байланысы мен өзара тәуелділігі; білім алушылардың медиа мен ақпаратқа қатысты сауаты; ақпаратты сыни зерделеу, талдау және бағалау қабілеті.
2. *Әлеуметтік-эмоциялық мақсат* – сезім, көңіл-күй, эмоциялар; онлайн және офлайн қарым-қатынаста әділетсіздікті сезе алу, түсіне алу, оған куә болғандардың жағдайына ортақтаса алу; жалпы адамзат құндылықтарын түсіну; әралуандықты, коммуникацияға қатысушы әрбір адамның жеке басын құрметтеу, өзгені алаламау, өзгеге тіл тигізбеу.
3. *Мінез-құлыққа қатысты мақсат* – шешім шығару; жүріс-тұрыс мәдениетін, әсіресе онлайн кеңістіктегі қарым-қатынас мәдениетін өзгерту; жауапты іс-әрекет, жауапты коммуникация, соның ішінде интернеттегі жауапты іс-әрекет.

Сабақ өткізу уақыты

Оқу-әдістеме құралы ЖОО оқытушыларына арнап жасалғанын ескеріп, дәріске де, семинарға да бір сабақтың нақты академиялық уақыты 1 сағат 20 минут деп таңдалды.

Сабақ өткізу әдістері

Авторлар курстың белгілі бір сабағын өткізу барысында қолданылуы мүмкін оқыту әдістерін тізіп шықты.

Бағалау әдістері

Мұнда студенттер меңгерген білім мен қабілетті бағалау әдістері ұсынылды, оларды оқытушы осы курс бойынша сабақ өткізу барысында (сабақтың басында, барысында және сабақтан кейін) қолдануы мүмкін.

Сабақ жоспары

Бүгінде жоғары оқу орындарының көбінде интерактив әдістермен өткізілетін сабақ төрт кезеңнен тұратын жоспар бойынша құрылады, интерактив әдістер олардың әрқайсында қолданылады. Сабақ кезеңдерінің сипаттамасында оқытушыға сабақ тақырыбын хабарлаған кезде не нәрсеге назар аударған жөн екені, қандай мәселелерге, іс-әрекетке екпін түсіру керек екені айтылады.

Негізгі ұғымдар

Сабақ тақырыбына қатысы бар негізгі ұғымдар айтылады.

Қажет ресурстар

Сабақ өткізу барысында оқытушыға да, студентке де қажет болатын ресурстар аталады.

Сабақ кезеңдері

1. Үйіру. Сабақтың бірінші кезеңінің мақсаты — білім алушылардың тәжірибесін пысықтау, сабақ тақырыбына қатысты білімі мен

түсініктерін жинақтау. Оқытушы осы кезеңде қолданатын оқыту әдісі арқылы студенттердің білім деңгейін байқап, ары қарай қалай жұмыс істеу керек екенін, сабақ құрылымында нені өзгерту керек екенін, не нәрсеге көбірек назар аудару керек екенін түсіне алады. Дәріс түріндегі әдісті ғана емес, түрлі жаттығу тәрізді практикалық әдісті де қолдануға болады.

2. Ақпаратпен жұмыс істеу. Интерактив формада білім алушылар екінші кезеңде ұсынылған материалдармен жұмыс істейді: медиадағы мәтін фрагменттерімен жұмыс істейді, жаттығу орындайды және тағы басқа.

3. Әрекет ет. Үшінші кезеңде курстың маңызды мақсаттарының бірі іске асырылады — мінез-құлықты қалыптастыру. Сабақтың бұл кезеңінде білім алушылар әлеуметтік желілерде ұлттық, діни ерекшеліктер және тағы басқа бойынша «өшпенділік тілінің», этикаға қайшы әрекеттің белгілі бір көріністеріне кезіккендегі жеке тәжірибесін талқылайды.

4. Қорытынды шығару. Сабақтың төртінші кезеңінде ой түйінделеді, тұжырым жасалады, қорытынды шығарылады, алынған ақпарат, жүргізілген жұмыс туралы пікір, әсер алмасу болады.

Ақпаратқа шолу жасау

Ақпаратқа шолу жасау деп курстың белгілі бір тақырыбының теория бойынша минимумын түсіну керек, ол тақырыпты сипаттайтын мәтіннен, оның жаттығулар, тапсырмалар, кейстер, сұрақтар қосылған қысқаша конспектісінен тұрады. Шолудың тілінде термин неғұрлым аз, қарапайым. Курс авторлары оқытушылар сабақ үшін ақпаратты оңай табу принципін еске түсіргені жөн деп есептейді, бұл олардың ақпаратқа жасалатын шолу мен сабақ тақырыбын тұжырымдамалық негізден немесе «ауырлық ортасынан» ажырамай кеңейтуіне, толықтыруына септігін тигізеді.

Қосымша материал

Материалдар тізімі оқытушының сабақ мазмұнын дұрыс шамалауына, «Өшпенділік тілі» курсы мазмұнын жақсы түсінуіне көмектеседі. Тізімдегі материалдар студенттердің өз бетімен ізденуі, зерттеу және жобалау қызметін ұйымдастыру үшін ұсынылуы мүмкін.

Дереккөздер тізімі

Тізім осы курс бойынша сабақ өткізетін оқытушы білуі әрі қолдануы керек негізгі дереккөздерден тұрады.

«Өшпенділік тілі» курсының материалдарын журналистикаға қатысты пән оқытушылары ғана емес, педагогика, филология, лингвистика, құқықтану мамандықтары студенттеріне білім берушілер де қолдана алады. Бұған қоса, курс материалдары өз елдерінде азаматтық білім беруді, медиа және ақпарат бойынша сауатты дамытумен айналысатын коммерциялық емес ұйымдарға және медиа-сауатты дамытуға мүдделі жеке адамдарға пайдалы болуы мүмкін.

«Өшпенділік тілі» оқу-әдістеме құралының тест тапсырмалардан, қызық фактілерден және оқытудың интерактив әдістеріне қатысты глоссарийден тұратын қосымшалары бар. «Қызық фактілер» қосымшасының міндеті — курс тақырыбына қатысты елеулі оқиғалар туралы фактографиялық мәлімет ұсыну. Қосымшада келтірілген қызық фактілердің, хикаялардың арқасында оқытушы түсіндірілетін материалға иллюстрациялар жасай алады, бұл оқушылардың алынған білімді бекітуіне көмектеседі.

Қырғыз Республикасы, Қазақстан Республикасы, Тәжікстан Республикасы және Өзбекстан Республикасының жоғары оқу орындары оқытушыларына арналған «Өшпенділік тілі» оқу-әдістеме құралы Еуропа Одағы қаржыландыратын және ERIM (Equal Rights & Independent Media (Франция), «БАҚ-ты қолдау орталығы» қоғамдық қоры (Қырғыз Республикасы), «MediaNet халықаралық журналистика орталығы» қоғамдық қоры (Қазақстан Республикасы), «Өзбекстан Республикасы қазіргі заманғы журналистиканы дамыту орталығы» қоғамдық ұйымы мен «Гурдофарид» қоғамдық ұйымы (Тәжікстан Республикасы) жүзеге асыратын BRYCA жобасының арқасында жасалды.

1-сабақ

1-тақырып

«Өшпенділік тілі»:
формалары, белгілері, жіктелуі
және негізгі ұғымдары



Тақырыпшалар

- «Өшпенділік тілі» деген не, оның мақсаты мен қолданыстағы түрлері
- «Өшпенділік тілі» белгілері. Әлеуметтік желілер үшін "өшпенділік тілінің" "тиімді" болу себебі және ол ұрындыруы мүмкін жайттар
- «Өшпенділік тілінің» жіктелуі: «жұмсақ», «орташа», «қатты» және болуы мүмкін басқа да негіздер

Пәндер интеграциясы

«Қазіргі қырғыз тілі», «Қазіргі орыс тілі», «Қазіргі қазақ тілі», «Қазіргі тәжік тілі», «Қазіргі өзбек тілі», «Ана тілінің стилистикасы мен сөйлеу мәдениеті», «Журналистика негіздері», «Журналист этикасы», «Медиаэтика», «Сыни ойлау негіздері», «Медиа және ақпарат бойынша сауат».

Сабақ мақсаттары

Танымдық:

- студенттер «өшпенділік тілі» ұғымына анықтама бере алады;
- студенттер «өшпенділік тілінің» мақсатын, белгілерін, әлеуметтік желілерде, онлайн коммуникацияда қолдануға не себепті «тиімді» болып тұрғанын анықтай алады.

Әлеуметтік-эмоциялық:

- студенттер өз өміріне «өшпенділік тілінің» ықпалы қандай болатынын анықтай алады;
- студенттер «жұмсақ», «орташа» және «қатты» «өшпенділік тіліне» не жататынын түсіндіре алады.

Мінез-құлыққа қатысты:

- студенттер «өшпенділік тілі» лексикасын қолданбауға қатысты ұстанымы мен мотивациясын түсіндіре алады;
- студенттер қарым-қатынаста «өшпенділік тілінен» қалай бас тартуға болатыны туралы шешімін түсіндіре алады;
- студенттер «келісім тілін», толерант, дұрыс лексиканы насихаттау амалдарын ұсына алады.

Сабақ өткізу уақыты	1 сағат 20 минут
Сабақ өткізу әдістері	Дискуссия, шағын дәріс, ашық және жабық сұрақтар, ақпарат көздерімен, карточкалармен жұмыс істеу, слайд көрсету.
Бағалау әдістері	Өзін өзі бағалау парағы, ақпарат іздеу жұмысы.
Негізгі ұғымдар	«Өшпенділік тілі», холивар, троллинг, боттар, флуд, флейм, дискриминация, төзімсіздік, стереотип, расизм, ксенофобия, гомофобия, сексизм, коммуникация, астротерфинг.
Қажет ресурстар	Слайдқа басылған немесе флипчартқа жазылған сабақ мақсаттары, видео-проектор, компьютер, түсті қағаз, қайшы, маркерлер, тақта, скотч.



Сабақ жоспары

1. ҮЙІРУ

«КӨБЕЛЕКТЕР» ЖАТТЫҒУЫ: САБАҚТАН
АЛЫНАР НӘТИЖЕЛЕР ЖИЫНТЫҒЫ

Қажет материалдар: түсті қағаздан қиылған формасы мен түсі әртүрлі көбелектер.

Өткізу әдістемесі.

Студенттердің (сабаққа қатысушылардың) бәріне бір көбелектен беріп, сұрақ қою: «Көбелек символы нені білдіретінін білесіздер ме?». Бірнеше жауаптан соң немесе дұрыс жауап болмаған кезде жыл сайын 1 наурыз – Халықаралық дискриминацияға тосқауыл қою күні дүниежүзінің барлық түкпірінде адамдар әралуандықты мерекелеп, дискриминацияның барлық көрінісін жоққа шығару үшін «Құшақ жай да, көмек қолынды соз» ұранымен бірігетінін айту керек.

Жойылған дискриминацияның символы – қайта туу символы ретінде кең танылған көбелек бейнесі.

Студенттерге бір көбелектен таратып, оның бейнесі нені білдіретінін қысқаша айтқан соң олардан сабақ тақырыбына назар аударуды және көбелекке осы сабақта өздері жауабын білгісі келетін үш нақты сұраққа дейін жазуды өтініңіз. Балаларға ойлануға және көбелекке сұрақ жазуға бірнеше ми-

нут беріңіз. Содан кейін әрқайсынан флипчартқа жақындап, сұрақтарын оқып беруді және көбелекті флипчарттың кез келген жеріне жапсыруды өтініңіз.

«ЖЕКЕ ТӘЖІРИБЕ» ЖАТТЫҒУЫ

Өткізу әдістемесі.

Оқытушы студенттерден өздері не жақындары интернеттегі қарым-қатынас барысында «өшпенділік тіліне», дискриминацияға, жеккөрінішті қоздыруға ұшыраған, троллингге, флудқа, флеймге немесе холиварға не тағы сондай нәрсеге тап болған кездердің бірін еске түсіруді және жазуды өтінеді. Оқып беру міндет емес, студент өзі ниет білдірсе ғана тәжірибесін топқа айтып бере алады.

ТАЛҚЫЛАУҒА ҚАЖЕТ СҰРАҚТАР:

- «Троллинг», «флуд», «флейм», «холивар» сөздеріне анықтамаңызды беріңіз.
- Айтып берген оқиғаңыз «өшпенділік тілін», «жеккөрініш тілін», «дискриминация тілін» қолданудың мысалы деуге келе ме?
- «Өшпенділік тілі», «жеккөрініш тілі» дегенді қалай түсінесіз?
- «Өшпенділік тілі» кімге «ұтымды» және ол неге ұрындыруы мүмкін?
- «Өшпенділік тілін» қолданудың қаупі қандай?

- Бүгінде интернеттегі «өшпенділік тілі» көп жағдайда қалай қабылданады деп ойлайсыз?
- «Өшпенділік тілі» құралдары әдейі не абайсызда қолданылуы мүмкін деп есептейсіз бе? Неге? Дәйек келтіріңіз.
- Араларыңызда ешқандай жағдайды еске түсіре/жаза алмағандар бар ма? Неге деп ойлайсыздар?

Оқытушыға арналған ескерту.

Әр тұжырым талқыланған сайын оқытушы белгілі бір терминнің/ұғымның анықтамасы жазылған слайдты көрсетуі керек, яғни дұрыс жауап айтылуға тиіс. Студенттер «Өшпенділік тілі» курсының бірінші сабағында теориялық базаны жақсы меңгерсе, курстың келесі бес тақырыбының ақпаратын оңай қабылдайды. Бұл студенттердің әр тұжырымды сауатты дәйектеуіне де көмектеседі.



2. АҚПАРАТПЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ

Бүгінде «өшпенділік тілін» таратуда әлеуметтік желілер үлкен роль атқарады.

«БОЛАДЫ ЖӘНЕ БОЛМАЙДЫ» ЖАТТЫҒУЫ

Қажет материалдар: Facebook әлеуметтік желісі мұсылман-рохинджаларға деген жеккөрініш туғызып, олардың Мьянмадан қуылуына себеп болғаны туралы 2018 жылғы кейс.

Кейс туралы дереккөз: БҰҰ ресми сайты, BBC сайты, habr.com блогы:

- <https://news.un.org/ru/story/2018/03/1326172> (БҰҰ тергеушілері Facebook-ті рохинджаларға деген жеккөрінішті қоздырды деп айыптады);
- <https://www.bbc.com/russian/features-45499424> (Әлеуметтік желі бирма тіліндегі жеккөрініш туғызатын жазбаларды жылдам өшіруге қауқарсыз болып шықты);
- <https://habr.com/ru/company/ruvds/blog/473806/> (Қалағанымыз осындай интернет пе еді: әлеуметтік медиа қалай адам өлтіретін қаруға айналды?).

Өткізу әдістемесі.

Оқытушы студенттерге Facebook әлеуметтік желісі қалай мұсылман-рохин-

джаларға деген жеккөрініш туғызуға қолданылғаны туралы 2018 жылғы кейспен танысуды ұсынады.

ТАЛҚЫЛАУҒА ҚАЖЕТ СҰРАҚТАР:

- Белгілі әлеуметтік желілердің бірі жеккөрінішті туғызуға пайдаланылып жатқанын неге бірден түсінбеді деп ойлайсыздар?
- Жағдайды бағалау қиын болды ма?
- Жағдайды біржақты сипаттауға бола ма?
- Қандай сөздерді «өшпенділік тілі» деп есептейсіз?
- «Өшпенділік тілін» көргенде қандай эмоцияны сезінесіз?
- «Өшпенділік тілін» қолданғанда кім ұтады, кім ұтылады?
- Жеке қарым-қатынаста, онлайн қарым-қатынаста және мәдениетаралық қатынаста «өшпенділік тілінің» қандай қаупі бар?
- Әрқайсымыз интернет сияқты коммуникация кеңістігіндегі «өшпенділік тілін» жою үшін не істей аламыз?
- Интернеттегі, әлеуметтік желілердегі ақпаратпен жұмыс істегенде нені естен шығармауымыз керек?

Оқытушыға арналған кеңес.

«Өшпенділік тілін» жою үшін әр елде дискриминацияға қарсы заңнама болғаны дұрыс екеніне мән беру керек. Орталық Азия елдерінің конституциясында дискриминацияға тыйым салатын нормалар бар, бірақ олар бұл ұғымның мәнін толық ашпайды, дискриминацияға қарсы жан-жақты қамтитын заңнама болмаған соң дискриминация мен оның түрлерінің халықаралық стандарттарға сай келетін анықтамасы да жоқ, қорғану механизмдері қарастырылмаған. Әрбір елдің дискриминацияға қарсы заңнамасы болғаны маңызды, ол мынадай норматив-құқық актілерінен тұруы мүмкін:

- конституцияның арнайы баптары;
- қол қойылған және ратификацияланған халықаралық құжаттар;
- дискриминацияға қарсы бөлек заңдар;
- қолданыстағы заңдарға, құжаттар мен кодекстерге қорғалған белгілер тізімінде атай отырып енгізілген түзетулер.

Еуропаның тәжірибесін мысалға келтіруге болады. Бұл саладағы міндеттемелер Еуропа Одағының әр мүше-мемлекетінде бір-бірінен айтарлықтай өзгеше түсіндіріледі: елдердің бірінде қылмыстық жауапкершілік тағайындалатын кейбір сөз түрі басқа елде пікір білдіру бостандығы шең-

берінде қорғалуы мүмкін. ЕҚЫҰ-ның «өшпенділік тілі» мәселесі бойынша ұстанымы оған қатысушы мемлекеттер арасында пікір алшақтығы барын көрсетеді. ЕҚЫҰ Министрлер кеңесінің № 10/05 шешімінде «жеккөрініш актілері мен көріністеріне, соның ішінде саяси мәлімдемелердегі жеккөрініш актілері мен көріністеріне бірден және кесімді түрде қарсы шығу қажет екені» баса айтылған, бірақ сонымен қатар пікір білдіру құқығы мен дискриминациямен күрес міндеті арасында тепе-теңдік ұстаған маңызды екені де мойындалады.

Нидерланд тәжірибесі назар аударуға тұрарлық. Нидерландта дискриминацияға қарсы қатал заңнама қабылданған, заңсыз материалды жою үшін 95% жағдайда оны авторларына немесе сайт иелеріне жай ғана көрсету жеткілікті. Бәрі жергілікті қоғамдық қорлардың бірінің «өшпенділік тіліне» үн қатуынан басталған еді. «Маджента» қоры интернеттегі дискриминацияға қатысты шағымдар бөлімі арқылы интернеттен «өшпенділік тілінің» мыңнан астам үлгісін өшіртті. Ол үшін қор авторларға немесе сайт иелеріне «өшпенділік тілі» қолданылған контентті өшіру туралы талап жолдаған.

Тағы бір жақсы тәжірибенің үлгісін Норвегия көрсетіп отыр. Норвегия

үкіметі 2016-2020 жылдарға арналған «Өшпенділік тілімен» күрес жөніндегі іс-әрекет жоспарын қабылдады. Ведомствоаралық іс-әрекет шеңберінде Жергілікті басқару және жаңғырту министрлігінің басшылығымен дискриминацияның түрлі формасымен күресуге бағытталған білім беру бағдарламалары жасалды; толеранттық пен келісім мәдениетін насихаттауға қаржы бөлінді, интернеттегі және күнделікті өмірдегі дискриминация оқиғаларына мониторинг пен зерттеу жүргізілді. Іс-әрекет жоспарында «мектептер мен университеттер оқушыларға көптүрлілікті құрметтеу мен мойындауды және «қолдамайтын дауыстар қоғамдастығында» өмір сүруді үйретуде маңызды роль атқаратыны» ерекше көрсетілген. Мұның демократия мен адам құқықтары тақырыбын оқытуға тікелей қатысы бар, ол — Норвегиядағы білім беру саласы міндеттерінің бірі және білім берудің базалық деңгейінің оқу бағдарламасына кіреді.

Біздің аймақтағы елдерде «өшпенділік тіліне» қарсы тұру үшін халық арасында, әсіресе жасөспірімдер мен басқа да жастар арасында медиа және ақпарат бойынша сауатты кең таратқан маңызды. Медиа және ақпарат сауатын дамыту — жастарға сыни ойлауды үйретудің шешуші амалдарының бірі. Бұл ақпаратты неғұрлым түсініп қабылдауға, фейкті, өтірікті шындық пен фактілерден ажырата білуге және «өшпенділік тілінің» ықпалына берілмеуге септігін тигізеді. «Өшпенділік тілінің» қаупі өте көп. Ол туралы біліп, оған қарсы тұра алу керек. Ең әуелі «өшпенділік тілінің» көпшілік сферасына енген адам нақты жау іздемейтінін атап өткен жөн — ол жауды ойдан шығарады, күнделікті ортасынан

ат қойып, жасап алады. «Өшпенділік тілінің» тағы бір қаупі қазіргі қоғам жаһанданып жатқанда оған объектив баға беретін өлшемдер шекарасының нақты болмауына байланысты: «қарапайым түсінік экстремизм немесе дискриминация жағдайларын «тәуелсіздікті қорғау», «ұлттық намысты қорғау», «дәстүрді нығайту» және тағы басқа деп бағалап жатады». «Өшпенділік тілінің» манипуляция жасайтын қасиеті де бар екенін айта кету керек, оның көмегімен «түпкі ниетті өте оңай жасырып, бір нәрсенің орнына басқа бірдеңені айтуға болады». Бірақ бұл «Өшпенділік тілі» курсының келесі тақырыптарында айтылады.



3. ӘРЕКЕТ ЕТ

Қажет материалдар: түсті карточкалар, скотч, маркерлер.

«СТЕРЕОТИПТЕРДІ БҰЗУ МЕН «ӨШПЕНДІЛІК ТІЛІНЕ» ҚАРСЫ ТҰРУ ЖОЛДАРЫН ІЗДЕУ» ЖАТТЫҒУЫ

Өткізу әдістемесі.

Оқытушы студенттерге 3-4 адамнан шағын топтарға бірігуді ұсынады. Содан кейін пікірлер жазылған карточкаларды таратады. Студенттердің міндеті — карточкалардан «өшпенділік тілінде» жазылған пікірлерді табу және «келісім тілін» қолданып, мүмкіндігінше қайта құрастыру. Содан кейін жалпы топқа оқып беру. Талқылау және қорытынды жасау.

Ескерту. Оқытушы Facebook әлеуметтік желісі Мьянмадағы мұсылман-рохинджаларға деген жеккөрініш туғызғаны туралы материалдар жарияланған:

- BBC сайтындағы: <https://www.bbc.com/russian/features-45499424>;
- БҰҰ ресми сайтындағы: <https://news.un.org/ru/story/2018/03/1326172>;
- <https://habr.com/ru/company/ruvds/blog/473806/> блогындағы

жазбалардың скриніндегі/фотосындағы сөздерді қолдана алады.

Екінші нұсқа. Оқытушы студенттерді шағын топтарға біріктіріп, «Өшпенділік тілінің белгілері қандай?» деген сұрақ туралы ойлануды, талқылау нәтижесін флипчартқа жазуды, оны жалпы топқа айтып беруді және қорытынды жасауды тапсырады.

«ӨШПЕНДІЛІК ТІЛІ» БЕЛГІЛЕРІ

- «Біз» және «олар», «өзіміз» және «басқалар» болып бөліну.
- Халық топтары арасындағы сенімсіздік пен алауыздықты қолдау, адамдардың жалпы адамзат құндылықтары төңірегінде бірігуіне кедергі болу.
- Этностық немесе әлеуметтік топ, тұтас бір ел аяқ астынан «жаман» атанады.
- «Біз оларға қарсымыз» деп кереғар қою.
- Фейк, жалған ақпарат.
- Дискриминация, дегуманизация (азғын етіп көрсету).
- Кемсітетін лексика.
- Адамдардың белгілі бір әлеуметтік/ұлттық/діни/басқа да тобына қарсы әрекетке үндеу (анық, жасырын).
- Манипуляция.
- Сыни ойдың болмауы.
- Ақпарат пен медиа бойынша сауаттың болмауы.

Оқытушыға арналған кеңес.

Студенттерге жастардың «өшпенділік тілін» қолдану деңгейін төмендетуге бағытталған түрлі жастар бастамасын мысалға келтіру керек. «Жеккөрініш тіліне жол жоқ» (No Hate Speech Movement) қозғалысының тәжірибесін айтуға болады. Бұл қозғалыс — Еуропа Кеңесінің жастарға арналған құқық қорғау онлайн кампаниясы. Ол «жеккөрініш тілін» қолдау деңгейін төмендетуге, мәселелерге қоғамды кең араластыруға және интернетте, әсіресе интернетті қолдануды басқару процестерінде жастардың азаматтық белсенділігін арттыруға бағытталған. Бағдарлама аясында блогерлер мен жас белсенділерге сабақ өткізіледі, мұнда олар интернетте «өшпенділік тіліне» ұшырасқан жағдайларын және онымен күресу амалдарын тату атмосферада өзара талқылайды.

Өзімізге «Интернеттегі «өшпенділік тіліне» қарсы тұру үшін әрқайсымыз не істей аламыз?» деген сұрақ қойған кезде тағы бір ел мен тағы бір жастар ұйымының тәжірибесін үлгі етуге болады. Әңгіме АҚШ пен ондағы «Жеккөрінішке қарсы серіктестер» аталатын жастар коалициясы туралы. Коалиция «Интернеттегі жеккөрініш: оқытушылар мен ата-анаға арналған ақпараттық анықтамалық» деп аталатын анықтамалықты жарыққа шығарды, ол ата-анаға, оқытушыларға, кітапхана жұмысшыларына және қоғамның басқа да мүшелеріне жастардың интернеттегі жеккөрінішті анықтауына және оны жеңуіне септігі тиетін инструменттер жиынтығын ұсынады.



4. ҚОРЫТЫНДЫ ШЫҒАРУ

Не білдім? Не үйрендім?

Тақырыпты бекіту үшін студенттерге мынадай тапсырма беріледі:

2019–2020 жылдары елдің жетекші бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған белгілі бір әлеуметтік топқа қатысты орыс тіліндегі 15, мемлекеттік тілдегі 15 мақалаға интернет-қолданушылар «жұмсақ», «орташа» және «қатты» деңгейлі «өшпенділік тілін» (Александр Верховскийдің жіктеуі) қолданып жазған пікірлерді жинау.



Ақпаратқа шолу жасау

Бүгінде кез келген жастағы адамдар үшін, әсіресе жастар үшін негізгі коммуникация кеңістігі — интернет. Виртуал қарым-қатынасқа қолданылатын электрон құрылғылар тізімі айтарлықтай кеңейді. Жастар күн сайын уақытының көп бөлігін интернетте өткізеді және олардың басым көпшілігіне бұл — достармен арадағы күнұзақ үзілмейтін қарым-қатынастың негізгі амалы. Жастардың көбі үшін интернет — негізгі табыс көзі, кәсіби қызмет пен өзін өзі таныту алаңы. Жастар электрон ресурстарды ақпарат іздеуге, оқу материалдарын (презентация, жобалар және тағы басқа) дайындауға, ойын-сауық және басқа да мақсаттарға пайдаланады.

«Өшпенділік тілі» курсы ең әуелі ЖОО студенттеріне арналған. Бүгінде студенттер аудиториясы көп жағдайда ұлт жағынан әртүрлі, сондықтан студенттерге бірінші кезекте сөйлеу агрессиясында және «өшпенділік тілінде» байқалатын, тәжірибеге қарағанда, олар үшін агноним болып көрінетін терминдердің мағынасын түсіндіру керек. Олар — дискриминация, экстремизм, ксенофобия, гомофобия, расизм, сексизм, национализм, антисемитизм, этноцентризм, толеранттық, саяси дұрыстық сияқты терминдер.

Желідегі (виртуал) коммуникацияның өз ерекшеліктері бар. Ерекшеліктер деп қарым-қатынастың виртуал

дығы мен анонимдігін, адамның өзін қайта-қайта әрі жылдам танытуына мүмкіндік беретінін, желідегі қарым-қатынаста өзіңді ойдан шығарылған атпен таныстыруға болатынын және бір мезетте бірнеше никнеймді қолдануға болатынын айта аламыз. Желідегі немесе интернеттегі қарым-қатынастың мейлінше еркін сипаты мен өзіне тән тіл ерекшеліктері бар: эмоцияға толы болуы, сөз қолданылатын және сөз қолданылмайтын ақпараттың үйлесуі, тіл құралдарын өзгеше қолдану. Ауызша және жазбаша тілдің шекарасы көрінбей қалады. Желідегі (виртуал) коммуникацияда агрессиясы бар коммуникатив стратегиялар мен тактикалар және сөйлеу агрессиясы құралдары, оның салдарынан «өшпенділік тілі» де (ағылшынша Hate Speech) тым көп қолданылады.

«Өшпенділік тілі» ұғымы мен оның табиғатын қарастырғанда интернетте жиі кездесетін холивар, троллинг, флуд, флейм сияқты төрт агрессив коммуникатив тактиканы айта кету керек.

Холивар (ағылшынша Holy War — киелі соғыс) — шешімі жоқ мәселеге қатысты түбегейлі кереғар көзқарас ұстанатын адамдар арасындағы дау. Мысалы, «шабдалы дәмді ме, нектарин дәмді де?» деген сияқты.

Троллинг — интернеттегі қарым-қатынаста қолданылатын әлеуметтік

араңдату немесе келемеждеу формасы, оны көптің аузында жүруге, танымал болуға, эпатажға ұмтылатын түр-тұлғасы анық қолданушылар да, жеке басын анықтау мүмкін болмайтын аноним қолданушылар да пайдаланады.

Флуд (ағылшынша Flood — су тасқыны) — интернетте қолданушылардың талқыланатын тақырыпқа қатысы жоқ мағынасыз хабарламалар алмаса әңгімелесу тәсілі. Әдетте флуд форумдар мен чаттарда әңгімені басқа жаққа бұру немесе троллинг үшін қолданылады. Мұндай хабарлама тарататындарды флудер дейді.

Флейм (ағылшынша Flame — от, жалын) — «әйтеуір дауласу үшін дауласу», көп қолданушы қатысатын сөйлесу орындарындағы (интернет-форумдар, чаттар, әлеуметтік желілер және тағы басқа) әдетте даудың бастапқы себебіне қатысы жоқ керіс.

«Өшпенділік тілі» терминіне (жеккөрініш сөзі, жеккөрініш тілі, жеккөрініш үгіт-насихаты, жеккөрініш туғызу, жеккөрініш себебімен айтылған сөз, ағылшынша Hate Speech) ресми халықаралық құжаттар мен зерттеушілер түрліше анықтама береді.

Қазіргі кезде оның жағымсыз сөздерді белгілейтін бірқатар анықтама-сы бар: «сөз экстремизмі», «сөйлеу (тіл) агрессиясы», «сөйлеу демагогиясы», «сөйлеу (тіл) жанжалы», «сөзбен зорлық-зомбылық жасау», «сөйлеу (тіл) манипуляциясы». «Өшпенділік тілі» — «келісім тіліне» қарама-қарсы ұғым. Келісім мінез-құлық пен қарым-қатынас құндылығы ретінде бәрінен бұрын ортақ көзқарас, ортақ ұстаным, ортақ өмір салты ұғымдарымен астасып жатыр.

«Өшпенділік тіліне» бір адамды немесе адамдар тобын кемсіте айтылған және олардың этнос, тарихи-мәдени шығу тегі, ұлты, діні, гендер болмысы, сексуал ориентациясы, мүгедектігі сияқты сипаттарына негізделген сөз деп анықтама беруге болады. Сол сияқты «өшпенділік тіліне» бейнелерде, видеожазбаларда немесе интернет пен күнделікті өмірдегі коммуникацияның басқа да кез келген формасында болатын бейвербал (сөз қолданылмайтын) көріністер де жатады.

«Өшпенділік тілінің» мақсаты — коммуникация құралдарын қолданып, төзімсіздікке негізделген жеккөрініштің барлық түрін қоздыру, өршіту немесе ақтап алу. «Өшпенділік тілінің» коммуникациясы қандай да бір адамдар тобына немесе жеке индивидуумдарға қатысты стереотиптерге, негатив тұжырымдарға және жалған сенімдерге сүйенеді. «Өшпенділік тілімен» кез келген адамды кемсітуге болады.

Сөйлеу агрессиясын зерттеуші белгілі маман Юлия Щербининаның пікірінше, «неғұрлым кең мағынада «өшпенділік тілі» — адамдарды санадан тыс (түпсанамен) немесе біле тұра агрессияға баурау итермелейтін сөздер мен тіл қолданыстары, агрессияны іске қосатын тетік». Автор «өшпенділік тілі» «бөтен», әдеттен тыс, адамдардың белгілі бір әлеуметтік немесе мәдени қауымының қалыптасқан стереотиптерінен айырмасы бар барлық нәрсеге деген жеккөрінішті білдіруге қолданылатынына ерекше мән береді. «Өшпенділік тілінің» таралу аймағы айрықша кең екенін айта кеткен дұрыс: ол әртүрлі тәжірибеде қолданылады — ресми, кәсіби салаларда да, тұрмыста да; оны саясаткерлердің сөзінен де, зейнеткерлердің әңгімесінен де, студенттердің, мектеп оқушыларының аузынан да, ерлі-зайыптының сөйлесуінен де кездестіруге болады. Юлия Щербинина «өшпенділік тілі» «ешкімге білдірмей, қазіргі

коммуникацияның әмбебап тіліне айналатынын, тұрмыстағы қарым-қатынас деңгейінен әлеуметтік жинақтау деңгейіне дейін жылдам көтерілетінін, шекара мен аумақ дегенді білмейтінін, себебі бүкіл сөйлеу кеңістігін, коммуникацияның барлық саласын түгел жайлайтынын» айтады.

Назар аударуға болатын тағы бір анықтама: «Өшпенділік тілі» — кейбір топқа жеккөрінішті білдіруден басқа мағынасы жоқ, заң бойынша қудаланатын коммуникация, әсіресе сондай коммуникация зорлық-зомбылыққа себеп болуы мүмкін жағдайда жеккөрініш білдіру. Бұл ең әуелі — нәсіл, этнос ерекшелігі, ұлттық шығу тегі, жынысы, діни сенімі, сексуал ориентациясы және тағы басқа бойынша айқындалатын адамдар тобына қатысты жеккөрінішке айдап салу».

Еуропа Кеңесі «өшпенділік тіліне» «нәсілшіл жеккөрінішті, ксенофобияны, антисемитизмді немесе жеккөрініштің төзімсіздікке негізделген басқа да кез келген формасын, соның ішінде ұлтшылдықты, этноцентризмді және мигранттар мен иммиграция көргендердің балаларына деген алауыздықты тарататын, үгіттейтін, ынталандыратын немесе ақтайтын сөздердің кез келген түрі» деген анықтама береді. Жеккөрініштің басқа да формаларына исламофобияны, христианофобияны, цыгандарға, еврейлерге және басқаларға қарсы көңіл-күйді жатқызуға болады.

Ең танымал видеохостинг YouTube «өшпенділік тілін» «жеке адамдарға немесе адамдар тобына қатысты нәсілі немесе ұлты; діні; мүгедектігі, жынысы, жасы, ардагер мәртебесі; сексуал ориентациясы немесе жынысы сияқты белгілі бір ерекшелігі бойынша зорлық-зомбылыққа немесе жеккөрінішке үндейтін сөздер» деп сипаттайды.

БҰҰ-ның нәсілдік кемсітушілікті жою жөніндегі комитеті «өшпенділік тілін» «адамның қадір-қасиеті мен теңдігінің негізгі принциптерін жоққа шығаратын және жеке адамдардың немесе халық топтарының мүддесін қоғамның алдында төмендетуді көздейтін, айналадағыларға қарата айтылатын сөйлеу формасы» деп түсінеді.

2016 жылы Еуропа комиссиясы мен әлеуметтік желілердің төрт негізгі платформасы Интернеттегі «өшпенділік тіліне» қарсы тұруға арналған мінез-құлық кодексін қабылдады. Бұл құжатта Еуропада мұндай контентті таратуға қарсы тұру мақсатында Facebook, Twitter, YouTube және Microsoft компаниялары бекіткен міндеттемелер бар.

«Өшпенділік тілі» туралы мағлұмат беруді арттырып, жеккөрініштің барлық көрінісімен, соның ішінде киберөлшеммен де күресу үшін Еуропа Кеңесінің Бас хатшысы 2013 жылғы 22 наурызда «Жеккөрініш тіліне жол жоқ» (No Hate Speech Movement) жалпыеу-

ропалық кампаниясын бастады. Бүгінде оны 42 елдің ұлттық комитеттері іске асырып жатыр. Кампания – Еуропа Кеңесінің зорлық-зомбылық экстремизмімен және терроризмге ұрындыратын радикализациямен күрес жөніндегі іс-әрекет жоспарының және Инклюзив қоғамдастық құру жөніндегі іс-әрекет жоспарының бір бөлігі. Адам құқықтары саласы бойынша білім беру арқылы интернеттегі «өшпенділік тілімен» күресуге арналған Bookmarks («Бетбелгілер») сияқты оқу құралдарын жасау жеккөрінішке қарсы қозғалыстың білім беру бағытын күшейтеді.

«Өшпенділік тілінің» екі формасы бар. Ашық айтылған, айқайлап тұрған, стереотиптерге, ярлықтарға және клишелерге толы болса, бұл – «өшпенділік тілінің» блатант формасы. Дүниежүзінің көп елінде мұндайды қудалайтын заң бар. «Өшпенділік тілінің» тікелей қорлау мәні жоқ жасырын, анық емес түрімен жұмыс істеу әлдеқайда қиын. Мұндай форманың мақсаты – азшылықтардың заңды екенін жоққа шығару (делегитимация). Израиль психологы Даниэль Бар-Талдың айтуынша, «санатқа қосу мәселесі қаралып жатқан топты делегитимациялау оны адамға қатысы бар деп танудан бас тарту болып есептелуі мүмкін».

**«ӨШПЕНДІЛІК ТІЛІ» БЕЛГІЛЕРІ.
ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕР ҮШІН "ӨШПЕНДІЛІК
ТІЛІНІҢ" "ТИІМДІ" БОЛУ СЕБЕБІ ЖӘНЕ ОЛ
ҰРЫНДЫРУЫ МҮМКІН ЖАЙТТАР**

Бүгінде «өшпенділік тілі» деңгейіне не нәрсе ықпал етуі мүмкін? «Өшпенділік тілін» көріп тұрғанымызды қандай белгілерге қарап анықтай аламыз?

Медиа практиктері мен теоретиктерінің пікірінше, «өшпенділік тілінің» пайда болуы мен таралуына қоғамның экономикалық, әлеуметтік және саяси өміріндегі дағдарыс әсер етуі мүмкін. Бұл жайт қоғамда жеккөрініш деңгейінің артуына, агрессияның көбеюіне ықпал етеді. Ол бірден виртуал кеңістікте, әлеуметтік желілерде, интернет беттерінде байқалады. «Өшпенділік тілі» офлайн кеңістіктен дереу онлайнға көшеді. Бақылаулар мен зерттеу нәтижелері «өшпенділік тілі» онлайн кеңістікте көп екенін растайды. Мысалы, MediaNet халықаралық журналистика орталығы жүргізген «Қазақстандағы әлеуметтік желілерде «өшпенділік тілін» бақылау» атты зерттеуге қарағанда, Facebook-тің қазақ тіліндегі сегментінде анық этностық немесе діни дискриминацияны білдіретін «қатты өшпенділік тілі» салыстырмалы түрде көп таралған.

Интернет желісін қолданушылар арасындағы «өшпенділік тіліне» психологиялық проблемалар мен кедейліктен, теңсіздіктен, дискриминациядан, жеке өмірдегі сәтсіздіктен, отбасындағы, балалармен, ата-аналармен арадағы қиындықтардан, кәсіби жетілуге жағдай болмағаннан туындаған күйзелістер де әсер етуі мүмкін.

Аталған жайттардың бәрі адамды әлеуметтік желілерде агрессия көрсету арқылы өзін мойындатуға тырысуына итермелеуі мүмкін, «өшпенділік тілі» арқылы ол шынайы өмірдегі ұдайы шиеленістен туған күйзелістен арылады. Әлеуметтік желілерге «өшпенділік тілі» ыңғайлы бола бастады. Жасырын никпен өзгелерге тіл тигізуге, шабуылдауға болады. Шабуылға әйелдер, ерлер, гейлер, басқа этнос, табысты мол таныс адамдар және тағы басқалар ұшырауы мүмкін. Бұл жағдайда қолданушы негатив энергиясын тарату үшін кез келген себепті пайдаланады.

«Өшпенділік тілін» біртіндеп көбейтудегі мақсат — дискурсив кеңістіктің ұлғаюына ықпал ету, кейбір топқа жеккөрініш туғызу, қоғамды агрессиялы күйге түсіру. Арандату, дискриминация, экстремизм сипатындағы бірлі-жарым хабарлама әлдеқандай ерекшелігі бар жаппай коммуникатив әрекетке айналғанын байқауға болады. Медианы зерттеушілердің пікірінше, «троллядау» етістігінің өзі әлдеқашан виртуал болу шегінен шықты, оған көптің ауызекі тілінен де, тіпті дәстүрлі баспасөзден де орын табылды, бұл қазіргі заманның арандатуға тырысу мен сөзге жауап бермеу сияқты келеңсіз тұстарын көрсетіп отыр.

Сонымен бірге «өшпенділік тілі» адамдардың кейбір тобының бірдеңені қабылдауға құлықсыздығынан көрінуі мүмкін. Феминитивтерге қатысты

жағдай сондай болды. Біздің ойымызша, феминитивтер — тамаша мысал. «Авторка», «редакторка», «психологиня», «блогерка». Неге екені белгісіз, «хайп», «флекс» сияқты жаңа сөздер бүгінде дәл феминитивтер сияқты қоғамның сыны мен наразылығына ұшыраған емес. Зерттеушілердің пікірінше, бұған біздің қоғамда андроцентризм, яғни дүниені ерлерге қатыстыра тану кең тарағаны себеп.

Осылайша «өшпенділік тілі» өзара қарсы қоюға, қандай да бір топқа жеккөрінішті білдіруге пайдалануға болатын айырмашылыққа көбірек сүйенеді. Бұл — нәсіл, ұлт, дін, гендер және тағы басқа белгі бойынша ажыратылатын адамдар тобына қатысты жеккөрінішке айдап салу. Нәсілдік, этностық, діни топтарға, әйелдерге, басқа да азшылық өкілдеріне тіл тигізу деп есептелетін кез келген сөз формасын «өшпенділік тілі» дей аламыз.

«Біз» және «олар», «өзіміз» және «басқалар» деп бөліну және «біз оларға қарсымыз» деп кереғар қою ғана емес, тұтас елді, этностық немесе әлеуметтік топты, жеке адамды «дұшпан», «жаман» деп мәлімдеу де «өшпенділік тілінің» белгісі бола алады. Қазіргі коммуникацияда «біздікі-бөтен» антирезасы тұрмыс деңгейінде, ауызекі тілде де, саясаткерлердің сөзі мен журналистердің, блогерлердің материалдарында да айтарлықтай жиі кездеседі. Онлайн және офлайн коммуникациядағы «өшпенділік тілі» белгілеріне манипуляция мен оның түрлі формасы, дискриминациялайтын лексиканы қолданып сөйлеу де жатады. Сыни ойдың, ақпарат және медиа бойынша сауаттың болмауы да — «өшпенділік тілінің» қазіргі заманғы белгілері.

«Өшпенділік тілінің» тағы бір белгілері — фейктер, жалған ақпарат. Хабарлама жолдаушылар сол арқылы идеяларын, көзқарастарын, түсініктерін насихаттайды немесе қоғамды белгілі бір әрекетке итермелейді.

«Сова» ақпарат-талдау орталығының сарапшылары (Ресей Федерациясы) «өшпенділік тілін» «келісім тілінен» ажыратуға мүмкіндік беретін **белгілер шкаласын** жасап шығарды. Олардың пікірінше, онлайн немесе офлайн коммуникацияда мына нәрселер байқалса, демек, ол — «өшпенділік тілі»:

- 1) нақты жағдайда объектіні көрсете отырып, соған зорлық-зомбылық жасауға үндеу;
- 2) мақалаларда, құжаттарда, тағы басқаларда пайдалануға болатын құралдар арқылы зорлық-зомбылық жариялау (соның ішінде «Жидтерді ұр!» деген сияқты абстракт үндеумен);
- 3) дискриминацияға үндеу, соның ішінде жалпы ұрандар түрінде;
- 4) зорлық-зомбылық пен дискриминацияға жасырын үндеу (зорлық-зомбылықтың немесе дискриминацияның «жағымды», тарихи немесе қазіргі заманғы үлгілерін насихаттау; «оларға бүйтсе, жақсы болар еді», «баяғыда сөйту керек еді», тағы сол сияқты сөздер);
- 5) мәтіннің немесе оның үзіндісінің арнайы мәнерімен этностық немесе діни топтың негатив образын жасау;
- 6) зорлық-зомбылық пен дискрими-

нацияның тарихи деректерін ақтау;

- 7) зорлық-зомбылық пен дискриминацияның жалпы мойындалған тарихи фактілеріне (мысалы, Ленинград блокадасының, Холосттың маштабына) күмән келтіретін сөздер;
- 8) қандай да бір этностық немесе діни топтың кем дамығаны туралы (мәдениетінің, интеллект мүмкіндіктерінің кемшіндігі, жасампаз еңбекке қабілетсіздігі) тұжырымдар (мысалы, «кавказдықтар базарда ғана жұмыс істейді», «орыстар алқаш»);
- 9) белгілі бір этностық немесе діни топтың тарихи қылмыстары туралы тұжырымдар;
- 10) белгілі бір этностық немесе діни топтың қылмысқа бейімдігі туралы тұжырымдар (мысалы, «цыгандар – ұры»);
- 11) этностық немесе діни топты немесе оның өкілдерінің бәрін кемсітетін немесе қорлайтын контексте айту (соның ішінде қылмыс хроникасында немесе жай ғана сол этноним айтылғанда).

Журналистер қоғам пікіріне әсер ете алатыны белгілі. Материал қалай берілсе, кең аудиторияның белгілі бір тақырыпқа, мәселеге қатынасы да сондай болады. Журналист жалған тұжырымдарға, стереотиптерге жол беріп, «өшпенділік тілін» қолданса, онда жеккөрініш пен өшпенділіктің өршуіне себепкер болады, мұның арты қоғамда зорлық-зомбылыққа, агрессияға ұрындырады. Өкінішке қарай, бүгінде елдерімізде кейбір БАҚ

пен әлеуметтік желі үкімет пен халықтың ғана емес, азаматтардың да өзара гибрид соғысының алаңына айналып отыр.

Тіл агрессиясының екі типі бары айтылады – саналы және санасыз. Бұл тіл агрессиясында троллинг деп аталатын жаңа коммуникация инструменті белсенді қолданылады. *Троллинг* (ағылшыншадан аударғанда «балықты жылтырауықпен аулау») – бүгінде интернеттегі коммуникацияның ажырамас әрі белсенді дамып жатқан сегменті. «Өшпенділік тілінің» бұл инструментінің әдістері – агрессия мен жанжал. Қолданылатын құралдары: арандататын хабарлама, балағат сөз, өтірік, керіс, айдап салу, азғыру. Бұл инструменттің мақсаты – сөйлеушілердің абыройына нұқсан келтіру, дискуссияны өзгерту, талқылауды бос әңгімеге айналдыратын мағынасыз дау – флейм мен флуд құрастыру арқылы назарды талқыланатын мәселеден басқаға аудару. Мысалы, 2020 жылғы 15 шілде мен 15 тамыз аралығын қамтитын «Қырғызстанның сайлауалды дискурсындағы өшпенділік тілі» есебінің бірінші шығарылымында «Бітімгершілік және медиатехнологиялар мектебінің» сарапшылары журналистер әлеуметтік желілердегі жеке адамдарға қатысты троллинг бар ақпаратты мұқият тексермей пайдалана беретінін айтты. «Бітімгершілік және медиатехнологиялар мектебінің» талдауы БАҚ-та саяси партиялардың тізім жасақтағаны, съезд өткізгені немесе кандидаттары сөйлегені туралы жаңалық пайда болысымен-ақ түрлі топқа қатысты жеккөрініш пен дискриминацияға толы сөздер көбейгенін анықтаған. Бұған қоса, әртүрлі тұлғаларға қатысты кемсітетін пікірлер мен троллинг те тіркелген. Бұл фактілер

қоғамдағы дискуссия мәдениеті мен қақтығыс деңгейі қандай екенін көрсетеді.

Медианы зерттеушілердің пікірінше, троллинг дами бермек, жаңа коммуникатив кеңістіктерді (экономика, саясат, ғылым) игере түседі, бәсекелестермен күрес әдістерін жетілдіре түседі.

Кейінгі жылдары интернет-коммуникацияда «өшпенділік тілінің» *астротерфинг* деп аталатын тағы бір инструменті белсенді бола түсті, ол — троллингінің ақша төленетін түрі, мақсаты — жалған қолданушылар арқылы жасанды қоғамдық пікір туғызу. Әдетте мұндай «өшпенділік тілі» агрессия мен жанжал арқылы көрініс береді. Қолданатын құралдары: арандататын хабарлама, бір жазбаны ары қарай тарату, бәріне кінә тағу, керісу, айқай, айтылғанды жоққа шығару. Мақсаты — талқыланып жатқан тақырыпты жоқ қылу, қоғамда қалыптасқан ережелерді бұза отырып, флейм жасау, кемсіту, репутация мен имиджге нұқсан келтіру, фейк тарату, әлдекімдерді сенімнен айыру.

**«ӨШПЕНДІЛІК ТІЛІНІҢ» ЖІКТЕЛУІ:
«ЖҰМСАҚ», «ОРТАША», «ҚАТТЫ»**

«Өшпенділік тілі» шартты түрде «жұмсақ», «орташа» және «қатты» деп бөлінеді. «Өшпенділік тілінің» бірнеше классификациясы бар, олар «өшпенділік тілінің» стратегияларынан да, құралдарынан да тұрады. Ең танымалдары – Александр Верховский, Михаил Кроз бен Наталия Ратинова және Санкт-Петербургтегі Еуропа университеті жасаған классификациялар.

Александр Верховскийдің «өшпенділік тілін» жіктеуі

- «Қатты өшпенділік тілі» – зорлық-зомбылыққа немесе дискриминацияға тікелей немесе делдалсыз үндеу; жалпы ұрандарды қолданып, зорлық-зомбылыққа немесе дискриминацияға үндеу; зорлық-зомбылық пен дискриминацияға астыртын үндеу.
- «Орташа өшпенділік тілі» – дискриминация мен зорлық-зомбылықтың тарихи жағдайларын ақтау; белгілі бір этнос тобының қылмысқа бейімдігі туралы тұжырым айту; қандай да бір әлеуметтік топтың беделіне нұқсан келтіру үшін оның Ресейдің және/немесе шетелдің саяси және мемлекеттік құрылымдарымен байланысы бар екенін айту; қандай да бір этнос тобының материалдық байлық, билік құрылымдарына өкілдік ету және тағы басқа жөнінен үйлесімсіз артықшылығы бар екені туралы

пайымдау; белгілі бір әлеуметтік топты «қоғамға, мемлекетке және басқаларға жағымсыз әсері бар» деп айыптау.

- «Жұмсақ өшпенділік тілі» этнос тобының жағымсыз образын қалыптастыру; этнос тобының атауын кемсітетін контексте атау; этнос тобының кем дамығаны немесе моральдық кемшілігі туралы тұжырым жасау; әлеуметтік топты немесе оның өкілдерін кемсітетін немесе қорлайтын контексте атау; ксенофобиямен айтылған сөзден үзінді келтіру немесе сондай мәтінді сұхбат берушінің пікірі мен мәтін авторы (журналистің) ұстанымының ара-жігін білдіретін тиісті түсініктемесіз жариялау; газеттен анық ұлтшылдық үгіт-насихатқа редакцияның түсініктемесінсіз немесе басқа пікірсіз орын беру.

Михаил Кроз бен Наталия Ратинованың «өшпенділік тілін» жіктеуі

- «Жалған идентификация». Этносқа қатысты стереотипті, ұлттың, нәсілдің, діннің және тағы басқалардың жағымсыз образын қалыптастыру мен күшейту.
- «Жалған атрибуция». Дұшпандық іс-әрекет пен қауіпті пиғылды белгілі бір ұлттың, нәсілдің, діннің және басқаның өкілдеріне телу.

- «Өтірік қорғану». Белгілі бір ұлтқа, нәсілге, дінге, тағы басқаға қарсы іс-әрекетке қозғау салу.

Еуропа университетінің классификациясы барлық мәтінді екі санатқа бөледі:

- «БІЗ» тобы және «ОЛАР» тобы болып бөліну белгілері бар салыстырмалы түрде жұмсақ «өшпенділік тілінен» тұратын мәтіндер;
- «ОЛАР» тобына қатысты жағымсыз іс-әрекетке үндейтін қозғаушы конструкциялары да бар салыстырмалы түрде қатты «өшпенділік тілінен» тұратын мәтіндер.

«Өшпенділік тілін» қарапайым интернет-қолданушылар ғана пайдаланбайтынын бұған дейін айтқан едік. «Зорлық-зомбылық лексикасын» жоғары лауазымды мемлекет, қоғам қайраткерлерінен, саясаткерлерден естіп, олардың айтқандарын оқып жатамыз. Бұл – қоғамдағы әлеуметтік, саяси процестердің, білім беру деңгейінің, мәдениет нормалары мен құндылықтарының көрінісі. Әрі бұл бір адамның да, адамдар тобының да, тұтас елдің де өміріне қауіпті болуы мүмкін (Мьянма кейсін еске түсірейік).

Мұндай лексиканы қолданған автор қоғамда зорлық-зомбылық, өшпенділік тілін тікелей не астыртын түрде орнықтырады. Кейде қоғамға қайырыла сөйлегенде екпінді дұрыс қоюды және сөзді дұрыс таңдауды ұмытып кететін саясаткерлердің пікірі ең көп қауіп төндіреді. АҚШ-тың бұрынғы президенті Дональд Трамптың Twitter-дегі риторика мен «өшпенділік тілі» лексикасына толы сөздерін

мысалға келтіруге болады. Оның кейбір елге қатысты «өшпенділік тілін» қолданып айтқан текетірес риторикасы деструктив медиаықпал қолдануға негіз болғаны сырт көзге анық білінген еді. 2021 жылдың басында Twitter Трамптың аккаунтын біржола бұғаттады, компания мұны «зорлық-зомбылыққа одан әрі айдап салу қауіпті» деп түсіндірді. Дүниежүзі бұқаралық ақпарат құралдарының хабарлауынша, әлеуметтік желі қызметкерлері де осыны талап еткен.

Саясаткерлер, соның ішінде оппозиция бағытындағылар мемлекеттік биліктің қазіргі өкілдеріне қарата сөз сөйлегенде «Трамп моделін» жиі қолданады. Толеранттық төзімсіздікке ауысады; адамды құрметтеп сөйлейтін мәнер кемсітетін және менсінбейтін мәнерге айналады; тұлғааралық қатынастарды сипаттайтын сыпайылық оның антиподымен, дөрекілікпен алмасып қоймай, ашық тіл тигізуге де жол беріледі; қарым-қатынастағы сенімнің орнын күмән басады; бұрынғы одақтас енді қарсылас деп қаралады; бұрынғы дос зұлым жау боп кетеді. «Өшпенділік тілінің» «дәлелі» – фактіге сүйену емес, сенімнен айыру, манипуляция, фейктер.

Қосымша материал

1. European Commission and IT Companies announce Code of Conduct on illegal online hate speech (Тақырыптың аудармасы: Еуропа комиссиясы мен цифрлық компаниялар Интернеттегі заңсыз ксенофобиялық пікірлермен күрес жөніндегі мінез-құлық кодексін енгізгенін хабарлады [Еуропа комиссиясының пресс-релизі, 2016 жылғы 31 мамыр] Ағылшын және басқа тілдерде). // URL: <http://europa.eu/rapid/press-releaseIP-16-1937.en.htm/>
2. Интернеттегі адам құқықтары жөніндегі Еуропа Кеңесінің жеккөрініш тілін қабылдау деңгейін төмендетуге және интернетті басқару процесстерінде жастардың онлайн үлесі мен азаматтықты дамытуға бағытталған жастар кампаниясы. (Ағылшын және француз тілдерінде). // URL: <http://www.nohatespeechmovement.org/>
3. Hate on the Internet: A Response Guide for Educators and Families. December 2003 (Тақырыптың аудармасы: Интернеттегі жеккөрініш: оқытушылар мен ата-анаға арналған әрекет ету жөніндегі нұсқаулық, 2003 жылғы желтоқсан) // URL: <http://www.partnersagainsthate.org/publications/index.html/>
4. «Өшпенділік тілін» түсіндіру: практикалық оқулық, 2015 жылғы редакция / Article 19, 2019. // URL: <https://www.article19.org/wp-content/uploads/2015/12/A19Hate-Speech-Report-2018Russian.pdf>
5. Зорлық-зомбылық экстремизміне тосқауыл қою жөніндегі әдіс-тәме құралы, — ЮНЕСКО, 2016. // URL: <http://unesdoc.unesco.org/images/0024/002446/244676r.pdf>
6. В. Лихачев. Өшпенділік тілі: көпшілік пікірталаста бұған қалай жол бермеуге болады? Журналистерге арналған техника. [Электрон ресурс: «Бітімгершілік және медиатехнологиялар мектебі» жобасы тренері мастер-класының видеожазбасы (School of Peacemaking and Media Technology)]. // URL: <http://www.ca-mediators.net/ru/vebinary/42-yazyk-vrazhdy-kak-izbezhayetogov-publichnoy-diskussii-tehniki-dlyazhurnalistov.html>
7. Council of Europe. Bookmarks — A Manual for Combating Hate Speech Online Through Human Rights Education, 2016. (Тақырыптың аудармасы: Бетбелгілер: интернеттегі жеккөрініш тілімен адам құқықтары саласындағы білім беру арқылы күресу жөніндегі оқу құралы). // URL: <https://rm.coe.int/168065dac7>
8. Уиллаби [Willoughby] Б. Студенттер ортасында жеккөрінішпен күрестің 10 әдісі: студент-белсенділерге арналған әрекет ету жөніндегі нұсқаулық [10 Ways to Fight Hate on Campus: A Response Guide for College Activists]. — Southern Poverty Law Center, 2004.
9. Көшбасшы құрдастар: мектептері мен қауымдарында өзгеріс көзі болмамын деген жастарға қалай көмек-

тесу керек [Peer Leadership: Helping Youth Become Change Agents in their Schools and Communities] / Жек-көрінішке қарсы серіктестер, 2002 жылғы шілде.

10. Трамп Twitter-де біржола бұғатталды – әлеуметтік желі қызметкерлері де соны талап еткен еді. [Электрон ресурс: Meduza, «Оқиғалар» бөлімі] // URL: <https://meduza.io/feature/2021/01/09/tramp-navsegda-zabanili-v-tvittere-posle-togo-kak-etogo-potrebovali-dazhe-sotrudniki-sotsseti>

Негізгі дереккөздер тізімі

1. Верховский, А.М. Тілім менің... Ресей бұқаралық ақпарат құралдарындағы этностық және діни төзімсіздік проблемасы / А.М. Верховский. – М.: «Панорама» орталығы» ӨҚҰ, 2002. PDF форматындағы мақала. // URL: <https://www.article19.org/wp-content/uploads/2015/12/A19Hate-Speech-Report-2018Russian.pdf>
2. Евстафьева, А. В. Бұқаралық ақпарат құралдарындағы «өшпенділік тілі»: қолданудың лингвистикалық және экстралингвистикалық факторлары / А. В. Евстафьева: автореф. дис. ... филол. ғыл. канд. - Тамбов, 2009. - 26 бет.
3. Кожевникова Г.В. Өшпенділік тілі: журналист қателері типологиясы [Электрон ресурс] // «Сова» [Сайт]. // URL: <https://www.sova-center.ru/hatespeech/publications/2006/12/d9803>.
4. Кроз, М.В., Ратинова, Н.А. Эксперттердің өшпенділік пен жеккөрініш туғызуға бағытталған материалдарды бағалауы / М.В. Кроз, Н.А. Ратинова // Жеккөрініш құны. Ресейдегі ұлтшылдық: мақалалар жинағы; құраст. А. Верховский. – М.: «Сова» орталығы, 2005. –75–92-б.
5. Медиа және ақпарат бойынша сауат //Авторлар ұжымы: Лэйла Ахметова, Дмитрий Шорохов, Айгүл Ниязғұлова. ЮНЕСКО-ның Алматыдағы бюросы, 2015. - 36 б.
6. «Өшпенділік тілін» түсіндіру: практикалық оқулық. 2015 жылғы редакция // Article 19. [Электрон ресурс: 7. Чепкина, Э. В. Бәрі бірауыздан: корпоратив баспасөздегі келісім тілі / Э. В. Чепкина // «Известия Уральского государственного университета». – 2006. – № 40. – 136-146-б.
8. Щербинина, Ю.В. Сөйлеу агрессиясы. Өшпенділік территориясы / Ю.В. Щербинина. – М.: Форум, 2012. – 400 б.
9. Қырғыз Республикасының сайлауалды дискурсындағы «өшпенділік тілі». [Электрон ресурс: Орталық Азиядағы Бітімгершілік және медиатехнологиялар мектебі. Бішкек: 9-09-20 күнгі жаңалық ақпараты]. // URL: <http://www.ca-mediators.net/ru/5379-yazyk-vrazhdy-v-perdvybornom-diskurse-monitoring-i-analiz.html>
10. БҰҰ тергеушілері Facebook-ті рохинджаларға деген жеккөрінішті қоздырды деп айыптады. [Электрон ресурс: БҰҰ Орыс жаңалықтар қызметі, 2018]. // URL: <https://news.un.org/ru/story/2018/03/1326172>
11. Facebook мұсылмандарға жеккөрініш туғызуға көмектескен ел. [Электрон ресурс: BBC NEWS. Орыс қызметі, 2018]. // URL: <https://www.bbc.com/russian/features-45499424>

12. Қалағанымыз осындай интернет педі: әлеуметтік медиа қалай адам өлтіретін қаруға айналды? [Электрон ресурс: Хабр: Н. Цаплин. Мақала, 30.10.19]. // URL: <https://habr.com/ru/company/ruvds/blog/473806/>
13. «Сова» ақпарат-талдау орталығының материалдары. // URL: <https://www.sova-center.ru>

2-сабақ

2-тақырып

Сөз бостандығы vs «өшпенділік тілі»



Тақырыпшалар

- «Өшпенділік тілі» мен сөз бостандығының шекарасын анықтау: халықаралық тәжірибе
- Орталық Азия елдеріндегі цензура, пікір білдіру бостандығын шектеу, «өшпенділік тілі» көріністері

Пәндер интеграциясы

«Конституциялық құқық», «Саясаттану», «Конфликтология», «Журналистика негіздері», «Журналист этикасы», «Медиаэтика», «Сыни ойлау негіздері», «Медиа және ақпарат бойынша сауат».

Сабақ мақсаттары

Танымдық:

- студенттер «сөз бостандығы», «өшпенділік тілі», «цензура», «еркін ой», «дезинформация», «экстремизм», «ұлтаралық және аймақаралық араздық» ұғымдарына анықтама бере алады;
- студенттер контентті бағалаудың халықаралық тәжірибесін біледі;
- студенттер сөз бостандығы мен тыйым салынған контенттің шекарасын анықтаудың жергілікті тәжірибесін біледі.

Әлеуметтік-эмоциялық:

- студенттер сөз және өзін өзі таныту бостандығы мен өз өміріндегі «өшпенділік тілі» арасындағы шекараны түсіндіре алады;
- студенттер «өшпенділік тілі» адамның психикалық-эмоциялық күйіне қалай әсер ететінін түсінеді.

Мінез-құлыққа қатысты:

- студенттер өзін өзі таныту еркіндігіне қатысты ұстанымы мен «өшпенділік тілін» қолданбау мотивациясын түсіндіре алады;
- студенттер қарым-қатынаста «өшпенділік тілін» қолданбай-ақ сөз бостандығын қалай сақтауға болатыны туралы шешімін айта алады.

Сабақ өткізу уақыты	1 сағат 20 минут
Сабақ өткізу әдістері	Дискуссия, шағын дәріс, ашық және жабық сұрақтар, ақпарат көздерімен жұмыс істеу.
Бағалау әдістері	Пысықтайтын сұрақтар, өзін өзі бағалау парағы.
Негізгі ұғымдар	Сөз бостандығы, пікір білдіру бостандығы, адам құқықтары (азаматтық, саяси, әмбебап), конституция, цензура, ұлтаралық араздық, аймақаралық араздық, экстремизм, дезинформация, фейк.
Қажет ресурстар	Слайдқа басылған немесе флипчартқа жазылған сабақ мақсаттары, видео-проектор, компьютер, карточкалар, маркерлер, тақта, скотч.



Сабақ жоспары

1. ҮЙРУ



2. АҚПАРАТПЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ

Қажет материалдар: сөздері бар карточкалар.

Өткізу әдістемесі.

Оқытушы студенттерден «сөз бостандығы» және «өшпенділік тілі» сөздерін қалай түсінетінін сұрайды, содан кейін жеке өміріндегі сондай жайттарды еске түсіріп, мысал келтіруді өтінеді. Бұдан соң «сөз және өзін өзі таныту бостандығы», «өшпенділік тілі», «цензура», «еркін ой», «ақпаратты еркін пайдалану», «дезинформация», «экстремизм», «ұлтаралық және аймақаралық араздық» ұғымдарының анықтамасы талқыланады.

Қажет материалдар: халықаралық және жергілікті тәжірибеден алынған кейстер.

ТАЛҚЫЛАУҒА ҚАЖЕТ СҰРАҚТАР:

- АҚШ-та пікір білдіру бостандығы мен «өшпенділік тілінің» ара-жігін қалай ажыратады – кейсті талқылау.
- Қызметкерлерінің қазасына және дүниежүзінде зор негатив резонанс туғызғанына қарамастан француздың Charlie Hebdo журналы неге арандататын жарияланымдар шығарып, биліктен қолдау тауып отыр?
- Цензура енгізу мен сөз бостандығын шектеудің қаупі қандай? (курс студенттері тұратын елдің контексінде).
- Шектелмеген сөз бостандығынан қауіп бар ма? (курс студенттері тұратын елдің контексінде). Ол қандай?
- Сөз бостандығы мен «өшпенділік тілін» қалай теңдестіруге болады? (курс студенттері тұратын елдің контексінде).



3. ӨРЕКЕТ ЕТ

Қажет материалдар: кейстер/сөйлемдер жазылған карточкалар

Өткізу әдістемесі.

Оқытушы студенттерге 3-4 адамнан топтарға бірігуді ұсынады. Содан кейін мәлімдемелер жазылған карточкаларды таратады. Студенттердің міндеті — мәлімдемелерден «өшпенділік тілін» тауып, оларды мүмкіндігінше «келісім тіліне» ауыстыру. Содан кейін жалпы топқа оқып беру керек. Талқылап, қорытынды жасау керек.

Карточкаларға арналған кейс үлгілері (пост авторларының грамматикасы мен стилі өзгертілмеді):

1. Қос халықтың бауырластығын айтып, Қырғызстанға гуманитарлық көмек берген ҚХР елшісі туралы жаңалыққа жазылған пікір: «Қашаннан бері туған болып қалды? Кезінде ұлы Қалығұл «қытай — қырғыздардың бірінші дұшпаны» деген».
2. Тәжікстанда сарбазға сиыр ұрлағаны үшін берілген қылмыстық жаза мерзімі туралы жаңалыққа жазылған пікір: «Байғұс сарбаздар аш, бұған командирлер кінәлі. Жексұрындар, қашан шекелеріңе тиер екен, өлгендерің жақсы еді».
3. Орысша сөйлейтін қолданушылардың өзбек тілі позициясының күшеюі туралы негатив реакциясына қатысты жазбадан үзінді: «Олар әлі күнге дейін біздің елге өзінің отары сияқты, ал бізге құлдары сияқты қарайды».
4. Әлеуметтік желіде «...әйелдерді ұруға болады, кейде қажет те» деп жазған Қазақстандағы университет профессоры көп әйел алуды қолдайтынын айтты.



4. ҚОРЫТЫНДЫ ШЫҒАРУ

Студенттер сабақ тақырыбын қаншалықты түсінгенін, оны қалай қабылдағанын білу үшін кері байланыс ретінде «Ұшқын» деп аталатын әдісті қолдануға болады («Оқытудың интерактив әдістерінің глоссарийі» аталатын 3-қосымшаны көріңіз).

Қажет материалдар: талап етілмейді.

Өткізу әдістемесі.

Оқытушы сабақтың аяғында әр студенттен мына сұрақтардың біріне қатысты пікір айтуды өтінеді:

- Сіз үшін бүгінгі сабақтағы ең маңызды нәрсе не болды?
- Бүгінгі сабақта меңгерген қандай дағды сіз үшін маңызды?
- Өміріңізде сөз бен өзін өзі таныту бостандығы және «өшпенділік тілінің» шекарасын қалай ажыратар едіңіз?

Оқытушыға арналған кеңес.

Студенттердің пікірі талқыланды және оған қатысты басқа студенттер пікір білдірмеуі керек. Оқытушы студенттердің пікіріне ешқандай баға бермейді. Оқытушы студенттерге пікір білдіргені үшін ғана рақмет айта алады.



Ақпаратқа шолу жасау

«ӨШПЕНДІЛІК ТІЛІ» МЕН СӨЗ БОСТАНДЫҒЫНЫҢ ШЕКАРАСЫН АНЫҚТАУ: ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕ

Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының (АҚЖД) 19-бабы пікір бостандығы мен оны еркін білдіру құқығына адамның негізгі құқығы ретінде кепілдік береді: «Әр адамның наным-сенім бостандығына және өз көзқарасын еркін білдіруіне құқығы бар; бұл құқық өз наным-сенімін кедергісіз ұстану еркіндігін және мемлекеттік шекаралар тәртібіне тәуелді болып қалмай, ақпараттар мен идеяларды еркін іздеп, кез келген құралдар арқылы тарату бостандығын да қамтиды». Бұл құқық дамудың демократиялық бағытын ұстанатын елдердің конституциясында бекітіледі. «Өшпенділік тілін» түсіндіру» (Article 19) оқулығының авторлары былай дейді: «Пікір білдіру бостандығы жеке адам деңгейінде — адам дамуының, қадір-қасиетінің және өзін өзі танытуының кілті. Мемлекет деңгейінде болса, ол тиімді мемлекеттік басқаруға және соның нәтижесі ретінде экономикалық және әлеуметтік прогреске қажет. Еркін пікір білдіру құқығының әрекет ету ауқымы кең, мысалы, ол біреулер үшін кемсіту сипаты бар тым қатты қорлайтын пікір мен идея айтуға да қолданылады».

Мұны пікір білдіру бостандығы абсолют құқық емес және мемлекет оны кей жағдайда адам құқықтары саласындағы халықаралық заңнамаларға сай шектей алады деп түсіну керек. Барлық адамның ар-намысын дискриминациясыз қорғау «өшпенділік тіліне» әрекет ету шараларының көбіне, соның ішінде пікір білдіру бостандығы құқығын шектеуге де мотивация бола алады. «Өшпенділік тіліне» әрекет етуге, соның ішінде оған тыйым салуға ұлттық қауіпсіздікті, қоғамдық тәртіпті және қоғамдық әдет-ғұрыпты қорғау да жиі негіз болады. Дегенмен бұл мақсаттар жеке тұлғаны дискриминациядан қорғау мақсатымен араласқан кезде пікір білдіруді шектейтін шаралар лезде шамадан тыс ауқымды және теріс пиғылмен қолдануға бейім болып кетуі мүмкін.

«Өшпенділік тілінің» бірыңғай анықтамасы, сөз бостандығы мен пікір білдіру бостандығының ара-жігі ұғымы болмағаны қызу дискуссияларға, жанжалдарға ықпал етіп, осындай ұғымдар мен көріністерді түрліше түсіндіретін позициялар айтысып жатады немесе сөз бостандығын қорғау және «өшпенділік тілімен» күрес ұрандары басқа мақсатқа пайдаланылып жатады.

Халықаралық ұйымдар «өшпенділік тілін» азаматтардың сөз бен өзін өзі таныту бостандығы құқығын бұзбай-ақ азайтатын тиімді іс-әрекет істеуге көмектесу үшін «өшпенділік тілін»

қолдануға тосқауыл қоятын инструменттерді жасап жатыр.

Article 19 ұйымы Пікір білдіру бостандығы мен теңдік жөніндегі Кэмден принциптерін жасады. Бұл құжат пікір білдіру бостандығын құрметтеу мен теңдікке ықпал етудің арақатынасындағы мейлінше кең консенсусты ынталандыруға бағытталған 12 принцип пен кеңестен тұрады. Принциптер пікір білдіру бостандығы мен теңдік іргелі құқық және олар адамның барлық құқығын іске асыру мен қорғау үшін керек екенін түсінуге негізделген. Сонымен бірге бұл принциптер кейбір сөз, мысалы, нәсілге деген әдейі жеккөрініш туғызу қауіпті екені соншалық, оған тыйым салынуы керек екенін мойындайды. Басқа мақсатқа пайдаланылып кетпеуі үшін мұндай сөзге тыйым салатын ережелерге нақты анықтама берілуі керек.

БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі басқармасының бастамасымен 2012 жылы Рабат іс-әрекет жоспары жасалды, онда қылмыс заңнамасы тыйым салатын сөйлеу формасын тексеруге арналған тест бар. Тест сөз бен адамның өзін өзі таныту бостандығы және тыйым салынатын контент арасындағы сызықты немесе шекті анықтауға көмектеседі.

Рабат іс-әрекет жоспары жеккөрінішті қоздыру анықталған жағдайда пікір білдіру бостандығына шектеу енгізу үшін жоғары шек белгілеуді ұсынады. Шектен асатын ауырлық өлшемі неғұрлым ауыр және эмоциясы күшейтілген кемсітулер ғана жеккөрінішті қоздыру деп классификацияланатынын көрсетеді. Жеккөрініш деңгейін бағалауға арналған шартты

параметрлер айтылған сөздің қаттылығынан, айтылған үндеуден келуі мүмкін зиян дәрежесінен, сөздердің айтылу жиілігі мен санынан және қаншалықты көпшілік алдында айтылғанынан тұрады. Соған байланысты қылмыс тәртібімен қудалануға тиіс сөздерді анықтайтын алты бөлімді тест жасалды.

1. *Контекст.* Қандай да бір сөз шынымен дискриминацияға, өшпенділікке немесе зорлық-зомбылыққа итермелей ме, жоқ па, оны анықтау үшін контекст өте маңызды, сөздің айтылу ниетіне және/немесе себебіне оның тікелей қатысы болуы мүмкін. Контекст бойынша анализ әлгі сөзді ол айтылған немесе таралған уақыттағы әлеуметтік және саяси контексте қарастыруы керек.
2. *Оратор.* Сөз иесінің қоғамдағы орнын немесе мәртебесін, әсіресе ол адамның немесе ұйымның сөз бағытталған аудиторияға қатынасын ескеру керек.
3. *Ниет.* Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің 20-бабы сөздің айтылу ниетіне қатысты. Немқұрайлылық пен абайсыздық 20-бапты қолдануға жеткілікті негіз бола алмайды, ол жерде сөзді тарату ғана емес, «үгіт-насихат» пен «жеккөрінішті қоздыру» туралы да айтылған. Соған байланысты бұл бап үшін сөз объектісі, субъектісі және аудитория арасындағы қатынас үштігі керек.
4. *Мазмұн немесе форма.* Айтылған сөздің мазмұны — сот қарауына негіз болатын объектілердің бірі және жеккөрінішті қоздыратын негізгі

бөлшек. Сөз мазмұнына анализ жасау — ол қаншалықты тікелей әрі қаншалықты арандата айтылғанын анықтау және сөз иесі келтірген дәлелдердің формасы мен стилін, сипатын, тепе-теңдігін және тағы басқасын қарастыру деген сөз.

5. Көпшілік алдында айтылу дәрежесі. Бұл пункт сөз қаншалықты жария айтылды, адресаттың сипаты, аудиторияның маңызы мен көлемі қандай деген сияқты элементтерден тұрады. Одан кейін сөз жұрт алдында айтылған-айтылмағаны, тарату құралдары қандай болғаны анықталады. Сөз бір парақша арқылы, бұқаралық ақпарат құралдарында хабарлау арқылы немесе интернет арқылы таратылды ма, таралу жиілігі, қамту көрсеткіші мен көлемі қандай болды, аудиторияның арандататын үндеулерге сай әрекет етуге мүмкіндігі болды ма, мәлімдеме (немесе өнер туындысы) шағын ортаға таралды ма, әлде жалпы жұртқа ортақ болды ма, соны да назарға алу керек.
6. Үндеудің іске асу ықтималдығы, соның ішінде тосқауыл қойылмайтыны. Жеккөрінішті қоздыру жасалмай жатып іске асқан қылмыс болып есептеледі. Үндеу қылмыс деп танылуы үшін қозғау салынған іс-әрекет жүзеге асуға міндетті емес. Дегенмен белгілі бір деңгейде оның зиян келтіру қаупі анықталуы керек. Бұл — айтылған пікірден соң көзделген топқа қарсы тура әрекет басталуы әбден ықтимал болды ма, соттар соны анықтап, мұндай жағдайда себеп-салдар арасындағы мейлінше тікелей байланысты көрсетуі керек деген сөз.

Өткізу әдістемесі.

Студенттерді екі топқа бөліп, олардың арасынан модераторды анықтау керек. Екі топ та кейстерді оқып, оларды Рабат іс-әрекет жоспарының алты критерийі бойынша талдайды:

1. Контекст.
2. Оратор.
3. Ниет.
4. Мазмұн немесе форма.
5. Көпшілік алдында айтылу дәрежесі.
6. Үндеудің іске асу ықтималдығы, соның ішінде тосқауыл қойылмайтыны.

Білім алушылардың бір тобы әр пункт бойынша дәлел келтіріп, өз қорытындысын шығарады. Екінші топ бірінші топқа оппонент болады. Бірінші топтың дәлелдерін осал деп тапса немесе топтың ұстанымымен келіспесе, өз дәлелдерін айтады.

Кейс үлгілері:

Володя XXL деген никпен танымал Ресей TikTok-блогері Владимир Горяинов YouTube-тегі арнасында гейлерге қатынасы туралы жазылушыларының сұрағына жауап бере отырып, «Мүмкіндігім болса (...), мен бұл сасық адамдардың бәрін атып тастар едім. Олар не үшін өмір сүруі керек екенін түсінбеймін», — деп мәлімдеді. Пост жарияланған кезде блогердің әлеуметтік желілердегі түрлі платформа-сында 300-ден 700 мыңға дейін жазылушы болды.

Франция президенті Макрон «ислам — «дағдарысты бастан өткеріп жатқан дін» деп мәлімдеп, «Франциядағы ислам сепаратизмімен» күреске бағытталған заңдарды қатайту жоспары туралы айтты. Оның сөзіне қарағанда, Францияда тұратын 6 миллионға жуық мұсылман өзінің «контр-қоғамын» қалыптастырғысы келеді. Президент басқа шаралармен қатар мектептердегі оқу бағдарламасы мен француз мешіттерінің шетелден қаржылануын неғұрлым қатаң бақылауды ұсынды.

Оқытушыға арналған кеңес.

Студенттерге қандай да бір елде пікір білдіру бостандығы мен «өшпенділік тілінің» шекарасы қалай белгіленгенін көрсететін халықаралық тәжірибеден мысал келтірген дұрыс. АҚШ пен Франция тәжірибесін қарастырған пайдалы. Бірақ Орталық Азия елдері тәжірибесіне екпін түсіру керек.

АҚШ тәжірибесі

Холокостты бастан өткерген Сол Голдстайн 1977 жылы Американың ұлтшыл-социалистік (нацистік) партиясы Чикагоның іргесіндегі Скокиде (Иллинойс штаты) марш өткізгелі жатқанын естіп, наразы болды. Скокиде тұратын еврейлер көп еді, оның 6000-ы Голдстайн сияқты Холокостты көрген. Өздері тұратын қалада нацистер свастикамен марш өткізетінін ойлау олар үшін төзуге болмайтын жайт еді. Скокидегі еврейлер қауымының мүшелері ұлтшыл-социалистік партияға қарсы шағым түсіріп, сотта куәгер болды. Голдстайн концлагерь тұтқындарының өмірін егжей-тегжейлі айтып беріп, өз қаласында парадтан нацистік Германия символдарын көру оған қандай ауыр болатынын түсіндірсе де, марш өткізуге тыйым салуды талап еткен Скокидегі еврейлер қауымы қала билігінен қолдау таппады. Басқа соттар да, соның ішінде АҚШ Жоғарғы соты да сондай шешім шығарды. Судьялар ұлтшыл-социалистердің марш өткізуге және свастика мен басқа да атрибуттарды демонстрациялауға конституциялық құқығы бар деп шешті.

АҚШ конституциясына енгізілген бірінші түзету федерация үкіметіне кім-кімнің де өз пікірін білдіруіне кедергі болуға немесе біреуді айтқан сөзі үшін жазалауға тыйым салады: «Конгресс сөз бен баспасөз бостандығын немесе халықтың бейбіт жиналу құқығын шектейтін (...) бір де бір

заң шығармауы керек». Бастапқыда ол саяси мәлімдемелер бостандығына кепіл болу және үкіметтің оппозиция газеттерін жабуына жол бермеу үшін қабылданған еді, уақыт өте келе Жоғарғы сот оны маршрутқа, наразылық демонстрацияларына және пікір білдірудің басқа да формаларына қатысты қолдана бастады. Бұл түзетуге жақтырмаушылықты қоздыратын және біреулерді кемсітетін сөздер мен әрекеттер де қосылып, тұжырымдама кеңейе түсті. Бұл қандай да бір идеялар әлдекімдерді қорлайтынына, қандай да бір суреттер әлдекімдердің наразылығын туғызатынына қарамастан Бірінші түзету адамның оларды айту мен демонстрациялау құқығын қорғайды дегенді білдіреді.

АҚШ-тың негізін қалаушылар сөз бостандығын шынымен қорғайтын жалғыз амал бәрінің, тіпті пікірі көпке ұнамайтын адамдардың да осы құқығын қорғау деп есептеген. Соттар Мартин Лютер Кинг пен оның жақтастарының АҚШ-та әділетсіздік пен нәсіл сегрегациясына қарсы марш өткізу құқығын қорғағаны да соны растады. Биліктің жергілікті органдарының қарсы әрекетіне қарамастан Кингтің сөз сөйлеуіне, отырып демонстрациялар мен наразылық акцияларын жасауына рұқсат берілді, өйткені оларда зорлық-зомбылыққа үндеу болмаған еді. Бірінші түзету Кинг жақтастарының әрекетін қорғады. Бұл көп жағдайға прецедент болды: азаматтық құқықты

қолдайтын қозғалыс өкілдерін айтатын сөзі ұнамайтындықтан ғана марш өткізу құқығынан айыратын қалалар енді бұған заңды негіз таппай қалды.

Ку-клукс-клан ақ расистер ұйымының көшбасшысы Огайо штатында қара нәсілділерден, еврейлерден, АҚШ үкіметінен кек алуға үндеп, сөз сөйлегенде Жоғарғы сот ол «зорлық-зомбылыққа арандатқаны үшін тұтқындалмайды, себебі нақты ешкімге қауіп төндірген жоқ» деген шешімге келді. Бірақ Ку-клукс-клан мүшелері Вирджинияда бір афроамерикан отбасына қауіп төндіргенде Жоғарғы сот «оларды қорғайтын тарап Бірінші түзетуге сүйене алмайды және кінәлілер қылмыстық жауапкершілікке тартылуы керек» деген қаулы шығарды.

Осылайша Бірінші түзетудің күші барлық пікірге қолданылмайды. Бірақ бұл жердегі критерий — жеккөрініш туғызатын риторика зорлық-зомбылыққа немесе басқа да заңға қайшы әрекетке себеп болады деген негізді болжам жасалуы. Соттар белгілі бір адамға тікелей қауіп төнгенін немесе адамдар зорлық-зомбылыққа айдап салынғанын анықтаса, оған себеп болған пікірлер заң бойынша қудаланып, үкімет шара қолдануға заңды мүмкіндік алады.

Франция тәжірибесі

Charlie Hebdo (Шарли Эбдо, қазақша «Чарли апталық басылымы») — француздың саяси сатира журналы. Нонконформизм сипатындағы карикатуралар, репортаждар, дискуссиялар мен анекдоттар жариялап тұрады. Солшыл әрі зайырлы көзқарас ұстана отырып, Францияның және басқа да елдердің саясаткерлерін, ультраоңшылдарды, ислам мен христиандықты әжуалайды, сөйтіп үнемі резонанс пен халықаралық жанжал туғызады. 2015 жылы Charlie Hebdo-ға шабуыл жасалды: журнал ислам экстремистік ұйымы көшбасшыларының біріне карикатура жасағаннан кейін Париждегі редакцияда 12 қызметкерді атып кетті. Бұл жайт журнал қызметкерлерін тоқтата алмады, олар өткір әрі наразылық туғызатын карикатураларын әлі жариялап жүр. 2020 жылғы қазанда 18 жастағы діни фанат Charlie Hebdo журналының карикатураларын сөз бостандығына арналған сабақта талқылаған тарих пәнінің мұғалімі Самюэль Патидің басын кесіп алды. Франция президенті Эмманюэль Макрон экстремизмді, исламистерді айыптап, Франциядағы сөз бостандығын жақтады, ол Франция халқы сөз бостандығын қорғай беретінін және мұсылмандардың намысына тиетін карикатуралардан бас тартпайтынын айтты. «Макронды емес, Франция президентін қолдаймыз» деген Францияның ірі саясаткерлері бұл позицияны жақтады, себебі шабуылға ел мен оның құндылықтары ұшырап отырған еді.

Бұған жауап ретінде елде тағы да шабуылдар болды: Ниццада бір қаскүнем шіркеуге пышақпен баса-көктеп

кірді, Лионда храм настоятеліне оқ атылды. Ислам дүниесінің бір бөлігі ресми Париждің ұстанымына қарсы жаппай наразылық білдірді, әлеуметтік желілерде #BoycottFranceProducts және #BoycottFrance («француз өнімдеріне бойкот жаса», «Францияға бойкот жарияла») деген жаһандық кампания басталды. Мысыр президенті Абдул-Фаттах ас-Сиси «1,5 миллиардтан астам адамды қорлайтын болса, Франциядағы сөз бостандығын шектеу керек» деп мәлімдеді: «Біздің де құқығымыз бар. Діни сеніміміз бен құндылықтарымызды қорғауға құқылымыз».

Принциптерінен бас тартпаған Charlie Hebdo 2020 жылғы қарашада журналдың жаңа санының мұқабасын көрсетті: онда басы жоқ кабар бишілері бейнеленген. Карикатураның астына «Франция қашан да Франция болып қалады» деп жазылған. Франция үкіметінің өкілі Габриэль Атталь «тұрақсыздандыру мен қорқыту амалдарына» қарамастан Франция «принциптері мен құндылықтарынан ешқашан бас тартпайды» деп мәлімдеді. «Эл-Жазира» телеарнасымен сұхбаттасқан Макрон: «Мен мұсылмандардың Мұхаммед пайғамбарға жасалған карикатураларға қатысты сезімін түсінемін, бірақ оларды үкімет жариялап отырған жоқ, олар үкіметке қатысы жоқ еркін, тәуелсіз БАҚ-тан шығып жатыр», — деді.

2020 жылдың басында «Бітімгершілік және медиатехнологиялар мектебінің» сарапшылары Орталық Азия елдеріндегі пікір білдіру бостандығына қысым жасау фактілерін есепке алды — мұндай жағдайлардың саны 2019 жылмен салыстырғанда екі еседен артық көбейген. 2020 жылғы 4 айдың өзінде журналистердің, блогерлердің, интернеттегі пікір көшбасшыларының және қарапайым қолданушылардың пікір білдіру бостандығын шектеудің 38 түрлі жағдайы құжатқа тіркелді. Қазақстан Республикасында, Қырғыз Республикасында және Өзбекстан Республикасында талданған кейстердің динамикасы шектеулер мен цензура коронавирустың таралуына қарсы төтенше шаралар енгізілген кезеңде көбейгенін көрсетті.

Бұл талдауда Мектеп сарапшылары пандемияның таралуына қарсы төтенше шаралар әбден орынды әрі шұғыл болғанына қарамастан бірқатар үрдіс пікір білдіру бостандығына елеулі қауіп төндіргенін және карантиннен кейін де ұзаққа дейін солай болуы мүмкін екенін атап өткен.

Енгізілген төтенше шаралар пікір білдіру бостандығын шектейтін және режимге сын айтуды басатын әрекеттерді ақтап алуға қолданылған. Үкіметтің тактикаларына пікір білдіру бостандығына қысым жасаудың түрлі әдісі кірген: «төтенше жағдай кезінде көрінеу жалған ақпарат таратуға»

санкция қолданудан бастап, контентке «халықтың ұлттық менталитетіне қайшы келеді» деп тыйым салуға және журналистерді пандемиядан хабар таратуға аккредиттемеуге дейін.

Тілшілер ресми ақпаратқа мемлекеттік органдардың онлайн брифингілері арқылы ғана қол жеткізді, ал жүріп-тұруына тыйым салынуы оларды толыққанды материал дайындау мен қоғамды ақпараттандыру мүмкіндігінен айырды, бұл жайт дағдарыспен пандемияның таралуына тосқауыл қою әдістерін түсінуді қиындатты. Талдауда «Негізгі соққы азаматтық белсенділер мен қолданушыларға тиді», — деп жазылған.

Қазақстан Республикасы

Алматыда тұратын азаматтық белсенді әрі блогер Әлнұр Ілияшев 2020 жылғы сәуірде Қылмыстық кодекстің «төтенше жағдай кезінде көрінеу жалған ақпарат тарату» бабы бойынша 2 айға тұтқындалды. Шымкентте тұратын журналист Зәуре Мырзақожаевадан ешқайда кетпеу туралы қолхат алынды. «Көрінеу жалған ақпарат таратқаны үшін» оған қатысты ресми тергеу жүргізілді. Азаматтық белсенді Арман Хасенов видео түсіргені үшін ұлттық қауіпсіздік комитетінің тергеу изоляторына қамалып, «тұңғыш президенттің ар-намысы мен қадір-қасиетіне қол сұқты» деп айыпталды.

2020 жылғы наурызда қолданушы Диас Молдалимов YouTube-те билік өкілдерін мемлекет бөлген қаржыны ала алмайтын, жұмысынан айырылған немесе карантинге байланысты демалысқа шығуға мәжбүр болған адамдар тағдырын ойлауға үндеген видео жариялады. Ол «көрінеу жалған ақпарат таратқаны үшін» жауапқа тартылды.

Азаматтық белсенді әрі блогер Геннадий Крестьянский Алматы ішінде жүруге тыйым салынбай тұрғанда қаланың блокбекеттеріндегі ахуалды элеуметтік желіде тікелей эфирде хабарлады. Ол әкімшілік заңнама бойынша «төтенше жағдай режимін бұзды» деп айыпталды.

Қырғыз Республикасы

Сарапшылар Қырғыз Республикасындағы төтенше шаралар кезінде пікір білдіру бостандығын белден басудың ең сорақы мысалдары ретінде адамдарды өкінетін онлайн акцияларды айтады, қолданушыларды арнайы қызмет мамандары ұстағаннан кейін интернетте олардың бұрынғы жазбалары мен сөздерін жоққа шығарған видеомонологтары пайда болып жатты. Бір жағдайда олар «фейк таратқаны үшін», енді бір жағдайда «арандататын пост жазғаны үшін» жауапқа тартылды. Профилактикалық әңгімеден кейін ұсталғандардың әрқайсы, Мемлекеттік ұлттық қауіпсіздік комитетінің хабарлауынша, «жалған ақпарат таратқанына өкінген».

Бұл кезеңде Қырғызстанда барлығы 28 қолданушы ұсталды, олардың арасында Twitter-де ауруханасындағы қызметкерлердің қорғану құралдары сапасыз екенін хабарлаған дәрігер Бектұр Апышев та бар.

Қаңтарда Қырғыз Республикасы Мемлекеттік кеден қызметінің бұрынғы төрағасы Райымбек Матрайымовтың інісінің арызы бойынша Kloop.kg қызметкерлері Эльдияр Бәкіров пен Хамидолла Ұзақов Ош қаласының ішкі істер басқармасына шақырылды. Арызданушы үйін дронмен видеоға түсіріп, «жеке өміріне қол сұққан» адамдарға қатысты шара қол-

дануды өтінген. Әскери прокуратура «Чындық» газетінің редакторы Тұрсынбек Бейшенбековті «2016 жылдан бері бір шенеунікті сынап келе жатқаны үшін» жауап алуға шақырды.

Наурызда блогер Элмира Сыдыманова әлеуметтік желідегі жазбасы үшін «ұлтаралық араздықты туғызды» деген күдікпен (Қырғыз Республикасы Қылмыстық кодексінің 313-бабы) тергеу изоляторына қамалды. Іс әлі қаралып жатыр.

Тәжікстан Республикасы

«Адам құқықтарын қолдайтын халықаралық серіктестік (АҚХС)» пен Article 19 ұйымдары 2020 жылғы шілдеде жасаған бірлескен баяндамасында Тәжікстан Республикасында тәуелсіз журналистер мен бұқаралық ақпарат құралдары тап болатын шектеулер мен кедергілерге мысал келтірді.

Баяндамада бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілерде елде пандемия жылдам тарап жатқанын растайтын хабарламалар болғанына қарамастан 2020 жылғы наурыз бен сәуір бойы тәжік билігі Тәжікстан Республикасындағы коронавирус фактісін жоққа шығарып келгені айтылады. Билік өкілдері іс-әрекетін ашық көрсеткісі келмеді және журналистердің сұрағына жауап бермеді. COVID-19-дың алғашқы жағдайлары туралы хабарламаларға жылдам әрекет етіп, бұқаралық ақпарат құралдарын халыққа мәлімет беру мен вирустың таралуын бәсеңдету инструменті ретінде пайдаланудың орнына билік-тегілер «жағымсыз хабар таратқан адамдар жауапқа тартылатынын» ескертті.

2020 жылғы 30 сәуірде корона-вирус инфекциясы жағдайы ресми расталғаннан кейін де билік өкілдері елдегі COVID-19-ға қатысты ахуал туралы материал жариялаған бұқаралық ақпарат құралдарын «халық арасында үрей туғызды» деп айыптауды тоқтатпады.

Fergana.news интернет-ресурсы Германияда тұратын, 2018 жылғы желтоқсанда YouTube-те хиджаб киюге тыйым салуды сынайтын видеоролик жариялаған тәжік студентінің үстінен Тәжікстанда экстремизмге қатысты қылмыстық іс қозғалғанын хабарлады. Осы бап бойынша Мәскеуде тұратын белгілі құқық қорғаушы Иззат Амонға қатысты да іс қозғалды. Ол YouTube-те «Үкімет неге хиджабқа тыйым салады?» деп аталатын ролик жариялаған еді.

Өзбекстан Республикасы

Өзбекстанның үш жас блогері «карантин ережелерін бұзғаны және ұсақ бұзақылығы үшін» 15 тәулікке қамалды және оларға айыппұл салынды. Олар Әмір Темір (тарихи тұлға, әскери қолбасшы, XIV ғасыр) ескерткіші жанында видео түсіріп, интернетке жариялаған. Блогер, гендерге қатысты зорлық-зомбылық деректерін тіркеп, әшкерелейтін «Не молчи» онлайн жобасының авторы Ирина Матвиенко 3 жасында зорланған әйелдің хикаясын жариялады. Билік өкілдері оны «ұлттың мораль нормаларына қайшы келетін» бұл хикаяны өшіруге мәжбүрледі.

Қосымша материал

1. Кожевникова Г.В. Өшпенділік тілі: журналист қателері типологиясы / Г.В. Кожевникова // Журналистерге арналған қолданбалы конфликтология; М. Григорян редакциясымен — М.: Адам құқықтары, 2006. — 95-105-б.
2. Верховский А.М. Тілім менің... Ресей бұқаралық ақпарат құралдарындағы этностық және діни төзімсіздік проблемасы / А.М.Верховский. — М.: «Панорама» орталығы» ӨҚҰ, 2002. — 200 б.
3. Дубровский Д.В., Карпенко О.В. Орысша интернеттегі өшпенділік тілі: жеккөрініш мәтіндерін ажырату жөніндегі зерттеу материалдары / Д.В. Дубровский, О.В. Карпенко. — СПб: Санкт-Петербургтегі Еуропа университеті баспасы, 2003. — 72 б.
4. Евстафьева А.В. Бұқаралық ақпарат құралдарының манипуляция амалдарындағы «өшпенділік тілінің» лингвистикалық маркерлері туралы / А.В.Евстафьева // «Вестник башкирского университета». — 13-том. — No 4. — 2008. — 994-996-б.

Дереккөздер тізімі

1. Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы. // URL: <https://www.un.org/ru/documents/declconv/declarations/declhr.shtml>
2. Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакті. // URL: <https://www.un.org/ru/documents/declconv/conventions/pactpol.shtml>
3. Rabat Plan of Action on the prohibition of advocacy of national, racial or religious hatred that constitutes incitement to discrimination, hostility or violence. [Аудармасы: Рабат іс-әрекет жоспары — жеккөрінішке айдап салумен күреске арналған практикалық құрал. 2012 жылғы қазанда БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі басқармасының Рабаттағы (Марокко) отырысында қабылданған]. // URL: <https://www.ohchr.org/Documents/Issues/Opinion/SeminarRabat/Rabatdraftoutcome.pdf>
4. «Өшпенділік тілін» түсіндіру: практикалық оқулық, 2015 жылғы редакция / Article 19, 2019. // URL: <https://www.article19.org/wp-content/uploads/2015/12/A19Hate-Speech-Report-2018Russian.pdf>
5. Біріккен Ұлттар Ұйымының жеккөрініш риторикасымен күрес жөніндегі стратегиясы мен іс-әрекет жоспары. // URL: <https://www.un.org/en/genocideprevention/documents/>

- advising-and-mobilizing/ActionplanonhatespeechRU.pdf
6. Пікір білдіру бостандығы мен теңдік жөніндегі Кэмден принциптері, – Article 19, 2009. // URL: <https://clck.ru/Tpegd>
 7. Өшпенділік тіліне қарсы сөз бостандығы. [Электрон ресурс: ShareAmerica] // URL: <https://share.america.gov/ru/свобода-слова-против-языка-вражды>
 8. Жағдайды талдау: Орталық Азия билігінің пандемия кезеңінде пікір білдіру бостандығын шектегенінің салдары ұзақ мерзімге жалғасады. [Электрон ресурс: Орталық Азиядағы Бітімгершілік және медиа-технологиялар мектебі] // URL: <http://www.ca-mediators.net/ru/runews/5370-ogranichenie-svobody-vyrazheniya-v-period-pandemii-budet-imet-dolgosrochnye-posledstviya.html>
 9. Орталық Азиядағы пікір білдіру бостандығы: аймақтық трендтер мен ерекшеліктер: Жыл сайынғы баяндама. [Электрон ресурс: Орталық Азиядағы Бітімгершілік және медиатеchnологиялар мектебі, 2019] // URL: www.ca-mediators.net
 10. Қазақстанның әлеуметтік желілеріндегі өшпенділік тілін бақылау, – MediaNet ХЖО, 2017. // URL: <https://www.academia.edu/35894758/МониторингязыкавраждывсоциальныхсетяхвКазахстане2017>
 11. Үндемеу құнын пікір білдіру үшін төленетін ақымен салыстыру. Тәжікстандағы БАҚ бостандығы, – IPHR, Article 19, 2020 жылғы шілде. // URL: <https://www.iphronline.org/wp-content/uploads/2020/07/RU-Media-Report-TJ.pdf>
 12. «Олар көрінбейді, бірақ олар қашан да осы жерде». Өзбекстандағы цензура мен БАҚ бостандығы, – Human Rights Watch, 2018, // URL: <https://www.refworld.org.ru/pdfid/5ae3310c4.pdf>
 13. Тәжікстан: бұқаралық ақпарат құралдары бостандығын шектеу COVID-19 пандемиясы кезінде неғұрлым қатты сезіледі. // URL: <https://www.iphronline.org/tadzhikistan-ogranicheniya-svobody-sredstv-massovoj-informatsii-naibolee-ostro-oshhushhayutsya-vovremya-pandemii-covid-19.html>
 14. Қырғыз Республикасының сайлауалды және сайлаудан кейінгі дискурсындағы өшпенділік тілі. Қорытынды баяндама, 2020 жылғы 4 желтоқсан. [Электрон ресурс: Орталық Азиядағы Бітімгершілік және медиатеchnологиялар мектебі]. // URL: <http://www.ca-mediators.net/ru/issledovaniya/media-monitoring/>

3-сабақ

3-тақырып

Ұлттық және халықаралық құқық
тұрғысындағы «өшпенділік тілі»



Тақырыпшалар

- Орталық Азия елдеріндегі көпшілік дискурста дискриминацияға жол берілуі және пікір бостандығы мен еркін пікір білдіру құқығы
- Халықаралық құқық пен ұлттық заңнамада «өшпенділік тілін» шектеу

Пәндер интеграциясы

«Адам құқықтары», «Халықаралық құқық», «Конституциялық құқық», «Қылмыстық құқық», «Медиақұқық», «Журналистика негіздері», «Журналист этикасы», «Медиаэтика», «Сыни ойлау негіздері», «Қазіргі қазақ/қырғыз/тәжік/өзбек/орыс тілі» (әр елге байланысты), «Конфликтологиялық журналистика», «Лингвистикалық сараптама», «Саяси лингвистика», «Журналист жұмысындағы әлеуметтік желілер», «Мәдениетаралық коммуникацияның теориясы мен практикасы».

Сабақ мақсаттары

Танымдық:

- студенттер «дискриминация» ұғымына анықтама бере алады;
- студенттер «пікір бостандығы мен еркін пікір білдіру» ұғымына анықтама бере алады;
- студенттер пікір бостандығы мен еркін пікір білдірудің халықаралық стандарттарын түсіндіре алады;
- студенттер халықаралық құқық пен ұлттық заңнамада «өшпенділік тілін» шектеуді түсіндіре алады;
- студенттер адам құқықтары саласындағы ұлттық заңнама ережелері мен халықаралық құқық ережелерінің көзқарас бостандығы мен еркін пікір білдіруге қатысты арақатынасын анықтай алады;
- студенттер «қорлаудың» ұлттық заңнама бойынша құқықтық салдары қандай болатынын біледі.

Әлеуметтік-эмоциялық:

- студенттер теңдік пен алаламау принциптерін ұстанудың маңызын түсінеді;
- студенттер адамның барлық құқығы мен бостандығын құрметтеудің маңызын түсінеді;
- студенттер пікір бостандығы мен еркін пікір білдіру құқығын құрметтеудің маңызын түсінеді;

- студенттер ұлттық заңнама нормаларын адам құқықтары саласындағы халықаралық стандарттарға сәйкестендірудің маңызын түсінеді.

Мінез-құлыққа қатысты:

- студенттер сөзіндегі «өшпенділік тілін» шектеуді үйренеді.

Сабақ өткізу уақыты	1 сағат 20 минут
Сабақ өткізу әдістері	Ашық сұрақтар, дискуссия, оқытушының дәріс презентациясы, шағын топтардағы жұмыс.
Бағалау әдістері	Пысықтайтын сұрақтар.
Негізгі ұғымдар	«Өшпенділік тілі», «жеккөрініш тілі», дискриминация, теңдік, қорлау, өшпенділікті туғызу/қоздыру.
Қажет ресурстар	Топ болып жұмыс істеу үшін басып шығарылған материал, флипчарт, проектор, экран, ноутбук, маркерлер, тақта, қағаз скотч.



Сабақ жоспары

1. ҮЙІРУ

Өткізу әдістемесі.

Оқытушы студенттерден дискриминация, қорлау, әлеуметтік топтар арасында өшпенділік туғызу/қоздыру, халықаралық құқық актілері, ұлттық қауіпсіздік, қоғамдық тәртіп, халықтың әдет-ғұрпы дегендерді қалай түсінетінін сұрайды. Дискуссия жүргізіледі.



2. АҚПАРАТПЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ

Өткізу әдістемесі.

Оқытушы ұлттық заңнама (Конституция, Қылмыстық кодекс) пен халықаралық құқық актілері (АҚЖД, АСҚХП) нормалары туралы презентацияны көрсетіп, мына сұрақтар бойынша талқылау өткізеді:

1. Сөз бостандығы не себепті демократияның шешуші құндылығы деп есептеледі?
2. Елімізде сөз бостандығы шектелген бе?
3. Ұлттық заңнаманың (Конституция, Қылмыстық кодекс) сөз бостандығына қатысты нормалары адам құқықтары мен бостандықтары саласындағы халықаралық құқық стандарттарына сай келе ме?
4. Сөз бостандығын шектеудің жағымсыз салдарлары қандай?
5. Сөз бостандығын шектеудің оң тұсы қандай болуы мүмкін?



3. ӘРЕКЕТ ЕТ

Өткізу әдістемесі.

Оқытушы студенттерді екі не бірнеше топқа біріктіреді, оның бірі сөз бостандығы толық қорғалған қоғамның оң тұстары мен сөз бостандығын шектеуге қарсы дәйектер табуы керек. Басқа топ/тар сөз бостандығы 100% қорғалған қоғамның жағымсыз тұстары мен сөз бостандығын шектеуді қолдайтын дәйектер іздейді. Шағын топтар жұмысын жалпы топқа айтып береді.

Оқытушыға арналған кеңес.

Оқытушы бұл кезеңде студенттердің жауабына пікір білдірмеуді естен шығармауы керек. Топтар бір-бірін тыңдауға тиіс. Содан кейін қорытынды шығарарда студенттер топта айтқан пікір-тұжырымына тәуелді болып қалмауы үшін оқытушы оларды атқарған рольдерінен босатуы керек.



4. ҚОРЫТЫНДЫ ШЫҒАРУ

Өткізу әдістемесі.

Оқытушы сабақты қорытындылауды ұсынып, студенттерден үш сұраққа қысқаша жауап беруді өтінеді:

1. Бүгінгі сабақта не білдім?
2. Бүгінгі сабақта нені үйрендім?
3. Бұл сабақта мен үшін не маңызды болды?



Ақпаратқа шолу жасау

«ӨШПЕНДІЛІК ТІЛІ» МЕН ҰЛТТЫҚ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЗАҢНАМАДАҒЫ ҚҰҚЫҚ

Қырғыз Республикасы, Қазақстан, Тәжікстан мен Өзбекстан Республикалары ұлттық заңнамасында тең құқықтық туралы нормалар бар, бірақ олар дискриминация ұғымының мәнін толық ашпайды, дискриминацияға қарсы жан-жақты қамтитын заңнама да, сонымен бірге дискриминация мен оның түрлерінің халықаралық стандарттарға сай келетін анықтамасы да жоқ, одан қорғайтын тиімді механизмдер де қарастырылмаған.

Орталық Азия мемлекеттері қатысатын халықаралық келісімшарттар және халықаралық құқықтың көпшілік мойындаған принциптері мен нормалары — ұлттық құқық жүйелерінің құрамдас бөлігі ғана.

Адам құқықтары саласындағы халықаралық құқық адамның бәріне және әрқайсына теңдік пен алаламаушылыққа кепілдік береді. Мемлекеттер адам құқықтарын қолдануда теңдікке және заңмен тең қорғауға кепілдік беруге міндетті. Алаламау принципінің өзара байланысты үш құрамдас бөлігі бар. Дискриминацияны былай түсіну керек:

1) адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын қоғам өмірінің саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени

және басқа да кез келген саласында тең жағдайда мойындауды, қолдануды немесе іске асыруды жоюды немесе төмендетуді мақсат не салдар етіп көздейтін;

2) адам құқықтары саласындағы халықаралық құқық қорғалған сипатта деп мойындайтын ерекшеліктерге негізделген;

3) адамға немесе адамдар тобына қарсы кез келген бөлу, шеттету, шектеу немесе бірінен бірін артық көру.

Адамның бәрінің ар-намысын дискриминациясыз қорғау «өшпенділік тіліне» («жеккөрініш тіліне»), соның ішінде еркін пікір білдіру құқығын шектеуге қарсы шаралардың көбіне мотивация болуы керек. Тәжірибеде «өшпенділік тіліне» әрекет ету мен оған тыйым салу көбіне ұлттық қауіпсіздікті, қоғамдық тәртіпті, халықтың денсаулығы мен әдет-ғұрпын қорғауға негізделеді. Бірақ бұл мақсаттар адамдарды дискриминациядан қорғау мақсатымен араласқан кезде пікір білдіруді шектейтін шаралар лезде шамадан тыс ауқымды және теріс пиғылмен қолдануға бейім болып кетуі мүмкін.

Көзқарас пен оны еркін білдіру құқығы — адамның Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының (АҚЖБ) 19-бабы кепілдік беретін және Азаматтық және саяси құқықтар

туралы халықаралық пактінің (АСҚХП) арқасында құқықтық күшке ие болған негізгі құқықтарының бірі.

Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің 19-бабы мемлекеттер әр адамның еркін пікір білдіру құқығына кепілдік беруін талап етеді; бұл құқық әртүрлі ақпарат пен идеяны мемлекет шекарасына тәуелсіз түрде ауызша немесе жазбаша, баспасөз немесе пікір білдірудің көркем формалары арқылы немесе өз таңдауы бойынша басқа да амалдармен іздеу, алу және тарату бостандығын қамтиды.

Бірақ еркін пікір білдіру құқығы абсолют құқық емес және белгілі бір жағдайда мемлекет оны адам құқықтары саласындағы халықаралық заңнама талаптарына сай шектей алады. «Өшпенділік тілін» шектеуді көздейтін мемлекеттік шаралар (АСҚХП-ның 19-бабы):

- 1) заңда белгіленуі керек;
- 2) заңды мақсатты көздеуі керек:
 - а) басқа адамдардың құқықтары мен беделін құрметтеу үшін;
 - б) мемлекеттік қауіпсіздікті, қоғамдық тәртіпті немесе халықтың әдеп-ғұрпын қорғау үшін;

3) демократияны қолдайтын қоғамға қажет болуы керек (белгілі бір өлшемге сай және тепе-тең).

Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің 20-бабының 2-тармағында да осы келісімшартқа мүше мемлекеттерден «өшпенділік тілінің» анағұрлым ірі формаларына тыйым салу талап етіледі: «Заңда ұлт, нәсіл немесе дін бойынша жеккөрінішті жақтайтын, дискриминацияға, өшпенділікке немесе зорлық-зомбылыққа айдап салатын кез келген сөзге тыйым болуы керек».

Тәжірибеде бұл баптың күшін іске асыру көп дау мен түсініксіздік туғызады. Көп мемлекет АСҚХП-ның 20-бабының 2-тармағына келгенде пікір білдіру бостандығы құқығы үшін алаңдайды.

20-баптың 2-тармағының шартын түсіндіру мен іске асыруда (имплементация) ұлттық заңнама басқа, тәжірибе басқа, ұлттық деңгейдегі соттардың жүйесіз практикасынан және БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі комитетінің басшылыққа алатын нұсқаулары болмағаннан жағдай одан сайын қиындай түседі.

Бапты іске асыруға қатысты проблемалар спектрдің екі жағында да бар: бір жағынан, ірі айдап салу жағдайлары жазасыз қалып жатса, екінші жағынан, заңды түрде пікір айтқан

адамды жазалау мақсатымен (соның ішінде азшылық өкілдерін қудалау үшін де) оған заңнаманың айдап салу туралы бұлыңғыр ережелері шамадан тыс белсенді қолданылып жатады.

Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің 20-бабы бойынша тыйым салу үшін мынадай элементтер болуы керек:

1. Сөйлеушінің мінез-құлқы. Сөйлеуші көпшілік алдында сөйлеуі керек және оның сөзі мынадай болуы керек:
 - жеккөрінішті жақтайтын/насихаттайтын,
 - қорғалған сипаттамалар бойынша жеке адамға немесе адамдар тобына бағытталған,
 - дискриминацияға, өшпенділікке немесе зорлық-зомбылыққа айдап салатын.
2. Сөйлеушінің ниеті. Сөйлеушінің:
 - әдейі жеккөрініш туғызу ниеті болуы керек,
 - аудиторияны дискриминацияға, өшпенділікке немесе зорлық-зомбылыққа айдап салу ниеті болуы керек немесе аудитория сондай әрекетке баруы ықтимал екенін түсінген болуы керек.

3. Жеккөрініш туғызатын сөздің кесірінен аудитория шынымен тыйым салынған әрекетке баратындай ықтимал және бірден төнетін қауіп.

«Айдап салу» термині іс жүзінде тыйым салынған нәтиже болсын деу емес, бірақ ол жеккөрінішті насихаттау белгілі бір топтарға жататын адамдарға тікелей дискриминация, өшпенділік немесе зорлық-зомбылық қауіпін төн-

діргенде ғана қолданылады. Аудитория қорғалған сипаттамалар бойынша нысана ретінде таңдаған адамдарына немесе адамдар тобына қарсы әрекетке барады деген қауіп қана 20-баптың аясында қаралады, қандай да бір оқиғадан бөлек, жеккөрініш туғызатын сөздерден нысанаға алынған топ сезінетін зәбір немесе реніштің бұдан айырмасы бар деп есептеледі.

Автор әлдекімдерге қорғалған сипаттамаларына қарай басқа адамдарды айдап салуға тырыспаса, ондай «жеккөрініш тілі» жоғарыда аталған критерийге сай келмейді. Дегенмен айтылған сөз кей жағдайда мемлекеттің шектеу қоюын талап ететін ірі проблемаға айналмауы үшін 20-баптағы «айдап салу» деңгейіне жетпеуі керек.

Адам құқықтары саласындағы әмбебап стандарттар бойынша ондай «жеккөрініш тіліне» Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің 19-бабында көрсетілген бірқатар негізге сай, атап айтқанда, басқа адамдардың құқықтары мен беделін және мемлекеттік қауіпсіздікті, қоғамдық тәртіпті, халық денсаулығын немесе әдет-ғұрпын қорғау үшін шектеу қойылуы мүмкін.

Кей жағдайда «өшпенділік тілі» жеккөрінішті насихаттамаса да, нақты адамдарды көздеуі мүмкін. Ондай сөздер көбіне әйелдерге, ЛГБТИК-қоғамдастықтарға және басқа да маргиналданған топтар мен азшылықтарға бағытталады. Ондай «өшпенділік тілінің» өршелене дискриминациялайтын сипаты болады және нысанасына алынғандарды қаты қорлауы әрі оларға зиян келтіруі

мүмкін. Кей жағдайда мұндай сөздер тілдеу, зорлық-зомбылық жасаймын деп қауіп төндіру немесе тиісу формасында болуы мүмкін және нысанаға алынған адамның денесіне немесе психикасына зақым келтіруі мүмкін.

Адам денесіне және/немесе психикасына айтарлықтай нұқсан келтіретін қауіп туындаса, «өшпенділік тіліне» шектеу қойған орынды, өйткені ондай кезде шектеу өмір сүру, адамдыққа жат әрі ар-намысты қорлайтын әрекеттен азат болу, жеке өмір мен тең қарым-қатынас құқықтарын қорғау үшін қажет.

Қазақстан, Өзбекстан, Тәжікстан және Қырғызстан Конституциялары әр азаматқа еркін пікір білдіруге, сөз бен баспасөз бостандығына құқық береді. Ал елдердің Қылмыстық кодекстері өшпенділікті (Қырғыз Республикасы, Тәжікстан, Өзбекстан) немесе алауыздықты (Қазақстан) туғызуға (Қырғыз Республикасы, Тәжікстан, Өзбекстан), қоздыруға (Қазақстан) жаза қарастырады.

Қырғыз Республикасы Қылмыстық кодексінен. 313-бап. «Нәсілдік, этностық, ұлттық, діни немесе аймақаралық өшпенділікті (алауыздықты) туғызу»:

«Нәсілдік, этностық, ұлттық, діни немесе аймақаралық өшпенділікті (алауыздықты) туғызуға, ұлттың қадір-қасиетін кемсітуге, сол сияқты азаматтарды дінге, ұлтқа немесе нәсілге қатысты белгілері бойынша айрықша, артық немесе толыққанды емес деп насихаттауға бағытталған, көпшілік алдында немесе бұқаралық ақпарат құралдарын және интернетті қолданып жасалған іс-әрекет».

Тәжікстан Республикасы Қылмыстық кодексінен. 189-бап. «Ұлттық, нәсілдік, жершілдік немесе діни өшпенділік туғызу»:

«Ұлттық, нәсілдік, жершілдік немесе діни өшпенділікті немесе алауыздықты туғызуға, ұлттың қадір-қасиетін кемсітуге, сол сияқты азаматтардың дінге, ұлтқа, нәсілге немесе жерге қатысы бойынша айрықшалығын насихаттауға бағытталған іс-әрекет, егер ол іс-әрекет көпшілік алдында немесе бұқаралық ақпарат құралдарын қолданып жасалса».

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінен. 174-бап. «Әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни алауыздықты қоздыру»:

«Әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни алауыздықты қоздыруға, азаматтардың ұлттық ар-намысы мен қадір-қасиетін не діни сезімдерін қорлауға бағытталған қасақана әрекеттер, сол сияқты азаматтардың дінге көзқарасы, тектік-топтық, ұлттық, рулық немесе нәсілдік қатыстылығы белгілері бойынша олардың айрықшалығын, артықшылығын не толыққанды еместігін насихаттау, егер бұл іс-әрекет жария немесе бұқаралық ақпарат құралдарын немесе телекоммуникациялар желілерін пайдалана отырып, сол сияқты әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни алауыздықты насихаттайтын әдебиетті немесе өзге де ақпарат жеткізгіштерді дайындау немесе тарату жолымен жасалса».

Өзбекстан Республикасы Қылмыстық кодексінен. 156-бап. «Ұлттық, нәсілдік, этностық немесе діни өшпенділікті туғызу»:

«Ұлттық, нәсілдік, этностық немесе діни өшпенділікті насихаттайтын материалдарды дайындау, тарату мақсатымен сақтау немесе тарату...

Ұлттық ар-намыс пен қадір-қасиетті кемсітетін, діни немесе атеистік көзқарасына байланысты азаматтардың сезімін қорлайтын, ұлттық, нәсілдік, этностық немесе діни белгілері бойынша халық топтарына деген өшпенділікті, төзбеушілікті немесе алауыздықты туғызу мақсатымен жасалған, сол сияқты олардың ұлттық, нәсілдік, этностық ерекшеліктеріне немесе дінге қатысына қарай құқықтарын тікелей немесе жанама шектеу немесе құқықтарына тікелей немесе жанама артықшылық белгілеу».

Нормалар қылмыс заңнамасының төмендегі бөлімдері мен тарауларында көрсетілген:

Қырғыз Республикасы

- IX бөлім. Мемлекеттік билікке қарсы қылмыстар.
- 43-тарау. Конституциялық құрылыс негіздері мен мемлекет қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар.

Тәжікстан Республикасы

- VIII бөлім. Қоғамдық қауіпсіздік пен халық денсаулығына қарсы қылмыстар.
- 21-тарау. Қоғамдық қауіпсіздікке қарсы қылмыстар.

Қазақстан Республикасы

- 4-тарау. Бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар.

Өзбекстан Республикасы

- Екінші бөлім. Бейбітшілік пен қауіпсіздікке қарсы қылмыстар.
- VIII тарау. Бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар.

Демек, қылмыс деп танылған бұл әрекеттер көбіне жеке тұлғаны, адамның конституциялық құқықтары мен бостандықтарын емес, мемлекет пен оның қауіпсіздігін қорғау тұрғысынан қаралады. Ал қорғалған сипаттамалар тізімі адамның нәсілдік, этностық, ұлттық, діни, аймақаралық, жершілдік, әлеуметтік, рулық және тектік-топтық табиғатымен шектеледі.

Жоғарыда аталған нормалар жалпылама түсіндіріліп тұр, оларда «өшпенділік тілі» (жеккөрініш тілі) немесе «дискриминациялаушы сөз» деген ұғым жоқ. Сонымен бірге заңнамада жарияланымдардағы жағымсыз деп бағаланатын (рұқсат етілген) және жеккөрінішімен қылмысқа себеп болуы мүмкін заңға қайшы (қылмыс деп танылған) контент деген ұғым да айтылмайды.

Бұл факторлар төзімсіздікті насихаттауға жеткілікті тосқауыл қойылмауына да, азшылық өкілдерінің конституцияда көрсетілген саяси, әлеуметтік және мәдени құқықтарын іске асыруға да бірдей ықпал етеді.

Автордың ниеті мен қабілетінен келуі мүмкін ерекше әрі орны толмас зиянды болдырмау үшін халықаралық

құқық мемлекеттерден «өшпенділік тілінің» («жеккөрініш тілінің») неғұрлым ауыр түрлеріне тыйым салуды талап еткенімен Өзбекстан, Тәжікстан және Қазақстанның қылмыс заңнамалары қорлауды да қылмыс деп таниды. Қорлау деп мынаны айтады:

- «Қорлау, яғни адамның абыройы мен қадір-қасиетін әдепсіз түрде қасақана кемсіту». (ӨР ҚК: 140-бап. Қорлау. VI тарау. Бостандыққа, абырой мен қадір-қасиетке қарсы қылмыстар);
- «Қорлау, яғни басқа адамның абыройы мен қадір-қасиетін әдепсіз түрде кемсіту». (ҚР ҚК: 131-бап. Қорлау. 1-тарау. Жеке адамға қарсы қылмыстық құқықбұзушылықтар).

Ал Тәжікстанның Қылмыстық кодексінде «Тәжікстан Республикасы президентін көпшілік алдында қорлау немесе оның атына жала жабу» (17-тарау. Жеке бостандық, абырой мен қадір-қасиетке қарсы қылмыстар) және «Бейбітшілік пен ұлттық бірліктің негізін қалаушы – ұлт көшбасшысын көпшілік алдында қорлау мен оның атына жала жабу» (137-бап [1]) баптары бар. Тәжікстанның қылмыс заңнамасы «билік өкілін қорлау» (330-бап) және «әскери қызметшіні қорлау» (372-бап) үшін де жаза қарастырады.

Бұл жерде адам айтқан сөздер арандататын әрі қорлайтын болуы мүмкін, жалған тұжырым деп сипатталып, төзімсіздік мәселесін көтеруге себеп болуы мүмкін, бірақ пікір орынды түрде шектелетін ауыр деңгейге жетпеуі керек екенін ескерген маңызды.

Қылмыстық жаза тек ақырғы шара ретінде әрі ең ауыр жағдайларда ғана

қолданылуы керек, «өшпенділік тіліне» («жеккөрініш тіліне») қатысты санкция негізінен азаматтық және әкімшілік құқық шеңберінде салынып, материалдық және материалдық емес нұқсанды өтеу мүмкіндігі және заңсыздық бұқаралық ақпарат құралдарында болса, фактілер мен жауаптарды түзеу құқығы берілуі керек.

Азшылық өкілдері мен әлеуметтік топтарды төзбеушіліктен, зорлық-зомбылықтан, стигматизациядан тиімді қорғауды насихаттау үшін және аймақта адам құқықтарына қатысты ахуалды жақсарту үшін адам құқықтарын қорғайтын және насихаттайтын халықаралық механизмдер мемлекеттерге дискриминацияға қарсы жан-жақты қамтитын заңнама қабылдауды үнемі ескертіп келеді.

Дереккөздер тізімі

1. Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы / БҰҰ Бас ассамблеясының 1948 жылғы 10 желтоқсандағы 217 А (III) резолюциясымен қабылданған.
2. Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт / БҰҰ Бас ассамблеясының 1966 жылғы 16 желтоқсандағы 2200 А (XXI) резолюциясымен қабылданған.
3. 2017 жылғы 2 ақпанда қабылданған № 19 Қырғыз Республикасының Қылмыстық кодексі (Қырғыз Республикасының 2017 жылғы 24 қаңтардағы № 19 заңымен 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енген)
4. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі (ҚР 2015 жылғы 24 қарашадағы № 422-V заңы, 2020 жылғы 16 желтоқсаннан бастап күшіне енген, 2020 жылғы 6 қазандағы мәлімет бойынша өзгерістері мен толықтырулары бар).
5. 1998 жылғы 21 мамырда қабылданған № 574 Тәжікстан Республикасының Қылмыстық кодексі (2020 жылғы 7 тамыздағы мәлімет бойынша өзгерістері мен толықтырулары бар).
6. Өзбекстан Республикасының Қылмыстық кодексі (Өзбекстан Республикасының 1994 жылғы 22 қыркүйектегі № 2012-XII заңымен бекітілген, 2020 жылғы 5 қарашадағы мәлімет бойынша өзгерістері мен толықтырулары бар).
7. «Өшпенділік тілін» түсіндіру: Практикалық оқулық, 2015 жыл, Article 19 – Free Word Centre 60 Farringdon Road London, EC1R 3GA United Kingdom

4-сабақ

4-тақырып

Орталық Азия елдерінің дәстүрлі
және жаңа медиасындағы
«өшпенділік тілі»



Тақырыпшалар

- «Өшпенділік тілінің» бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілерде пайда болу себептері мен ерекшеліктері
- Қазіргі ақпарат соғыстары: фейктер, боттар мен тролльдер – «өшпенділік тілін» өндірушілер
- «Өшпенділік тілінің» Орталық Азия елдеріндегі жергілікті БАҚ пен әлеуметтік желілерде пайда болу ерекшеліктері

Пәндер интеграциясы

«Қазіргі қазақ/қырғыз/тәжік/өзбек тілі» (әр елге байланысты), «Ана тілінің стилистикасы мен сөйлеу мәдениеті», «Этнолингвистикаға кіріспе», «Қазіргі орыс тілі», «Журналистика негіздері», «Журналист этикасы», «Медиаэтика», «Конфликтологиялық журналистика», «Конфликтология», «Медиақұқық», «Мәтін теориясы», «Лингвистикалық зерттеулердің қазіргі әдістері», «Лингвистикалық сараптама», «Саяси лингвистика», «Қазіргі шетел бұқаралық ақпарат құралдары», «Интернет-журналистика», «Стилистика», «Журналист жұмысындағы әлеуметтік желілер», «Әлеуметтік журналистика типологиясы», «Журналистика социологиясы», «Журналистика психологиясы», «Мәдениетаралық коммуникацияның теориясы мен практикасы».

Сабақ мақсаттары

Танымдық:

- студенттер «өшпенділік тілінің» пайда болу себептерін түсінеді және Орталық Азияның әр еліндегі ерекшеліктерін біледі;
- студенттер фейк жаңалықтар технологиясын, авторлардың мақсатын, тарату себептерін анықтауды үйренеді;
- студенттер манипуляцияның, насихат пен үгіттің, психологиялық агрессияның табиғаты мен «өшпенділік тілінің» қолданылу мақсаттарын түсінеді;
- студенттер медиасферадағы қазіргі процестерді сипаттауға қолданылатын терминдердің мағынасын біледі.

Әлеуметтік-эмоциялық:

- студенттер әрбір тұлғаның құқығын ол қандай топқа жататынына, көзқарасы, этносы мен нәсілі басқа болғанына, дене және ақыл-ой ерекшелігіне қарамастан құрметтеу керек екенін түсінеді;
- студенттер әлдекімге сөзбен, көпшілік алдында айтылған пікірдің түпкі мақсатымен зиян тигізудің барлық қаупін түсінеді;
- студенттер тұлғааралық коммуникацияда, кәсіби ортада, медиакеңістікте сөзді жауапкершілікпен қолданады.

Мінез-құлыққа қатысты:

- студенттер көпшілік алдында сөйлегенде, пікірталастарда «өшпенділік тілін» шектеуді үйренеді;
- студенттер терминдер мен сөздерді қазіргі нормаларға қаншалықты сай екенін тексере отырып және мамандардың кеңесіне сүйене отырып, орынды қолдануды үйренеді;
- студенттер бейресми коммуникацияда, кәсіби ортада тіл агрессиясын азайту амалдарын табу мен қолдануды үйренеді;
- студенттер «өшпенділік тілінің» пайда болу себептерін, авторларының мотивациясын талдауды және олардың шын мақсаттары туралы пайымдауды үйренеді;
- студенттер дау не жанжал кезінде қатысушылардың жеке қасиетіне тиіспей, мәдениетті пікір таластыруды үйренеді.

Сабақ өткізу уақыты	1 сағат 20 минут
Сабақ өткізу әдістері	Өзіндік жұмыс (сабаққа дейін): тақырып бойынша дереккөздермен жұмыс істеу (тақырыпқа қатысты мақалалар, теле-, радиобағдарламалар, зерттеулер, мониторинг бойынша есептер және басқалар), дискуссия, ашық және пысықтайтын сұрақтар, оқытушының презентациясы, талқылау, онлайн тестілеу. Оқытушыға арналған кеңес. Оқытушы студенттерге дереккөздер тізімін күні бұрын береді.
Бағалау әдістері	Жаттығу орындау, пысықтайтын сұрақтар, онлайн тестілеу, мысалы, Kahoot платформасында (Qlever).
Негізгі ұғымдар	Дискриминация, экстремизм, ксенофобия, гомофобия, расизм, сексизм, национализм, антисемитизм, этноцентризм, толеранттық, инклюзивтік, саяси дұрыстық, тролльдер, буллинг, хейт, фейк, дезинформация.
Қажет ресурстар	Слайдқа басылған немесе флипчартқа жазылған сабақ мақсаттары, видео-проектор, компьютер, түсті қағаз, қайшы, маркерлер, тақта, скотч.



Сабақ жоспары

1. ҮЙІРУ



2. АҚПАРАТПЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ

Қажет материалдар: кинофильмдерден, бұқаралық ақпарат құралдарындағы мақалалар мен бағдарламалардан, саясаткерлердің сөзінен, қазіргі орындаушылардың шығармашылығынан, ойын-сауық шоуларынан алынған «өшпенділік тілі» бар мысалдар және Орталық Азия елдері тәжірибесіндегі кейстер.

Өткізу әдістемесі.

Оқытушы «өшпенділік тілі» қолданылған кинофильмдерден, БАҚ мақалалары мен бағдарламаларынан, саясаткерлердің сөзінен, қазіргі орындаушылардың шығармашылығынан, ойын-сауық шоуларынан мысал келтіреді.

ТАЛҚЫЛАУҒА ҚАЖЕТ СҰРАҚТАР

1. Бұл материалдарда адамдар неге «өшпенділік тілін» қолданды?
2. Сіздерге әлеуметтік желілердегі немесе өмірдегі қудалау, жеккөрініш көріністері таныс па? Сіздің ойыңызша, жаппай қудалау мен агрессия не нәрсеге негізделеді?
3. Қандай сөздер қолданылу контексіне қарай әртүрлі қабылдануы мүмкін? Мысал келтіріңіз.

Өткізу әдістемесі.

Орталық Азия елдері тәжірибесінен алынған кейстермен жұмыс істегенде оқытушы студенттерге мына сұрақтарға жауап беруді ұсынады:

1. Жанжалсыз қоғам болуы мүмкін бе?
2. Әлеуметтік желілерден «өшпенділік тілінің» қандай үлгілерін жиі көресіз? Ол кімдерден шығады, мақсаты не?
3. «Трольдер фабрикасының» белсенді әрекеті қоғамдағы қандай да бір оқиғаларға байланысты ма? Мысал келтіріңіз.
4. «Өшпенділік тілін» қолдану мен фейк ақпарат таратудың қандай салдарын білесіз?



3. ӘРЕКЕТ ЕТ

ЖАРИЯЛАНЫМ ТАҚЫРЫБЫНА АНАЛИЗ ЖАСАУ ЖАТТЫҒУЫ

Өткізу әдістемесі.

Оқытушы студенттерге «Жеткен жеріміз осы! Ресейде мигранттардың аяғын сүйе басталды» (Орталық Азиядан келген мигранттың алдына тізерлеп отырып, оның аяқкиімін тазалаған Ресей белсендісі туралы мақала) деген жарияланымның тақырыбын оқып, талдау жасауды ұсынады.

ДИСКУССИЯҒА ҚАЖЕТ СҰРАҚТАР

1. Бұл тақырып қандай мақсатпен қойылған деп ойлайсыздар?
2. Тақырып авторлардың (немесе редакцияның) мақала кейіпкерлеріне көзқарасы қандай екенін білдіріп тұр?
3. Оқырман тақырыпты қалай қабылдауы мүмкін деп ойлайсыз: бейтарап, жағымсыз, оң? Пікіріңізге дәйек келтіріңіз.
4. БАҚ-тың осындай тақырып қолдануына себеп болған жайттарды атаңыз.
5. Осы тақырып орнына өшпенділігі жоқ өз нұсқаңызды айтыңыз.

Оқытушыға арналған кеңес.

Студенттерге «өшпенділік тілі» дискриминациялайтын және қорлайтын сөздерсіз-ақ жақтырмау мен наразылықты білдіре алатынын түсіндіру керек. Аталған тақырыптағы бір де бір сөздің негатив мағынасы жоқ, бірақ бәрі бірігіп келіп, еңбек мигранттарына деген жағымсыз көзқарасты білдіріп тұр. Сондықтан мақала авторлары әрекетінің себептері мен мақсаттарын анықтауды, жарияланымдар мен жазбалардың пайда болу контексін зерттеуді, ондай мәтіндердің аудиторияға әсерін: толеранттыққа, агрессияны азайтуға, қоғамда жеккөрініш туғызуға ықпал ете ме, соны бағалауды үйренген маңызды.



4. ҚОРЫТЫНДЫ ШЫҒАРУ

Өткізу әдістемесі.

Оқытушы студенттерге сабақты қорытындылауды ұсынып, екі сұраққа қысқаша жауап беруді өтінеді:

1. Бүгінгі сабақта не білдім?
2. Бүгінгі сабақта нені үйрендім?



Ақпаратқа шолу жасау

«ӨШПЕНДІЛІК ТІЛІНІҢ» ҚАЗІРГІ
БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ МЕН
КОММУНИКАЦИЯ КЕҢІСТІГІНДЕ ПАЙДА БОЛУ
ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫЛУ СЕБЕПТЕРІ

«Өшпенділік тілі» — жанжалдардағы сөз қолдану тілі. Жанжалдар болса, қарама-қайшы позициялардың, көзқарастардың, дүниетанымдардың, көшбасшылар, қоғамдастықтар, этностар, мемлекеттер, кез келген әртүрлі топ арасындағы қарама-қайшылықтың салдары. Жанжалдар қоғамда, индивидтер арасында да, адамның өз ішінде де әрқашан болған, бар және бола береді десек, сөйлеу агрессиясы да — адам өміріндегі коммуникацияның бұрыннан келе жатқан және болмай қоймайтын бөлігі, адамның пікір білдіру формасы.

Ежелгі Римде-ақ риторикаға «жеке басқа ауысу» (латынша *ad personam*) деген термин енгізілген — оппонентті тікелей сынау немесе қорлау. Бұл әдіс көпшілік дебаттарда аудиторияны сендірудің тиімді амалы ретінде қолданылған, өйткені сол арқылы тыңдаушылардың эмоциясына, өмірге көзқарасына және жалған сенімдеріне арқа сүйеуге болады. Әдіс риторикада әдеттегі норма деп есептелген, ол көпшілік алдындағы мәлімдемелерде әлі күнге дейін қолданылады. Сонымен бірге «өшпенділік тілі» қоғам дамуының белгілі бір кезеңіндегі әлеуметтік норма туғызатын ерекшелік

екенін де түсіну керек. Ол аспаннан түспейді, кей кезеңде нормалар өзгереді де, тілдің бір бөлшегіне тыйым салынады не, керісінше, рұқсат етіледі. Бұл — қоғамның трансформациясын көрсететін, дамудың сол кезеңіндегі әр елдің ерекшелігін, қоғамдастықтарын, мәдени нормаларын, құндылықтары мен дәстүрлерін есепке алатын тірі процесс.

Мысалы, Қырғыз Республикасында дененің кей бөлігі ашық болмауы керек деген талапты ұстанатын, сақал өсіріп, арабтың дәстүрлі киімін киетін мұсылмандардың көбеюімен бірге бұрын «өшпенділік тілі» деп есептелмеген қарапайым сөздер өзгеше эмоциялық реңкпен қолданыла бастады. *Сакалчан* (қазақша «сақалды»), *дамбалчан* (қазақша «дамбалшаң»), *матрешка* (орыстың орамал таққан қыз бейнесіндегі ағаш ойыншығы) дегендер тілде әрдайым бейтарап, қандай да бір жағымсыз реңкі жоқ сөздер ретінде қолданылған еді. Қазір олар екі мағынада қолданылады:

- 1) бейтарап: «Анасы дүкеннен қызына матрешка сатып әперді», «Азыр сакалчан жаш эркектер модаға айланды, хипстер деп аталып» («Қазір жас жігіттердің сақалды болуы сәнге айналды, оларды «хипстер» дейді»);
- 2) жаңа негатив мағынада: зайырлы мектептерде орыс қуыршағына ұқсайтындықтан орамал таққан қы-

здарды «матрешка» деп мазақтайды; тобыққа дейін түсетін киім киетіндіктен жергілікті мұсылмандарды «дамбалчан» дейді, «сакалчан» сөзі «сакалды мұсылман» немесе «діни фанат» деген мағынада қолданыла бастады.

Бұл жағдайда «өшпенділік тілінің» авторлары — «арабтандыруға», «діни фанатизмге» қарсы, зайырлы нормаларды немесе жергілікті ұлттық дәстүрлерді қолдайтын адамдар, ұлттық дәстүр бойынша қыздар күйеуге шықпай тұрғанда орамал тақпайды, ерлер жас кезінде ұзын сақал қоймайды, ішкіім тәрізді шалбар кию ұят деп есептеледі.

Орыс тілі мен әдебиетінде, ауызекі тілде «негр», «мүгедек» деген бейтарап қолданылатын сөздер еді, бірақ қазіргі кезде толеранттық пен саяси дұрыстық талабы бойынша белгілі бір топтарды дискриминациялайтын сөздерден бас тартып, оларды басқа сөздермен ауыстыру керек екені ескертіледі: «мүгедектер» дегеннің орнына «мүгедектігі бар адамдар», «негрдің» орнына «афроамерикалық», «қара нәсілді» немесе нақты шығу тегіне қарай, мысалы, «конголық». Нәсіл бойынша дискриминация АҚШ-тағыдай аса өткір сипат ала қоймаған Орталық Азия елдерінде мүгедектігі бар адамдар құқығы да әзірше қоғамның күн тәртібіндегі маңызды мәселеге айналған жоқ, журналистер мен желі қолданушыларының бәрі бірдей мұндай талапты ескере бермейді, мысалы, халықаралық тәжірибеде дұрыс емес деп есептелетін сөздер БАҚ материалдарында кездесіп қалады. Дегенмен кей ақпарат құралы адамды идентификациялау үшін қазірдің өзінде бей-

тарап сөздерді қолданады, мысалы, Tengrinews.kz материал кейіпкерін «нигериялық» деп қай елден келгенін ғана білдірген.

Мамандар мынадай үрдіске алаңдап отыр: әдебиет тілі нормалары медиа-кеңістіктен ығысып, оларды көше немесе түрме жаргоны алмастырып жатыр. Бояу-эмоциясы күшті болғандықтан бейнорматив лексика мен қылмыс әлемінің сленгі қолданысқа кеңінен ене бастады. Оны «Дәретханада тұрған жерінде құртамыз!» (1999 жылғы 24 қыркүйекте Астанада өткен баспасөз мәслихатында сол кездегі Ресей Федерациясы Үкіметінің төрағасы Владимир Путин айтқан сөз, түпнұсқасы: «В сортире замочим!») деген саясаткерлер бастап беріп, БАҚ жарыса таратты, басқа саясаткерлер, ток-шоу мен киноиндустрия продюсерлері, шоу-бизнес, әлеуметтік желі қолданушылары іліп әкетті.

Қорыта айтқанда, әлеуметтік-мәдени нормалардың, құндылықтардың өзгеруі тілге, бір жағынан, «өшпенділік тіліне» шектеу белгілеп, екінші жағынан, оның лексикасын, қолданыс аясын кеңейтіп ықпал етеді.

ҚАЗІРГІ АҚПАРАТ СОҒЫСТАРЫ: ФЕЙКТЕР,
БОТТАР, ТРОЛЛЬДЕР — «ӨШПЕНДІЛІК
ТІЛІН» ӨНДІРУШІЛЕР

Медианы қолданатын қазіргі саяси технологиялар «өшпенділік тілі» арқылы қоғам пікіріне ықпал ету стратегиясын жасайды. Дәстүрлі БАҚ пен әлеуметтік желілер елдер үкіметі арасындағы гибрид соғыс алаңына, әсіресе сайлау кампаниясы, саяси дағдарыстар, шекарадағы жанжалдар мен сауда соғыстары кезінде саяси оппоненттердің беделіне нұқсан келтіретін ақпарат тарату орнына айналып жатады. Бұл жерде тіл агрессиясының екі типін ажыратуға болады: қасақана қолданылған және білместіктен қолданылған.

«Тролльдер фабрикасы», боттар — саясаттағы немесе бизнестегі виртуал соғыстар мен «қара» пиардың ажырамас бөлігіне айналған жаңа медиаинструменттер. Мұндай «фабрикаларда» сыйақыға тапсырыс орындайтын ондаған, тіпті мыңдаған фейк аккаунты бар кәдімгі адамдар жұмыс істейді. Осындай жергілікті «фабрикалардың» жұмысы туралы Орталық Азияның әрбір еліндегі бұқаралық ақпарат құралдары жазып тұрады. Тролльдер мен боттар қолданатын әдістер — тапсырыс берушінің оң имиджін белсенді насихаттау, оның оппоненттерінің беделін түсіру, қандай да бір құндылықтарды, шешімдерді насихаттау немесе кері насихаттау, алауыздыққа айдап салу немесе оны өршіту, қоғамда жеккөрініш ошақтарын қалыптастыру. Мұндай «фабрикалардың» жұмысына көбіне түрлі форматтағы дәстүрлі БАҚ

та, жаңа медиа да (YouTube-арналар, әлеуметтік желілердегі парақшалар), өз нигімен тапсырыс бойынша жұмыс істейтін шын қолданушылар да қосылады.

Әдетте дискуссия барысында жанжал туғызуы мүмкін тақырыптар пайдаланылады: ұлттар мен этностар, дін, саяси көзқарас, гендер және ориентация, геосаясат, патриотизм, ешқашан бітпейтін, жеңімпазы болмайтын даулар. Бұған жеккөрініш риторикасы, фейк ақпарат (мәгіндер, қолдан жасалған фотосуреттер мен видео) пен мемдер тиімді тіл құралы ретінде пайдаланылады. Жаппай фейк никтерден жазылатын пікірлер белгілі бір түсінік — қоғамдық пікірдің біреу немесе бірнәрсесі туралы оң немесе жағымсыз векторын қалыптастыруға бағытталады. Әрі пікірдің жаппай жазылуы «бұл — қоғамның көп бөлігінің пікірі» деген иллюзия туғызып, қандай да бір әрекетке қозғау салу үшін қажет. Түпкі мақсат — қолданушылар белгілі бір шешім шығаруы үшін, мысалы, бір кандидатқа немесе партияға дауыс беру немесе дауыс бермеу, оппозиция жетекшілерін қолдау немесе қолдамау, бір өнімді немесе қызмет түрін сатып алу немесе одан бас тарту, билік шешімін қолдау немесе оған қарсы болу және тағы басқа — олардың санасына, көзқарасына ықпал ету.

Арнайы мақсатқа бағытталған осындай қозғау қоғамның жікке бөлінуіне әкеліп соғады, арандататын контент-

ке сенген шын қолданушылар да көрсетілген оппоненттермен қорлайтын және зорлық-зомбылыққа радикал түрде үндейтін «өшпенділік тілінде» сөйлесіп кетеді. Мұндай жағдай, мысалы, Орталық Азия елдері азаматтары арасында шекара жанжалы ушыққан кезде байқалды. Жанжал орнынан түсірілген видео WhatsApp-та таралып, YouTube, Instagram, «Одноклассники» желілерінде «соққы беру керек», «орнына қою керек», «үйлерін өртеу керек», «құрту керек» деген және басқа да пікірлермен, үндеулермен жарияланды. Мұндай жайт қоғамда, әсіресе экономикадағы, әлеуметтік саладағы проблемалардың салдарынан, билік-тегілердің жанжалдарды болдырмау мен оларды бейбіт шешудегі әрекетсіздігінен немесе кәсіби біліксіздігінен қақтығыс жиі болып жататын шекаралас аудандарда жеккөрініш отын өршіте түсетіні анық.

Интернеттегі сөз бен пікір білдіру бостандығы принциптері, форумға қатысушылар мен әлеуметтік желі қолданушылары арасындағы анонимдік пен қашықтық, интернеттегі жазасыздық, жаппай жылдам виртуал жұмылдыру мүмкіндігі «өшпенділік тілімен» өзара агрессияны оп-оңай өршітуге, адамды киім киісі, ориентациясы, көзқарасы сияқты белгілі бір ерекшелігі бойынша жаппай құдалауға (буллинг, моббинг) жағдай жасайды. Онлайн құдалау (кибербуллинг) салдарынан пубертат жастағы балалар жасаған суицид саны артқаны тіркеліп отыр. Ондай жағдайлар кибербуллинг деген атауға ие болды. Кибербуллингте ересектер де — артистер, белсенділер, басқа да белгілі адамдар ұшырап жатады. Бірден негатив баға беріп, пікір айтатын адамдарға хейтер (ағылшынша Hate — «жеккөрініш») де-

ген атау берілді. Әлеуметтік желілер адамдардың түрлі тобын, түрлі лексиканы, мәдениет, тәрбие мен білімнің түрлі деңгейін, түрлі дүниетанымды араластырып жіберді. Мұндай айырмашылықтар жанжалды да, ықпалдастықты да туғызады. Талқыланып жатқан адам немесе зат туралы толық не рас ақпараттың орнына қоғамда стереотиптер мен жалған сенімдер болуы да — «өшпенділік тілінің» ұдайы көрініс беруіне бір себеп.

Қасаң стереотиптер, жалған сенімдер мен тұжырымдар әдетте теңдік, көптүрлілік, толеранттық, инклюзия, әлеуметтік интеграция принциптері туралы ақпарат ала алмайтын, білімі мен мәдениетінің даму деңгейі төмен, әсіресе әртүрлі мәдениет, дін, этнос пен тағы басқасының бейбіт өмір сүру тәжірибесін көрмеген ортада нық өрістейді.

Бұл контексте қарапайым қолданушылар да, бұқаралық ақпарат құралдары да «өшпенділік тілін» білместіктен қолдануы мүмкін. Журналист немесе редактор да стереотиптер шырмауында болып, аудиторияның үдесінен шығу үшін әрі жазылушыларды не көрерменді көбірек тарту үшін бейнелі тіл, тартымды анонс, сенсация қуамын деп, белгілі бір терминдерді қауіп мен сорақылығын білмей қолдануы мүмкін.

**«ӨШПЕНДІЛІК ТІЛІНІҢ» ОРТАЛЫҚ АЗИЯ
ЕЛДЕРІНДЕГІ БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ
ҚҰРАЛДАРЫ МЕН ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕ
ПАЙДА БОЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Бұл «өшпенділік тілі» курсында 2020-2022 жылдары ВРУСА жобасы аясында Орталық Азияның төрт елінде тұрақты жүргізілетін БАҚ, әлеуметтік желілер мен пікір көшбасшыларының көпшілікке жариялаған сөздеріне қатысты мониторинг барысында тіркелген фактілердің кейбірі келтірілді. Авторлар пікірінің түпнұсқасы, стилі, грамматикасы мен орфографиясы өзгертілмеді.

Қазақстан Республикасы

«Өшпенділік тілі» мен дезинформациясы бар тақырыптар

Ұлтшылдық (барлық халық, әсіресе дүнгендер, қытайлар мен орыстар туралы), салафизм, синофобия, тіл (қазақ, орыс), өзін өзі ажуалау, дін, салыстыру (теріс сипаттаумен) және гендер теңсіздігі.

Контекст пен триггерлер

COVID-19 пандемиясы. Мониторинг жүргізілген кезеңде Қазақстан медиасындағы негізгі тақырып коронавирустың таралуы болды. Тұрғындар неғұрлым көп қолданатын WhatsApp мессенджерінде қалалардағы коронавирус жұқтырғандар саны, вакциналар, шипасы күшті халық емі туралы түрлі фейк тарайды.

Синофобия. 2020 жылғы 14 сәуірде Қазақстан www.sohu.com сайтында қытай тілінде жарық көрген «Қазақстан неге Қытайға оралуға талпынады?» деген мақалаға қатысты Қытай Халық Республикасына (ҚХР) нота жолдады. Мақалада Қазақстан аумағы бұрын Қытайдікі болғаны және қазақтардың көбі әлі күнге дейін ҚХРға қосылуды армандайтыны айтылған. Бұл мақала үлкен резонанс туғызып, «Қытай Қазақстанның егемендігіне қол сұғады» деген бұрыннан бар қауіпті одан әрі өршітті. Осы туралы хабарламаларға жазылған пікірлер көп болды әрі ұстамды риторика байқалмады: «Вернуть??? нужно отжимать вместе с остальным миром ущерб за вирус. уже готовится почва со стороны США и британцев. Нам нужно просто задвигаться. тут уже без шансов оставим коммуныг. помпео поддержит однозначно. еще бабла подкинет за сотрудничество» (қазақшасы: «Оралу??? Дүниежүзінің басқа бөлігімен бірге вирустың шығыны үшін жерін тартып алу керек. АҚШ пен ағылшындар тарапынан қазірдің өзінде негіз дайындалып жатыр. Әрекет етуіміз керек. Сонда «коммуныгаларды» шансыз қалдырамыз. Помпео сөзсіз қолдайды. Тіпті ынтымақтастық үшін ақша да береді»).



Ақпарат көзі:
Tengrinews.kz

Бұл трендке адамдардың корона-вирустың ең әуелі Қытайда тіркелген жаңа типінен қорыққаны да себеп болды.

Дискриминация, коронавируc жұқтырғандардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіру

Тбилисиден Алматыға ұшып келген Қазақстан блогеріне қарсы қудалау кейсі. Қыз өзінен коронавируc анықталғаннан кейін басындағы жағдайды айтайын деп, бірнеше рет сұхбат берген. Ол бірден жеккөрінішке ұшырады. Адамдар оны шетелге барды деп айыптады. «Әуежайдан тұратын жеріне дейін апарған таксиске ауру жұқтырды» деген жағымсыз пікірлер де жазылды. Кейін WhatsApp-та «бұл қыз Мальдив аралдарында демалған, Алматыда емес, Павлодарда тұрады» деген жалған ақпарат тарады. «Адамдардың бір бөлігі мені өртеп жібергісі келді, таксиске ауру жұқтырғаным үшін түрмеге отырғызбақ болды. Расында бізді әуежайдан соң бірден үйге жіберген еді. Біреу WhatsApp-та менің Instagram-ыма сілтеме беріп, Павлодарда тұратынымды, Мальдивтен келіп, билікпен жасырынып, адамдарға ауру жұқтырып жүргенімді хабарлапты. Маған көп қарғыс айтылды».



Ақпарат көзі:
Tengrinews.kz

Тағы бір кейс Қазақстанның кей өңірінде коронавируc инфекциясын жұқтырғандарға қатысты агрессиялы көңіл-күй барын көрнекі түрде дәлелдеді. Желіде Қызылорда облысындағы емхананың коронавируc жұқтырған

медбикесінің жеке мәліметтері тарады. «Ресми құжат барлық дерегімен әлеуметтік желіде тарады. Енді жан-жақтан «Сіздер екенсіздер ғой» деген сөздерімен отбасымды мазалап жатыр. Қиын жағдай. Агрессияға тап болдық. Ауылда бәрі бір-бірін біледі, телефон соғып жатыр. Мені көру үшін үйдің маңына жиналды. Неге екені белгісіз. Маза беруді өтіндік. Бұл жайсыз тиді».



Ақпарат көзі:
Tengrinews.kz

Мониторинг сарапшылары мұндай агрессия көбіне Қазақстанның шалғайдағы өңірлерінде байқалғанын айтып отыр. Жалпы халық арасында дүрлігі болған жоқ, адамдар бір-бірін қолдауға, қарттарға көмектесуге тырысты. Оны ауру жұқтырғандарға қатысты жағымсыз пікір жазған адамдарды айыптап, ондай әрекетті «ортағасыр» деп атаған пікірлерден де байқауға болады.

Ұлтаралық алауыздық

Қордайдағы тәртіпсіздік: бірнеше адамның жанжалдасуы жергілікті тұрғындардың, қазақтар мен дүнгендердің қақтығысына, үйлерді жаппай өртеуге, тұрғындардың бір бөлігінің Қырғыз Республикасына қашуына ұласты. Үкіметтің жұмыс комиссиясы бүліктің себептері ретінде тұрмыстық жанжалды және дүнгендер мен қазақтардың шекарадағы заңсыз, қылмыстық іс-әрекетін атады. Президенттің «қазақ халқы мен қазақ тілін құрметтеу керек» деген мәлімдемесін халық кең қолдай кетті: «Президент қазақ тілі туралы дұрыс айтты. Басқа ұлттар, қазақ

тілін үйреніңдер, сонда бәрі жақсы болады, қазақтар мен олардың салттары, дәстүрлерін құрметтеңдер». Бұл мысал 2020 жылғы ақпандағы негізгі тренд — қоғамдық дискуссияда қатты «өшпенділік тілі» басым болғанын айқын дәлелдейді. Дүнгендер мен қазақ тілін білмейтін басқа да этнос өкілдеріне зорлық-зомбылық пен дискриминация жасауға үндейтін сөздер айтылды.

Әйелдерді дискриминациялау

Әйелдерді дискриминациялау мақала тақырыптарында, сарапшылардың сөзінде және оқырман пікірлерінде жиі-жиі көрініп қалады: «Гендер теңсіздігін азайтуда қол жеткен прогреске қарамастан Қазақстанда халықтың 96%-ы әлі күнге дейін әйелдерге қатысты жалған тұжырымдарды ұстанады, оларға жасалған талдау кәсіби салада және жеке өмірде теңдікке жету жолында әйелдер кезігетін елеусіз кедергілерді түсінуге мүмкіндік береді», — дейді БҰҰ Даму бағдарламасының Қазақстандағы тұрақты өкілі Якуп Бершиш».



Ақпарат көзі:
Sputnik Казахстан

Бұған қатысты қазақ тіліндегі материалдардың көбі қыздарды маркерге және тауарға теңеген Омар Жәлел туралы.



Ақпарат көзі:
Tengrinews.kz
Алматы іргесіндегі «Асыл Арман» тұрғын үй кешенінде жүкті қызға бола подъезді қоршап тастады.



Ақпарат көзі:
Instagram: Бүгін Алматыда әйелдер құқығын қолдайтын марш өтті.

Қазақстандағы «өшпенділік тілі» жиі кездесетін веб-сайттар мен әлеуметтік желілер:

- zakon.kz
- Abai.kz
- Qamshy.kz
- Alashainasy.kz
- Stan.kz
- Qazaquni.kz

Қазақстандағы дезинформациясы көп веб-сайттар мен әлеуметтік желілер:

- Total.kz
- zakon.kz
- Abai.kz
- Qamshy.kz
- Jsqazaq.kz
- Stan.kz
- Sn.kz
- WhatsApp-тағы хабарламалар
- Facebook.com

Қырғыз Республикасы

«Өшпенділік тілі» мен дезинформациясы бар тақырыптар

Қытайлар, коронавирус, тәжік-қырғыз қатынасы, басқа этностарға көзқарас (өзбектерге, ұйғырларға, дүнгендерге, қазақтарға және тағы басқаларға), қандай да бір мамандық иелеріне көзқарас (дәрігерлерге, милиция қызметкерлеріне және тағы басқаларға), трайбализм (оңтүстік және солтүстік қырғыздары), ішкі мигранттар тақырыбы («айылдікілер», «мырқтар», «келімсектер», «жабайылар» және тағы басқа), педофилия, әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық,

Контекст пен триггерлер

Әйелдер мен ЛГБТ-ны дискриминациялау

Себеп — 2020 жылғы 8 наурызда Бішкекте әйелдерге жасалатын зорлық-зомбылыққа қарсы фем-белсенділер ұйымдастырған марш, оны милиция ашулы беймәлім ер адамдармен бірге аяусыз таратты. Қолданушылардың көбі өшігіп үн қатты: «ушул аялдар (қырғызша «осы әйелдер») достали, пусть сидят дома, не выходят на митинги, им это не идёт, вот бы их всех заразить коронавирусом, милиция-молодцы» (Қазақшасы: «Осы әйелдер мезі қылды, үйінде отырсын, митингіге шықпасын, оларға жараспайды, бәріне коронавирус жұқтыру керек, милиция, жарайсың»). Мониторинг сарапшылары бұл негатив реакция әйелдер құқығы үшін осының алдында өткен маршқа байланысты деп есептейді, оған гей-қоғамдастықтың халықаралық символикасы — кем-

пірқосақтүсті ту ұстаған ЛГБТ өкілдері де қатысқан. Феминистер маршы жергілікті азаматтарда ЛГБТИК-қоғамдастық туралы ассоциация туғыза бастады, сол себепті олар маршқа тыйым салуды қолдады. Қоғамда феминизм мен дәстүрлі құндылықтар арасында қарама-қайшылық болғандықтан белсенділердің «Бүгін гүл алсаң, ертең плита жаныңда тұрасың» деген мәтіні бар ұраны да наразылық реакциясын туғызды. Желіде арандату мақсатымен фейк фото тарады, онда феминистердің плакаты өзгертілген: «Мен әйелдерге зорлық-зомбылық жасауға қарсымын», «Зорлықты тоқтату керек» деген жазудың орнына «Мен чай күйбайм», «Мен күйөөгө тийбейм», «Мен төрөбөйм» (қазақшасы — «Мен шай құймаймын», «Мен күйеуге тимеймін», «Мен бала тумаймын») деп жазылыпты, бұл комментаторлардың жеккөрініші мен «өшпенділік тілін» одан сайын күшейтті.

COVID-19 пандемиясы, синофобия

2020 жылғы 9 сәуірде Қытай Халық Республикасы (ҚХР) Қырғызстанның медицина жұмысшыларына коронавируспен күрес үшін гуманитарлық көмек берді. Бұл шараға ҚР денсаулық сақтау министрі мен оның орынбасары және Қытай елшісі Ду Дэвэнь қатысты. Елші қос халықтың бауырластығы мен көмектің маңызын атап өтті. Бірақ интернет-қолданушылар жазған пікірлер жағымды болған жоқ. Вирус Қытайда пайда болғаны элеуметтік желілерде синофобияның және жергілікті билік өкілдерінің Қытай көмегін алғанына қатысты сынның өршуіне ықпал етті: «Алгыла элге таратқыла оору жуғузгула кырып салгыла элдин баарын силерге не акча эле болсо болду да, кы-

тайлар кыргызга качан бир тууган болду эле, Калыгул айткандай кытай кыргыздын биринчи душманы» (қазақшасы: «Гуманитарлық көмекпен бірге жаңа ауру келеді, сіздер ақша алсаңыздар болды, адам өлтіруге дайынсыздар, қытайлар қырғызға қашан бір туған болып еді, Қалығұл айтқандай, қытай – қырғыздың бірінші дұшпаны»).

COVID-19 пандемиясы, исламофобия

Умраға барған адамдарға, жалпы исламдағы діндар адамдарға деген жеккөрініш, агрессия күрт артты. Коронавирустан үрейлену, дүрлігу вирус жұқтырған, мәжбүрлеп оқшаулау мен карантиннен жалтару үшін анализ жасатудан, емделуден бас тартқан қажыларға деген өшпенділікке ықпал етті. Қолданушылар оларды болуы мүмкін проблемаларға кінәлай бастады: «из-за них теперь всё население Кыргызской Республики под угрозой» (қазақшасы: «енді солардың кесірінен Қырғыз Республикасының бар халқына қауіп төнді»). Адамдар қажылар дүниежүзіндегі коронавирусқа қатысты ахуалды біле тұрып, Меккеге барғанына да жеккөрініші мен өшпенділігін білдірді: «они, наверное, думали, что Бог их там спасёт»; «оставались бы там до конца, до смерти» (қазақшасы: «олар Құдай құтқарады деп ойлаған шығар»; «Сол жақта қалып өлгені дұрыс еді»).



Ақпарат көзі:
Facebook.

Қырғыз медиасындағы жаңалықтың көбінің тақырыбында коронавирус жұқтырған азаматтар қажылықтан оралғаны туралы ақпарат болды. Сол сияқты «Қажылықтан коронавирус

жұқтырып оралғандар үйге босатуды өтінеді», «Олар әуежайда қасиетті екенін айтып, тексерілуден бас тартты», «Коронавирус жұқтырғандар Бішкекке 2020 жылғы 2 наурызда-ақ келіп, 150 той өткізіп үлгерген» деген сияқты арандататын тақырыптар да жарияланды. Қажылыққа қанша адам аттанғаны, енді қаншасы оралуы керек екені үнемі хабарланып отырды. Мұндай жаңалық желіде өте жағымсыз әрі ашулы пікірлерге себеп болды.

COVID-19 пандемиясы, шекарадағы жанжалдар

«Қырғыздарды алып кетіңіздер, хабарлаңыздар». Тәжікстанда Қырғыз Республикасымен шектесетін ауыл оқшауланды.



Ақпарат көзі:
Kaktus Media.

Тәжікстанның Соғды облысындағы Хистеварз селосында билік өкілдері коронавирусты таратпау үшін елді Қырғызстанның Лейлек ауданындағы Борбордук ауылымен байланыстыратын барлық жолды уақытша жапты: «Қыс-тағымызда барлық көше мен жол, Худжандқа апаратын бас тас жол да жабылды. Қыстағымыздың тұрғындары Қырғызстан тұрғындарымен байланыста болмауы үшін жолдардың кейбіріне шұңқыр қазылып, кейбіріне қиыршық тас үйілді, кей жерге шлагбаум қойылды». Бұл жаңалық Қырғызстан қолданушылары арасында негатив пікір туғызды: «При наших соседях и врагов не надо! Нам следует после завершения ЧП в Кыргызской Республи-

ке поставитъ под жесткий контроль перемещение грузов из Таджикистана и их граждан, так как у них, к большому удивлению, нет коронавируса, что вызывает большое сомнение в правдивости слов правительства Таджикистана»; «Таджикки не заразились от родственнх иранцев и от своих гастеров-джамшуттов? Вы в это верите?! В Пакистане, Индии и Афганистане живут их собратья-индоиранцы, поясню – индийцы плюс иранцы, шпрехают на близкородственнх языках индоиранской группы!» (қазақшасы: «Мұндай көршілеріміз барда бізге дұшпанның керезі жоқ! Қырғыз Республикасында төтенше жағдай режимі аяқталғаннан кейін Тәжікстаннан келетін жүк пен олардың азаматтарын қатаң бақылауымыз керек, себебі оларда, таңғалатын жағдай – «коронавируса жоқ» дейді, әрине, Тәжікстан үкіметінің бұл сөзі күмән туғызады»; «Тәжіктер туыстас ирандықтарынан және «гастер-джамшуттарынан» коронавирус жұқтырмаған ба екен? Бұған сенесіздер ме?! Пәкістанда, Үндістанда, Ауғанстанда олардың үнді-иран ағайындары тұрады, түсіндіре кетейін – үнділер мен ирандықтар үнді-иран тобы тілінде сөйлейді!»)

Қырғыз Республикасындағы «өшпенділік тілі» жиі кездесетін веб-сайттар мен әлеуметтік желілер:

- Kaktus.media (пікірлерде)
- Delo.kg (негізінен америкалықтардың атына айтылған)

Қырғыз Республикасындағы дезинформациясы көп веб-сайттар мен әлеуметтік желілер:

- Super.kg
- Instagram-дағы Maalyumat.kg
- WhatsApp-тағы хабарламалар

Тәжікстан Республикасы

«Өшпенділік тілі» мен дезинформациясы бар тақырыптар

Тәжікстан мен Қырғызстан арасындағы шекара жанжалы, еңбек миграциясы, коронавирус, қытайлар, гендер, ислам, Өзбекстаннан келген студенттер.

Контекст пен триггерлер

COVID-19 пандемиясы, шетелден келген азаматтарға қатысты дискриминация

Веб-сайттардың бірі коронавирусның алғашқы дерегі туралы жалған ақпарат жариялады. Оны Өзбекстанның денсаулық сақтау министрлігі жоққа шығарды.



Ақпарат көзі:
Pressa.tj.

«Радиои Озодӣ» АҚШ-тан оралып, коронавирус бар-жоғын анықтайтын тест жасатпақ болған журналист туралы материал жариялады. Журналист: «Маған көмек берудің орнына дәрігерлер менен қашқақтай бастады, маған жақындауға қорықты», – деп жазды. Бұл материал түрлі дау мен пікірге себеп болды, қолданушылар медицина жұмысшыларын сөкті, оларды жемқорлықпен айналысады деп айыптады, «елде вирус шықса, медиктер бірінші болып қашып кетеді» деген қорқыныш айтты.



Ақпарат көзі:
"Радиои Озодӣ".

COVID-19 пандемиясы, ксенофобия, діни алауыздық

Тәжікстанда шектеу шараларынан кейін мешіттер қайта ашылып, адамдарға көпшілік болып намаз оқуға рұқсат берілді. Бұл ақпарат жергілікті мұсылмандардың басқа дін мен этнос өкілдеріне – христиандар мен еврейлерге қатысты негатив пікір айтуына себеп болды. Оқырман мешіттер жұмысы қайта басталғанына қуанып, мұны «Алланың берген сыйы» деп бағалады. Олар басқа елдерде коронавирустар тарап жатқанын адамдардың діні мен этносынан көрді. Өздерін «таза мұсылманбыз» деп жоғары қойып, басқа конфессиялар туралы кемсітетін сөз қолданды: «все они кафиры. Все таджики попадут в рай, потому, что таджики – чистые мусульмане» (қазақшасы: «Олардың бәрі – кәпір. Тәжіктердің бәрі жұмаққа барады, өйткені тәжіктер – таза мұсылмандар»)



Ақпарат көзі:
Facebook.

Ұлтаралық алауыздық

Қазақстан телеарнасындағы телешоуда қазақ актерлары тәжіктерді сынады.



Ақпарат көзі:
Facebook.

Тәжіктер бұл видеоны ұлтты қорлау деп қабылдап, Тәжікстанның Қазақстандағы елшісінен мәселені шешуді талап етті. Пікірлердің арасында бір өлең пайда болды, онда тәжіктер қазақтарды осы күнге дейін құрметтеп келгені, бірақ мына телешоудан кейін олардан теріс айналғаны айтылады. Қазақтардың атына боғауыз бен кемсітетін сөз айтқан пікірлер де болды: «Фикр мекунам назди миллати сарбаланди тоҷик ин сағбачаҳо ба зуди узр мепурсанд»; «Какой-то казах катори радился в пустинах не выдел кроми верблюдах и пил грязного и ванючего кумиза нет ни какового проишого хочит покажит себе что они крутые!» (қазақшасы: «Бұл күшіктер жуық арада намысы биік тәжіктердің алдында кешірім сұрайды деп ойлаймын»; «Шөлде туып, түйеден басқа түк көрмеген, лас, сасық қымыз ішкен қайдағы бір қазақ, ешқандай тарихы жоқ, өздерін мықты етіп көрсеткісі келеді!»)



Ақпарат көзі:
"Азаттық Радиосы".

Тәжікстан Республикасындағы «өшпенділік тілі» жиі кездесетін веб-сайттар мен әлеуметтік желілер:

- Asiaplustj.info
- Ozodi.org
- Avesta.tj
- Khovar.tj

Тәжікстан Республикасындағы дезинформациясы көп веб-сайттар мен әлеуметтік желілер:

- Ittiloot.com
- Asia-times.org
- Asiaplustj.info
- Ozodi.org
- Avesta.tj
- Khovar.tj
- Tj.sputniknews.ru
- WhatsApp
- Facebook.com

Өзбекстан Республикасы

«Өшпенділік тілі» мен дезинформациясы бар тақырыптар

Еңбек миграциясы, коронавирус, қытайлар, гендер, дін, дәрігерлер мен пандемия кезінде шетелден оралған адамдар, махалла жұмысшылары, облыстан келген адамдар мен астана тұрғындары.

Контекст пен триггерлер

COVID-19 пандемиясы, фейктің таралуы мен оған үн қату

«Жанар-жағармай құю бекеттері жабылады» деген қауесет тарап, бекеттерде кезек пайда болды. Қауесет жылдам жоққа шығарылды да, келер күні кезек байқалмады. Фейк өте белсенді өндіріле бастады, биліктегілер оларға реакция білдіріп отырды. БАҚ Telegram-арнада фейк жариялағаны үшін айыпталған қолданушының тұтқындалғанын хабарлады. Сенат фейк ақпарат үшін жазаны қатайту мәселесін қарады. Елде коронавирус жұқтырған алғашқы пациент — Франциядан оралған Нигора Муратова әлеуметтік желілерде кибербуллингге ұшырады.

Murad Buildings компаниясының негізін қалаушы Мурад Назаров коронавирус жұқтырды деген күдікпен үйдегі карантинге жатқызылды.



Ақпарат көзі:
Telegram.

Facebook-те Murad Buildings-ке қатысы бар NRG компаниясы карантин кезінде зәулім тұрғын үй құрылы-

сын тоқтатпағаны туралы хабарлама пайда болды. Бұл фейк жұрт назарын басқаға аударып, ақпарат ауанын өзгерту үшін таралған болуы ықтимал. Murad Buildings – Өзбекстанның ең ірі құрылыс компанияларының бірі. Оның негізін қалаушы – танымал адам, сондықтан бұл фейк белгілі адамдар коронавирус жұқтырғаны хабарланған кезде жалған ақпарат тарайтын дүниежүзіндегі тәжірибе бойынша пайда болуы мүмкін.

COVID-19 пандемиясы, гендер бойынша дискриминация

Коронавирустан жазылған қыз «Өзбекстан 24» телеарнасына сұхбат берді.



Ақпарат көзі:
UPL 24.

Материалға жазылған пікірлерде «қыз Түркияда жезөкшелікпен айналысты» деген емеурін болды («ездила пирожок свой продавать») (қазақшасы: «бәлішін сатуға барған»); «өзбек әйелдері Түркия мен Біріккен Араб Әмірліктеріне жезөкшелікпен айналысуға барады» деген кең тараған стереотип пікір). Пікірлерден шетелден ауру жұқтырып келгендерге деген жалпы негатив реңк («Простые люди туда не ездят», «Они там развлекаются, а нам привозят проблемы», қазақшасы: «Қарапайым адамдар шетелге бармайды», «Олар ана жақта сауық-сайран құрып, бізге проблемасын алып келеді») байқалып, ол адамның этносына, діни сеніміне ауысып отырды («Позоришь Узбекистан», «Езжай в свой Азербайджан», «Тупые фанати-

ки», «Это из-за вас, безбожники», қазақшасы: «Өзбекстанның абыройын төгесің», «Әзірбайжаныңа кет», «Топас фанатиктер», «Сендердің кесіріңнен, құдайсыздар»).

Толық ақпарат алмаған жұртшылық беймәлім қауіпті ойлап, жаңалыққа мейлінше агрессия байқатып жатты.

COVID-19 пандемиясы, ксенофобия

АҚШ-тың Ұлыбританиядағы елшісі «Қытай дүниежүзін түгел қауіпке душар етті» деп мәлімдеді.



Ақпарат көзі:
UPL 24.

Пікірлерде ақпарат кеңістігінің карантинге байланысты жалпы шиеленісі мен Ресей-АҚШ текетіресін жиі сөз ететін веб-сайттың жалпы риторикасы араласып, Америка азаматтарына қатысты «өшпенділік тілін» туғызды: «Пусть теперь и Штаты в заднице побудут. Твари, специально подрывают экономики других стран. А Китай - особенно. Ибо конкурент»; «Если вымрут американцы как нация или Штаты уйдут под воду, накроет их вулканом, весь остальной мир вздохнет свободно и скажет только спасибо» (қазақшасы – «Енді Штаттардың да басына бұлт түйілсін. Оңбағандар, басқа елдердің экономикасын әдейі бүлдіріп жатыр. Бәрінен бұрын Қытайдың. Себебі бәсекелес»; Америкалықтар ұлт ретінде қырылып қалса немесе Штаттарды су, жанартау басса, бүкіл дүниежүзі еркін тыныстап, тек рақмет айтар еді»).

COVID-19 пандемиясы

Энші Мавлуда Асалхужаева карантин кезінде медицина маскасын тағып, қолғап киіп, тойда өнер көрсетті.



Ақпарат көзі:
UPL 24.

Мақала авторлары реакция қандай болатынын шамалай алды, себебі бұған дейін осы оқиға туралы екі материал жарияланған еді: 1) жас жұбайларға айыппұл салынғаны туралы және 2) үйлену тойы қалай өткені туралы. Екі мақалаға да өшіккен пікірлер жазылды. Қолданушылардың тілінде «мұндай жауапсыз адамдарға» қатысты агрессиялы лексика: «*чем больше дебилов, тем меньше дебилов*»; «*тупоголовые*» (қазақшасы: «*есуастар неғұрлым көп болса, соғұрлым азаяды*»; «*топасбастар*») және оларды науқастарға қорғаныс құралдарынсыз күтім жасауға үндеу болды: «*раз они такие смелые и расстрелять как врагов народа*» (қазақшасы: «*сондай батыл болса, халық жауы ретінде атып тастау керек*»).

Ұлтаралық алауыздық, русофобия

Ресей блогері Артемий Лебедев Өзбекстанның атына тіл тигізетін ролик жариялады, ол елде қабылданған карантин шаралары мен өзбектердің инфекция жұқтырғандарға қатынасы туралы. Автор я Өзбекстандағы ахуалды білмегеннен, я оны үзік-үзік мәлімет пен ескірген штамптар бойынша білетіндіктен карантин шаралары мен азаматтардың сақтығын бұрмаланған түрде әрі тіл тигізе отырып түсіндіреді. Блогер Лебе-

дев бейнорматив лексиканы белсенді қолданды. Өзбекстан блогері Шухрат Мусаев оған дәлелмен жауап беріп, елдегі шараларды түсіндірді. Лебедевтің жауап видеосы тағы да агрессия мен боқтық сөзге толы, ашу-ыза деңгейі шабуылдағанмен бірдей болды.

Өзбек тілінде (мемлекеттік тіл) жүргізілмеген құжат айналымына айыппұл салатын заң қабылданғаны да ұлтқа қатысты текетірес туғызды. Халықтың орысша сөйлейтін бөлігі бұған «құқығымызды шектеу» деп, ал өзбекше сөйлейтін халық «мемлекеттік тіл позициясын нығайтатын шара» деп қарады. Пікірлерде «*ватник*», «*шовинист*», «*националист*», «*орыс дүниесі*», «*орыстар жау*», «*зомби*», «*узбекмисан*» («*өзбексің бе, жоқ па?*») деген сөздер қолданылды.



Ақпарат көзі: Facebook
(Ақпарат өшірілді)

Белгілі құқық қорғаушы, журналист Карим Бахриевтің «Өзбекстандағы орыс шовинизмінің экстерьері мен интерьері» аталатын мақаласы.



Ақпарат көзі:
Facebook.

Пікірлерде өзбек тілін білмейтін адамдарға азаматтық бермеу туралы үндеу айтылды. Тұтас алғанда, тіл мәселесі — Өзбекстан үшін өте жаралы тақырып. 1864 жылы Ташкентті басып алу кезінде қаза тапқан орыс сарбаздары үшін салынған кішкене шіркеуді қалпына келтіру туралы

ақпарат та ұлтқа қатысты әңгімені өршітті. Қолданушылар «өшпенділік тілімен» басқа да жанды мәселелерді көтерді: «узбекский хлеб ешь, а языка не знаешь» (қазақшасы: «өзбектің нанын жеп отырып, тілін білмейсің») және тағы сол сияқты. Сондай көңіл-күйден «орыс», «Ресей», «Кеңес Одағы» деген сөздері бар мақалалардың бәріне өшпенділік туды.



Ақпарат көзі: Facebook.
(Ақпарат өшірілді)

Өзбекстан Республикасындағы «өшпенділік тілі» жиі кездесетін веб-сайттар мен әлеуметтік желілер:

- Upl.uz (тіркелмеген БАҚ)
- Vesti.uz

Өзбекстан Республикасындағы дезинформациясы бар веб-сайттар мен әлеуметтік желілер:

- Upl.uz (тіркелмеген БАҚ)
- Ok.ru
- Telegram-дағы хабарламалар
- Facebook.com

Қосымша материал

1. Дубровский Д.В., Карпенко О.В. Орысша интернеттегі өшпенділік тілі: жеккөрініш мәтіндерін ажырату жөніндегі зерттеу материалдары / Д.В. Дубровский, О.В. Карпенко. – СПб: Санкт-Петербургтегі Еуропа университеті баспасы, 2003. – 72 б.
2. Верховский А.М. Тілім менің... Ресей бұқаралық ақпарат құралдарындағы этностық және діни төзімсіздік проблемасы / А.М.Верховский. – М.: «Панорама» орталығы» ӨҚҰ, 2002. – 200 б.
3. Евстафьева А.В. Бұқаралық ақпарат құралдарының манипуляция амалдарындағы «өшпенділік тілінің» лингвистикалық маркерлері туралы / А.В.Евстафьева // «Вестник башкирского университета». – 13-том. – No 4. – 2008. – 994–996-б.
4. Backgrounds, Experiences and Responses to Online Hate Speech: A Comparative Cross-Country Analysis. // URL: <http://www.unicri.it/specialtopics/hatecrimes/BackgroundsExperiencesandResponsestoOnlineHateSpeechAComparativeCross-CountryAnalysis.pdf>
5. Mapping and analyzing hate speech online: Opportunities and Challenges for Ethiopia. // URL: <http://pcmlp.socleg.ox.ac.uk/wp-content/uploads/2014/12/Ethiopia-hate-speech.pdf>
6. Islamophobia on Social Media: A Qualitative Analysis of the Facebook's Walls of Hate, Imran Awan1 Birmingham City University, United Kingdom. // URL: <http://www.cybercrimejournal.com/ImranAwanvol10issue1IJCC2016.pdf>

Дереккөздер тізімі

1. БҰҰ Мүгедектер құқығы жөніндегі комитет ұсыныстары. // URL: <https://perspektiva-inva.ru/en/protec-rights/oon/2018-05-04-09-09-09>
2. Щербинина, Ю.В. Сөйлеу агрессиясы. Өшпенділік территориясы / Ю.В. Щербинина. — М.: Форум, 2013. — 400 б. — библиогр.: 366-388-б.
3. Зорлық-зомбылық пен оның денсаулыққа әсері. ДДҰ (2003). Дүниежүзіндегі ахуал туралы баяндама. // URL: <http://www.who.int/violenceinjuryprevention/violence/worldreport/en/WRVH%20RU.pdf>
4. Қазақстанның әлеуметтік желілеріндегі өшпенділік тілін бақылау, — MediaNet ХЖО, 2017. // URL: <http://www.who.int/violenceinjuryprevention/violence/worldreport/en/WRVH%20RU.pdf> ; <https://www.academia.edu/35894758/МониторингязыкавраждывсоциальныхсетяхвКазахстане2017>.
5. Қырғыз Республикасының сайлауалды және сайлаудан кейінгі дискурсындағы өшпенділік тілі. Қорытынды баяндама, 2020 жылғы 4 желтоқсан. [Электрон ресурс: Орталық Азиядағы Бітімгершілік және медиатехнологиялар мектебі]. // URL: <http://www.ca-mediators.net/ru/issledovaniya/media-monitoring/>
6. «Өшпенділік тілін» түсіндіру: практикалық оқулық, 2015 жылғы редакция / Article 19, 2019. // URL: <https://www.article19.org/wp-content/uploads/2015/12/A19Hate-Speech-Report-2018Russian.pdf>
7. Ослон А. Уолтер Липпман стереотиптер туралы: «Қоғам пікірі» кітабының үзінділері. // «Социальная реальность» журналы, № 4, 2005.
8. Судаков К. В. Қарқынды стереотиптер немесе Шындықтың ақпарат іздері. — М.: «ПЕР СЭ», 2002.
9. Исаев М.И. Этнолингвистика ұғымдары мен терминдерінің сөздігі. — Үшінші басылымы. — М.: «Флинта», 2003.
10. Әлеуметтік жауапкершілігі бар БАҚ-қа апаратын жол: «өшпенділік тілін» еңсеру және азаматтық медианы дамыту. Журналистер мен қоғам белсенділеріне арналған оқулық, — Симферополь: «Интеграция и развитие» орталығы, 2011. 10-11-б.

БАҚ-тағы жарияланымдар

1. Өрқайсында 200-ге жуық аккаунт болды. Қырғыз Республикасында «тролльдер фабрикасы» қалай ұйымдастырылған? — Kaktus Media, 21.11.2020. // URL: <https://kaktus.media/doc/426423yukajdogobylookolo200akkauntovvsocsetiah.kakystroenyfabrikitrolleyvkr.html>
2. Тәжікстан «тролльдері» мен олардың Қазақстандағы «әріптестері» қалай жұмыс істейді? — «Азаттық Радиосы», 08/05/2019. // URL: <https://rus.azattyq.org/a/tajikstan-and-its-troll-factories/29926761.html>
3. Өзбекстандағы тролльдер мен боттардың жұмысы туралы. — Hook Report, 18/09/2018. // URL: <https://hook.report/2018/09/arrrr-vokrug-trolli/>
4. Анна Беляева. Тролльдер фабрикасы саяси пиардағы жаңа стандарт па? — DW, 14/12/2019. // URL: <https://www.dw.com/ru/фабрики-троллей-новый-стандарт-в-политическом-пиаре/a-51656603>
5. Жеткен жеріміз осы! Ресейде мигранттардың аяғын сүю басталды. — «Царьград», 24/07/2020. // URL: <https://tsargrad.tv/articles/dokatilis-v-rossii-nachali-celovat-nogi-migrantam269137>
6. Өуежайдағы тәртіпсіздікке байланысты Қырғызстанның 23 азаматы Мәскеуден келе алмады — ИМ. — Sputnik.kg. // URL: <https://ru.sputnik.kg/incidents/20200518/1048343094/migranty-moskva-bishkek-charternyj-rejs-karantin.html>
7. 5 минут сайын тост, тост, тост. Алматыда тұратын Нигерия азаматын не таңғалдырады?, — Tengrinews.kz, 14/01/2019. // URL: <https://tengrinews.kz/article/kajdyie-5-minut-tost-tost-tost-udivlyaet-nigeriytsa-1007>
8. Өшпенділік тіліне қарсы сөз бостандығы. // URL: <https://share.americagov/ru/свобода-слова-против-языка-вражды>

5-сабақ

5-тақырып

«Өшпенділік тілі» объектілері.
Қорғалған сипаттамалар



Тақырыпшалар

- Конституция нормалары мен қылмыс заңнамасындағы «қорғалған сипаттамалар»
- «Өшпенділік тіліне» құқық тұрғысынан салынатын тыйым

Пәндер интеграциясы

«Адам құқықтары», «Халықаралық құқық», «Конституциялық құқық», «Қылмыстық құқық», «Медиақұқық», «Журналистика негіздері», «Журналист этикасы», «Медиаэтика», «Сыни ойлау негіздері», «Қазіргі қазақ/қырғыз/тәжік/өзбек/орыс тілі» (әр елге байланысты), «Конфликтологиялық журналистика», «Лингвистикалық сараптама», «Саяси лингвистика», «Журналист жұмысындағы әлеуметтік желілер», «Әлеуметтік журналистика типологиясы», «Журналистика социологиясы», «Журналистика психологиясы», «Мәдениетаралық коммуникацияның теориясы мен практикасы».

Сабақ мақсаттары

Танымдық:

- студенттер «қорғалған сипаттамалар» ұғымын түсіндіре алады;
- студенттер «қорғалған сипаттамалар» тізімін айтып бере алады;
- студенттер «өшпенділік тілінен» әлеуметтік топтың қорғалған сипаттамаларын анықтап бере алады.

Әлеуметтік-эмоциялық:

- студенттер теңдік пен алаламау принциптерін ұстанудың маңызын түсінеді;
- студенттер адамның барлық құқығы мен бостандығын құрметтеудің маңызын түсінеді;
- студенттер адамдардың қандай да бір белгілер бойынша айырмашылықтарына төзімділік пен түсіністік танытудың маңызын біледі.

Мінез-құлыққа қатысты:

- студенттер сөйлегенде «өшпенділік тілін» шектеуді үйренеді.

Сабақ өткізу уақыты	1 сағат 20 минут
Сабақ өткізу әдістері	Ашық сұрақтар, дискуссия, дәріс презентация, ұсынылған әдістеме бойынша жұмыс істеу.
Бағалау әдістері	Пысықтайтын сұрақтар.
Негізгі ұғымдар	«Жеккөрініш тілі» объектілері, қорғалған сипаттамалар, дискриминация, стереотиптер, жалған сенімдер.
Қажет ресурстар	Проектор, экран, ноутбук, ұсақ тас немесе басқа зат, дорбаша немесе қорап, маркерлер, тақта.



Сабақ жоспары

1. ҮЙІРУ

Өткізу әдістемесі.

Оқытушы студенттерге мына мәселелерді талқылауды ұсынады:

- «Жеккөрініш тілі», қорғалған сипаттамалар объектілері не деп түсінесіздер?
- Қандай қорғалған сипаттамаларды білесіздер?

Дискуссия жүргізіледі.



2. АҚПАРАТПЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ

Өткізу әдістемесі.

Оқытушы қорғалған сипаттамалар тізімі берілген ұлттық заңнама (Конституция, Қылмыстық кодексі) мен халықаралық құқық актілері (Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы, Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт, Теңдік принциптері декларациясы – Equal Rights Trust) нормалары туралы PowerPoint презентациясы формасындағы ақпаратты көрсетеді де, мына сұрақтар бойынша талқылау өткізеді:

1. Конституция мен қылмыс заңнамасы нормаларындағы қорғалған сипаттамалар тізімі қандай?
2. Тізімде қандай сипаттамалар берілмеген?
3. Тізімге енген сипаттамаларға ұлттық заңнама нормалары қолданыла ма?
4. Ұлттық заңнамада қорғалған сипаттамалар тізімін кеңейту керек пе?
5. Қандай сипаттамалар неғұрлым осал болып, «өшпенділік тіліне» жиі ұшырайды?



3. ӨРЕКЕТ ЕТ

Өткізу әдістемесі.

Оқытушы төмендегі екі жаттығудың бірін таңдағаны дұрыс.

1-НҰСҚА.

«ОЛАРДЫҢ БӘРІ БІРДЕЙ» ЖАТТЫҒУЫ»

Әр студентке ұсақ тас не сол сияқты басқа заттан беріп, оны «дос» ретінде жақсылап зерттеуді өтініңіз. Бірнеше студент аудиторияға өзінің «досын» таныстыруы керек: ол нешеде, мұңды ма, бақытты ма немесе қазіргі жағдайына қалай жетті, соны әңгімелеп бергені жөн. Ол зат туралы кішке не шығарма жазуына да болады. Содан кейін ұсақ тастарды қорапқа немесе дорбаға салып, араластырыңыз. Сәлден соң тастарды қайтадан шығарып, студенттердің әрқайсына өз «досын» табуды ұсыныңыз.

Рефлексия жүргізіп, мына аналогияны атап өтіңіз: адамдардың кез келген тобы әуелі бірдей сияқты көрінеді, бірақ оларды жақын тани бастаған кезде әрқайсы әртүрлі екеніне көз жетеді: әрқайсының өмірінде өз хикаясы бар, дегенмен бәрі бір-біріне дос болуға лайық. Бұл жаттығу әлденені жақсы тану үшін стереотиптерден («тас қатты, суық, жансыз» деген сияқты) біршама уақытқа бас тартқан жетіп жатыр деген ойға келтіреді. Басқаша айтқанда, алдын ала кесімді тұжырым жасауға болмайды.

2-НҰСҚА.

«АЙЫРМАШЫЛЫҚТЫ АНЫҚТАУ» ЖАТТЫҒУЫ

Студенттерге мына тұжырымдардың қайсы стереотип, қайсы жалған сенім, қайсы пікір білдіру екенін анықтауды ұсыныңыз:

1. Дәрігерлерді жақсы көремін, себебі олар қашан да мейірімді.
2. Кей дәрігердің маған мейірімді болатыны ұнайды.
3. Дәрігерлер — мейірімді адамдар.

Студенттердің пікірін талқылау керек.

Оқытушыға арналған кеңес.

Дұрыс жауап: №3 — стереотип; №1 — жалған сенім; №2 — пікір білдіру.

Талқылаудан кейін үш тұжырымның қай-қайсы да (белгілі бір контекст шеңберінде айтылса да) дәрігерлер я «мейірімді де қамқор адамдар», я «мейірімсіз де немқұрайлы адамдар» екенін білдірмейтінін айта кету керек. Стереотиптер, жалған сенімдер мен басқа да пікірлер адамдарға қатынасты алдын ала айқындайтынын талқылаңыз.



4. ҚОРЫТЫНДЫ ШЫҒАРУ

Өткізу әдістемесі.

Оқытушы студенттерге сабақты қорытындылауды ұсынып, мына үш сұраққа жауап беруді өтінеді:

1. Не білдім?
2. Нені үйрендім?
3. Өткізілген жаттығудың пайдасы не болды?



Ақпаратқа шолу жасау

«ӨШПЕНДІЛІК ТІЛІ» ОБЪЕКТІЛЕРІ: ҚОРҒАЛҒАН СИПАТТАМАЛАР

«Өшпенділік тілі» адамдарға, жеке адамға немесе топтарға олардың белгілі бір сипаттамасы бойынша бағыт-талады. Адам құқықтары саласындағы халықаралық құқық заң алдында барлық адам тең және заң бәрін шектеусіз тең қорғауы керек деп белгілеген. Бұл ретте заң дискриминацияның барлық түріне тыйым салып, барлық адамды қандай да бір белгісі: нәсілі, терісінің түсі, жынысы, тілі, діні, саяси және басқа да көзқарасы, ұлттық және әлеуметтік тегі, мал-мүлкі, тууы және басқа да жағдайлары бойынша дискриминациядан тең әрі тиімді қорғауға кепіл болуы керек.

Этнос, дін және тіл бойынша азшылығы бар елдерде олардың өкілдерінің сол топқа жататын басқа адамдармен бірге өз мәдениетін пайдалануына, өз дінін ұстануына, салт-дәстүрін орындауына және туған тілін қолдануына тыйым салынбауы керек.

Адам құқықтары саласындағы халықаралық құжаттар уақыт өте келе кең мағынадағы теңдік принципі бойынша түсіндіріле бастады, бұл термин келісімдерде тікелей көрсетілген қорғалған сипаттамаларға қатысты да, тікелей аталмаған негіздерге қатысты да қолданылады. Мемлекеттердің көбі «өшпенділік тіліне» тыйым сала-

тын ұлттық заңнамасында қорғалған сипаттамаларды мойындайды, олар теңдік пен алаламауды қамтамасыз ететін неғұрлым кең халықаралық міндеттемелерде қорғалған белгілерге сай келеді.

Адам құқықтары саласындағы халықаралық құжаттарда, Қырғыз Республикасы мен Қазақстанның Конституцияларында қорғалған сипаттамалар тізімі кеңейте түсіндіру арқылы қосымша сипаттамалар енгізуге болатындай ашық қалдырылған, ал Тәжікстан мен Өзбекстан Республикаларының Конституцияларында бұл тізім жабық.



Қырғыз Республикасы Конституциясының 16-бабы:

«Жынысы, нәсілі, тілі, мүгедектігі, этносқа қатысы, діни сенімі, жасы, саяси немесе басқа да көзқарасы, білімі, шығу тегі, мүліктік және басқа күйі және **басқа да жағдаяттар** бойынша ешкімді кемсітуге болмайды».



Қазақстан Республикасы Конституциясының 14-бабы:

«Тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген **өзге жағдаяттар** бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды».



Тәжікстан Республикасы Конституциясының 17-бабы:

«Мемлекет әркімге оның ұлтына, нәсіліне, жынысына, тіліне, діни сеніміне, саяси көзқарасына, біліміне, әлеуметтік және мүліктік жағдайына қарамастан құқықтары мен бостандықтарына кепілдік береді».



Өзбекстан Республикасы Конституциясының 18-бабы:

«Жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дініне, әлеуметтік шығу тегіне, көзқарастарына, жеке және қоғамдық жағдайына қарай бөлінбестен Өзбекстан Республикасының барлық азаматының құқықтары мен бостандықтары бірдей және заң алдында бәрі тең».

Төрт мемлекеттің қылмыс заңнама-сындағы өшпенділікті/алауыздықты туғызу/қоздыру туралы баптарда да қорғалған сипаттамалар тізімі шектеулі әрі жабық, олар адамның дінге, нәсілге, ұлтқа, этносқа, жерге, руға немесе тек-топқа қатысынан тұрады (3-тақырыпты көріңіз).

«Өшпенділік тілінен» қорғауға қажет негіз адам құқықтары саласындағы халықаралық құқықтың алаламау туралы жалпы ережелеріне кіретін барлық қорғалған сипаттаманы қамтуы керек, дегенмен кейде бұл көзқарасқа қатысты дау айтылады. Көпшілік мақұлдаған анықтамалар болмағаны себепті «жеккөрініш тілінің» белгілі бір формаларын шектеуге мүмкіндік беретін не шектеуді талап ететін міндеттемелер әртүрлі халықаралық келісімдерден бөлшектеп жиналған.

Бұл жайт мәселені қиындатады, себебі дискриминацияға қатысты келісімдердің бәрі бірдей мемлекеттерден «жеккөрініш тіліне» тыйым салуды талап ете бермейді. Тыйым салуды талап ететін келісімдердің өзінде қорғалған сипаттамалар тізімі көбіне қысқа әрі абайлап қолданылған. Оның екі себебі бар.

1) «Жеккөрініш тіліне» қатысты тыйым көбіне адам құқықтарының дискриминация сипатында бұзылуы ауқымды болғанда немесе тыйылмай тұрғанда соған жауап ретінде қолданылады, бұл жерде «өшпенділік тілі» оқиғаға себеп болған факторлардың бірі ретінде қарастырылады. Мұндай тыйым оқиғаның мән-жайына қатысты болады және оны да қоғамда сол кезеңде қалыптасқан жалған сенімдер тежеуі мүмкін.

- 2) «Жеккөрініш» тіліне қатысты халықаралық құқық құжаттарында бар тыйым қашан да даулы мәселе болған, себебі мемлекеттердің кейбірі мұндай жалпылама жағдайға кейде пікір білдіру бостандығын шамадан тыс шектеп алмау үшін қарсы тұрады.
- гендер сәйкестігі мен интерсексуалдық;
 - шығу тегі;
 - саяси және басқа да көзқарастар;
 - туу жағдайы;
 - мигрант немесе босқын мәртебесі.

Өзара үйлесетін халықаралық және аймақтық құқықтық құжаттардан жасалған құрақ көрпе ұлттық заңнамада «жеккөрініш тілінің» формалары, соның ішінде қорғалған сипаттамалар да түрліше қаралуына себеп болады.

Түсінік беру тәсілі құқық қорғау аясын себепсіз тартылтар болса, адам құқықтарын қорғау кез келген халықаралық құжаттың бастапқы тұжырымдарына, тіпті оның авторларының көздегеніне де орынсыз тәуелді болумен шектелмеуі керек.

Пікір білдіру бостандығына жеткілікті кепілдік берілген кезде «жеккөрініш тілі» туралы ережелер қорғалған сипаттамалардың мейлінше кең спектрін қамтуы керек. Қорғалған сипаттамалар мынадай негіздерден тұруы керек және олармен шектелмегені де дұрыс:

- нәсіл;
- этнос;
- ұлт;
- жас;
- тіл;
- дін;
- жыныс;
- мүгедектік;
- тері түсі;
- жыныс ориентациясы;

Дереккөздер тізімі

1. Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы / БҰҰ Бас ассамблеясының 1948 жылғы 10 желтоқсандағы 217 А (III) резолюциясымен қабылданған.
2. Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт / БҰҰ Бас ассамблеясының 1966 жылғы 16 желтоқсандағы 2200 А (XXI) резолюциясымен қабылданған.
3. «Өшпенділік тілін» түсіндіру: Практикалық оқулық, 2015 жыл, Article 19 – Free Word Centre 60 Farringdon Road London, EC1R 3GA United Kingdom.
4. Теңдік принциптері декларациясы – Equal Rights Trust, Лондон, Ұлыбритания, 2008 жылғы 3-5 сәуір.
5. Адам құқықтары/Адам құқықтарын оқыту әліппесі. – БҰҰ басылымы / HR/PUB/DECADE/2003/1/ Женева, 2003 жылғы мамыр.

6-сабақ

6-тақырып

«Өшпенділік тілін»
қолданбауды ескерту: әдістер
мен инструменттер



Тақырыпшалар

- «Өшпенділік тілін» анықтау әдістері мен инструменттері
- «Өшпенділік тіліне» әрекет ету әдістері мен инструменттері

Пәндер интеграциясы

«Медиа және ақпарат бойынша сауат», «Журналист этикасы», «Медиаэтика», «Қазіргі орыс тілі», «Қазіргі қырғыз тілі», «Ана тілінің стилистикасы мен сөйлеу мәдениеті», Журналистика негіздері», «Сыни ойлау негіздері».

Сабақ мақсаттары

Танымдық:

- студенттер медиасауат, әшкерелеуші лексика, стилистика жағынан төмендетілген лексика, окказионал сөздер, агрессиялы метафора ұғымдарын түсіндіре алады;
- студенттер мәтінде агрессиялы лексика мен «жеккөрініш тілі» бар-жоғын анықтай алады;
- студенттер ақпаратпен жұмыс істей алады.

Әлеуметтік-эмоциялық:

- студенттер өз өміріне «өшпенділік тілінің» ықпалын анықтай алады;
- студенттер «өшпенділік тілінің» белгілерін, мақсатын, таралу механизмдерін атай алады;

- студенттер «жұмсақ», «орташа» және «қатты» «өшпенділік тіліне» не жататынын түсіндіре алады.
 - студенттер біреулермен сөйлескен кезде «өшпенділік тілін» қалай қолданбауға болатыны туралы шешімін айта алады;
- Мінез-құлыққа қатысты:**
- студенттер «өшпенділік тілін» анықтауға қолданылатын белгілі бір әдісті түсіндіре алады;
 - студенттер құрметтеу лексикасын, «келісім тілін» таңдайды;
 - студенттер ақпаратпен жұмыс істеуді үйренеді.

Сабақ өткізу уақыты	1 сағат 20 минут
Сабақ өткізу әдістері	Дискуссия, шағын дәріс, ашық және жабық сұрақтар, ақпарат көздерімен жұмыс істеу, слайд көрсету.
Бағалау әдістері	Өзін өзі бағалау парағы
Негізгі ұғымдар	Медиасауат, ақпаратты қолдану сауаты, фактчекинг, фейк, стилистика жағынан төмендетілген лексика, сөйлеу агрессиясы.
Қажет ресурстар	Слайдта немесе флипчартта көрсетілген сабақ мақсаттары, А4 форматындағы параққа жазылған әріптер, видеопроектор, компьютер, маркерлер, тақта, скотч.



Сабақ жоспары

1. ҮЙІРУ

«ФОТОФИКСАЦИЯ» ЖАТТЫҒУЫ

Қажет материалдар: БАҚ пен әлеуметтік желілерден басып шығарылған 20 фотосурет.

Өткізу әдістемесі.

Оқытушы үстелге фотосуреттерді жайып, студенттердің әрқайсынан солардың арасындағы «өшпенділік тілі»/«жеккөрініш тілі» тақырыбына мейлінше жарқын мысал бола алатын біреуін таңдап алуды өтінеді. Фотосуреттер сабақ өтіп жатқан елдегі сюжетке қатысты болғаны дұрыс. Фотосуреттің келесі бетіне оның мазмұнын қысқаша жазуға да болады, бірақ студенттерден оны топ болып талқылау басталмайынша оқымауды өтіну керек.

ТАЛДАУҒА ҚАЖЕТ СҰРАҚТАР

1. Фотосуретте кім бейнеленген?
2. Фотосурет не туралы?
3. Оны көргеннен кейін жалпы пікіріңіз қандай болды?
4. Бұл фотосурет қандай сезім туғызды?
5. Бұл фотосурет қайдан шықты, кім түсірді, ол не үшін және қалай пайдаланылуы мүмкін деп ойлайсыз?
6. Не нәрсе фотоға түсірілген оқиғаның «өшпенділік тіліне»/«жеккөрініш тіліне» қатысы барын білдіруі мүмкін?
7. Бұл фотосуретке қандай атау берер едіңіз?



2. АҚПАРАТПЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ

Өткізу әдістемесі.

Интернеттен, әлеуметтік желілерден алынған ақпаратпен жұмыс істеу барысында студенттермен бірге үш мәселені талқылау керек:

1. Мәтінмен жұмыс істеген кезде ондағы «өшпенділік тілін» байқау үшін не нәрсеге мән беру керек?
2. Интернеттегі «өшпенділік тіліне» қалай әрекет ету керек?
3. Коммуникация кеңістігінде, біреумен әңгімелесу барысында, интернетте «өшпенділік тілін» жою үшін не істеу керек?



3. ӨРЕКЕТ ЕТ

Онлайн кеңістіктегі мінез-құлық ережелерімен жұмыс істеу.

Өткізу әдістемесі.

Оқытушы студенттерді шағын топтарға бөліп, оларға онлайн коммуникацияның, әлеуметтік желілерде сөйлесу ережелері мен этика принциптерінің жадынамасын дайындауды тапсырады. Әр топ дайындағанын көрсетіп, бір-бірін толықтырады, соңында ортақ бір жадынама жасалады. Ол «өшпенділік тілінен» «диалог тіліне» көшу туралы нұсқаулық болады.

ТАЛҚЫЛАУҒА ҚАЖЕТ СҰРАҚТАР

- Бұл ережелерді интернет-қолданушылардың кез келгені түсініп, пайдалана алады деп есептейсіз бе?
- Ережелеріңіз не нәрсеге негізделген?
- Осы сөйлесу ережелерін, мәдениетін «келісім тілінде» қалай насихаттамақсыз?
- Бұл жадынаманы ең әуелі кімге пайдалануға берер едіңіз: саясаткерлерге ме, ата-анаға ма, группаластарға ма, әлеуметтік желідегі френдтерге ме? Неге?

«ӨШПЕНДІЛІК ТІЛІМЕН» ҚАЛАЙ КҮРЕСЕМІН?» АТАЛАТЫН ЖАТТЫҒУ

Өткізу әдістемесі.

Оқытушы студенттерді 3-4 адамнан шағын топтарға бөледі, топтар «Өшпенділік тілінен» «диалог тіліне» көшу жолым қандай?» немесе «Өшпенділік тілімен» қалай күресемін?» деген сұраққа бас қатырып, жауаптарын флипчартқа жазуы керек, содан кейін жалпыға оқып береді де, тұжырым жасайды.

Оқытушыға арналған кеңес.

Осы курстың алғашқы сабағындағы «Жеке тәжірибе» жаттығуын студенттердің есіне салуға болады, ол кезде студенттер «өшпенділік тіліне» кезіккен жағдайларын айтып, пікір алмасқан еді, «жеккөрініш тілін» қандай белгілер бойынша анықтауға болатынын айтқан еді.

БЕРІЛУІ МҮМКІН ЖАУАПТАР:

- БАҚ-тағы, әлеуметтік желілердегі ақпаратты дұрыс оқу.
- Онлайн коммуникация этикасын үйрену.
- Фактіні фейктен ажырата алуды үйрену.
- Жөнді, зорлықсыз, толерант лексиканы қолдануды үйрену.
- Сыни ойлау.
- Медиа және ақпарат саласында сауатты болуды үйрену.
- Манипуляцияларға, үгіт-насихатқа берілмеу.
- Өз ортаңда ақпарат және медиа бойынша сауатты дамыту.
- Медиа және ақпарат бойынша сауат принциптерін насихаттайтын қоғамдық кампанияларға қатысу.
- Халықтың әртүрлі тобына медиа және ақпарат сауаты бойынша дәріс, сабақ, тренинг өткізу.
- Медиа және ақпарат бойынша сауат принциптеріне, адам құқықтарына және журналистиканың этика нормалары мен халықаралық стандарттарына негізделген ақпарат өнімдерін жасау мен тарату.



4. ҚОРЫТЫНДЫ ШЫҒАРУ

Не білдім? Нені үйрендім?

Қорытындылау кезеңінде «Анаграмма» жаттығуын орындап көріңіз дейміз.

«АНАГРАММА» ЖАТТЫҒУЫ

Қажет материалдар:

«Ө-Ш-П-Е-Н-Д-І-Л-І-К Т-І-Л-І-Н-Е
Қ-А-Р-С-Ы-М-Ы-З! Б-І-З К-Е-Л-І-
-С-І-М Т-І-Л-І-Н Т-А-Ғ-Д-А-Й-
М-Ы-З!»

деген фразаның жеке-жеке басып шығарылған әріптері. Әріптердің өлшемі альбом ориентациясындағы А4 форматты параққа төртеуі ғана сыятындай болуы керек. Оларды жеке-жеке қиып алып, араластыру керек.

Өткізу әдістемесі.

Әр студент кездейсоқ тандап, үшеуден көп емес әріп алуы керек, содан кейін оқытушы олардан курс сабақтарында не білгенін, курс қандай мәселеге арналғанын, студенттер одан не күткенін, қандай тақырыптар талқыланғанын және бұл процесте олар үшін не маңызды болғанын ойлауды өтінеді. Студенттер қолындағы әріптердің әрқайсынан басталатын фразаларды немесе ассоциацияларды жазып, курсқа қатысты әсерін, ойын жеткізуі керек. Әрқайсы жауап беріп болған соң оқытушы олардан әріптерді қосып, құрстың алты сабағының мәнін білдіретін бір фраза құрастыруды өтінеді.



Ақпаратқа шолу жасау

«ӨШПЕНДІЛІК ТІЛІН» АНЫҚТАУ ӘДІСТЕРІ МЕН ИНСТРУМЕНТТЕРІ

Курсымыздың бұған дейінгі сабақтарында көз жеткізген едік, «өшпенділік тілі» таралатын сфера шамадан тыс кең; мұндай тіл лексикасы ресми-іскерлік коммуникацияда да (саясаткерлер мен қоғам қайраткерлерінің сөзі), кәсіби (мысалы, журналистердің, академиялық, педагогикалық, сарапшылар қоғамдастықтарының әлеуметтік желілердегі сөзі) және тұрмыстық коммуникацияда да (отбасында, ерлі-зайыптының, балалардың, әріптестердің әңгімесінде және көшедегі, көліктегі және тағы басқа жердегі бейресми қарым-қатынаста) қолданылады.

«Өшпенділік тілі» «сары баспасөзде» ғана емес, әжептәуір сыйлы, беделді медиабасылымдарда да кездеседі. Оны қолданудың қаупі көзге көрініп тұрады. Қаупі - «өшпенділік тілі» демократия құндылықтарын (біреуге абстракт немесе жат), адам құқықтарын, толеранттық пен мәдениетаралық диалогты елемейтіні ғана емес, жеккөрініштің себебінен қандай да бір қылмысқа итермелейтіні де.

«Өшпенділік тілін» зерттеуші Юлия Щербинина: «Өшпенділік тілі» ешкімге білдірмей, қазіргі коммуникацияның әмбебап тіліне айналады, тұрмыстағы қарым-қатынас деңгейі-

інен әлеуметтік жинақтау деңгейіне дейін жылдам көтеріледі, шекара мен аумақ дегенді білмейді, себебі бүкіл сөйлеу кеңістігін, коммуникацияның барлық саласын түгел жайлайды», — дейді. Автордың айтуынша, бұған «жаһандану дәуірінде этнос пен аумақтың шекарасы, бірегейліктің, айырмашылықтың жойылуы» себеп.

Жастар «өшпенділік тілін» тасымалдаушы болмауды үйрене ала ма, олар «өшпенділік тілінің» құрығына ілікпей, құрбаны болмай жүре ала ма? Коммуникациямызда ондай тілді қолданбауды қалай ескерте аламыз? «Өшпенділік тілін» лингвистика, медиа, коммуникациялар, құқық салаларының маманы болмай-ақ байқау, ескерту, жою мүмкін бе? «Өшпенділік тілін» анықтау (көру, есту), әшкерелеу не себепті маңызды?

Біріншіден, «өшпенділік тілі» этносына, сеніміне, жыныстық және гендерлік бірегейлігіне, жасына, біліміне, мәртебесіне, тұратын жеріне, тағы басқасына қарамастан кез келген адамды айналып өтпеуі мүмкін.

Екіншіден, «өшпенділік тілі» лексика құралдарының, яғни тікелей, ашық немесе жасырын сөйлеу агрессиясын білдіретін және негатив баға беруден тұратын фразалардың жиынтығы екенін ескерген маңызды. 2018 жылғы қыркүйекте Қырғызстан әншісі Зере «Қыз» аталатын әннің клипін шығар-

ды. Оның әні қыздарға қалай өмір сүру керек екенін айтпау туралы. Әлеуметтік желі қолданушыларының арасында оны айыптағандар көп болды: сырт келбеті мен киімін сынаудан бастап, күш көрсетемін деп қорқытуға дейін.

«Өшпенділік тілін» зерттеушілердің пікірінше, қазіргі заманғы тіл білімінде «өшпенділік тіліне» жатқызуға болатын лексика құралдары екі топтан тұрады. Ондай сөздер дүниежүзінің кез келген тілінде бар. Бірінші топқа жағымсыз баға беруді білдіретін лексика жатады: стилистика жағынан төмендетілген лексика, окказионал сөздер, агрессиялы метафора және басқа. Екінші топқа дискурсив құралдар, мысалы, жағымсыз ақпаратты бір-жақты қолдану, күлкі етуге ауысатын ирония, тағы басқасы жатады.

Мұндай лексиканы білу, оны әлеуметтік желідегі қысқаша пост болсын, саяси плакат, журналист материалы, саясаткердің, қоғам қайраткерінің көпшілікке арналған сөзі немесе қарапайым азаматтың асханадағы сөйлегені болсын, кез келген мәтіннен көре, оқи, ести білу «өшпенділік тіліне» ұшырасып отырғанымызды түсінуге және, әлбетте, әрекет етуге септігін тигізеді.

Үшіншіден, «өшпенділік тілін» ескерту әдістері оның классификацияларына сүйенеді, ол классификациялар туралы осы курс барысында білген едіңіздер.

Зорлық-зомбылықты ақтайтын немесе зорлық-зомбылыққа, дискриминацияға тікелей немесе делдалсыз және жалпы ұрандарды қолданып үндейтін, сонымен бірге зорлық-зом-

былық пен дискриминацияға жасырын үндейтін сөздерді естісек, көрсек немесе оқысақ, онда біз «өшпенділік тілімен» бетпе-бет келіп отырмыз. Мысалы, бүгінде әлеуметтік желілерде әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық туралы журналистік материалдарға жазылған пікірлерден «өзі кінәлі» деген сөздермен сипатталатын танымал ойды кездестіреміз. Мұндай тіл орамдары «өшпенділік тілі» деп есептеледі, себебі зорлық-зомбылықты ақтап тұр.

Басқа мысал. Тәжікстан интернет-сегментінде тәжік-қытай зауыттарының бірінде Қытай азаматы қайтыс болғаны талқыланған кезде «Олар — мамандар, қара жұмысшы емес, оның үстіне, бұл зауыт Қытайдың ақшасына салынған», «Жергілікті халықтан шыққан мамандар дайын болуы керек» деген фразаларды айтқан комментаторлар болды. Бұл жағдайда адамдардың белгілі бір этносқа жататын тұтас тобы «өшпенділік тіліне» ұшырады.

Бүгінде саясаткерлердің кейбірінен немесе қарапайым азаматтардан дискриминация мен зорлық-зомбылықтың тарихи жағдайларын ақтайтын сөздер мен белгілі бір этнос тобы қылмысқа бейім деген тұжырымдарды жиі естуге болады. Мұндай сөзде «өшпенділік тіліне» жатады. Елдеріміздегі қандай да бір әлеуметтік, азаматтық топтың беделін түсіру үшін олардың басқа елдің азаматтарымен, шетелдің саяси және мемлекеттік құрылымдарымен байланысы бар деп айту да — «өшпенділік тілі». Осы жерде Қырғызстан кейсін еске түсіруге болады: жергілікті саясаткерлер азаматтық ұйымдар мен азаматтық қоғам жетекшілерінің және құқық қорғаушы-

лардың кейбірін «шетел агенті» деп атаған еді. Бұл гипотезаны кейбір БАҚ іліп әкетіп, Қырғыз Республикасының бүкіл азаматтық секторының сенімнен айырылуына себеп болды.

«Өшпенділік тіліне» қандай да бір этнос тобының материалдық байлық, билік құрылымдарына өкілдік ету және тағы басқа жөнінен үйлесімсіз артықшылығы бар екенін айту мен белгілі бір әлеуметтік топтың қоғамға, мемлекетке және басқаларға жағымсыз әсері бар деп айыптау да жатады.

БАҚ-та жиі айтылатын «коронавирус — Қытай вирусы» деген пікір де «өшпенділік тіліне» жатады. Ондай тұжырым «бәріне қытайлар кінәлі» деген көзқарасқа себеп болады, ал вирус белгілі бір ұлтқа тиесілі болмайтыны анық. Қазір осы себепті азиат келбетті адамдар қудалауға ұшырап жатады.

Бүгінде бұқаралық ақпарат құралдарымыздан зорлық-зомбылыққа үндейтін лексикадан, тіл тигізетін терминологиядан және теріс түсініктен бас тарту мысалдарын да көруге болады. Мысалы, елдеріміздегі кейбір бұқаралық ақпарат құралы ЛГБТИК-қоғамдастық өмірі мен мүгедектігі бар адамдар туралы сауатты материалдар жариялайды. Өкінішке қарай, олар — көбіне ел астаналарындағы ақпарат құралдары. Өңірлерде әлі сол көңіл көншітпейтін ахуал байқалады. Бұл ең әуелі аймақтағы журналистердің арнайы дайындығы болмағанына байланысты.

Интернет-журналистика мен әлеуметтік желілерде жағдай қиындау. «Өшпенділік тілі» әлі де көп әрі жиі кездеседі. «Өшпенділік тілімен» қалай күресу керек, оған қалай әрекет ету керек?

Біріншіден, қазір «өшпенділік тілін» тауып алып, күресетін онлайн сервистер мен алгоритмдер бар екенін білу керек. 2020 жылы Қырғыз Республикасында Hatespeech.kg сайты жасалды, онда жергілікті БАҚ-тың «өшпенділік тілін» қолдануына талдау жасалған. Сервистің көмегімен кез келген мәтінді алып, «өшпенділік тілі» бар-жоғын тексеруге болады. Сайтта барлық азаматқа, әсіресе журналистерге көмегі тиетін «Тексеру» функциясы жасалған. Тексеруден кейін мәтіннің реңкін растайтын сөздер тізімі де беріледі.

Екіншіден, рас ақпаратты фейктен ажырата алу керек. Бүгінде елдерімізде деректерді тексеретін онлайн сервистер жұмыс істеп тұр, оларды БАҚ пен әлеуметтік желілерде жалған ақпаратқа жол бермеу үшін журналистер жасаған. Бұл ресурстар барлық адамның арнайы тренингілер мен семинарларда ақпаратты тексеру дағдыларын меңгеруіне мүмкіндік береді. Ақпаратты тексеретін онлайн ресурс — Factcheck.kz ең бірінші Қазақстанда 2017 жылы пайда болды. Бір жылдан соң Қырғыз Республикасында Factcheck.kg ашылды. Кейінірек ондай ресурстар Өзбекстан мен Тәжікстанда жасалды. Оның бәрі — International Fact-Checking Network (IFCN) халықаралық фактчекинг желісінің мүшесі.

Журналистік материал болса да, әлеуметтік желідегі жарияланым болса да, ақпаратпен жұмыс істегенде әркім фактіні олардың интерпретациясынан ажырата алуы керек. Бұл да — «өшпенділік тіліне» қарсы тұру инструменттерінің бірі. Ақпаратты қолданатын, тұтынатын кез келген адам «өшпенділік тілінің» белгілі бір құралдары не әдейі (өшпенділіктің кез келген түріне арнайы үндеу), не абайсызда (мысалы, журналистің тіл құралдарын ұқыпсыз қолдануы) қолданылуы мүмкін екенін түсінуі керек. Зерттеуші Галина Кожевникованың пікірінше, журналист қателерінің типологиясы мынадай:

- ұқыпсыздық,
- тақырыпты немесе анонсты дұрыс жазбау,
- стилистикадан шатасу,
- әлеуметтік проблематика мен этнос риторикасын араластыру,
- адамдардың этносына қарап, азаматтығын мойындамау және тағы басқа.

Тілді осылай ұқыпсыз қолдану да «өшпенділік тіліне» ұрындыруы мүмкін.

Интернет кеңістігінде «өшпенділік тілі» өте көп екенін бұған дейін де айттық. Мұндай лексикаға қарсы тұруға болады. Article 19 халықаралық үкіметтік емес ұйымының «Интернетте «өшпенділік тіліне» қалай қарсы тұру керек?» деп аталатын қысқаша кеңесін оқып шығыңыздар.

ИНТЕРНЕТТЕ «ӨШПЕНДІЛІК ТІЛІНЕ» ҚАЛАЙ ҚАРСЫ ТҰРУ КЕРЕК: ҚЫСҚАША КЕҢЕС

- Жеккөрініш риторикасынан зардап шеккендерді қолдаңыз. Оларды қолдайтын пікір жазыңыз, тілектес болыңыз.
- Дәлел келтіріңіз. Желіде адамдар туралы мифтер, стереотиптер болуы мүмкін. Көпшілік ол өтірік екенін білмеуі мүмкін, бірақ фактімен мифтерге күмән келтіре алады.
- Төзімді, сабырлы болыңыз. Жек-

көрініш пен қорлау риторикасын қолданып жауап жазуға арандатса да, берілмеңіз. Я ұстамды болыңыз, я әлеуметтік желідегі ондай дискуссияларға мән бермеңіз.

- Үшіншіден, «өшпенділік тіліне» ақпарат таратып қарсы тұруға болады. Мысалы, «өшпенділік тілі» қолданылған: қате лексикасы, стереотиптері, стигматизациясы мен дискриминациясы бар мәтін оқып, сюжет көрсеңіз, оны жазған журналiske, редакторға, әлеуметтік желідегі пост авторына айтып, мәтіннің негатив мәнеріне, баяндалуына назар аудартуыңыз керек, пікіріңізді «келісім тілінде» жеткізуіңіз керек. Сонда «өшпенділік тілін» көп адам байқап, оған мән береді. Сонда «өшпенділік тіліне» ұшыраған қоғамдастықты өзгелер де байқайды, БАҚ болса, аудиториясы арасында азшылық барын, оларға тіл тигізбеу керек екенін түсінеді.

Біз журналистердің мақаласында тұрғылықты мекенжайы жоқтар («бомж» сөзінің негатив реңкі бар) немесе мүгедектігі бар адамдар немесе ЛГБТИК-қоғамдастық өкілдері немесе еңбек мигранттары туралы (журналистер «гастарбайтер» деп жатады) дұрыс сөз қолданылмайтынын жиі байқаймыз.

БАҚ-та «өшпенділік тіліне» жол бермеу үшін журналистер үйреншікті лексиконын өзгертіп, дұрыс лек-

сиканы меңгеріп, журналистиканың этика принциптерін ұстанып, өзін үнемі жетілдіріп отыруы керек. Журналистика бүгінде биліктің маңызды институттарының бірі ретінде азаматтардың ой-санасына «өшпенділік тілі» орнығуына қарсы тұруға міндетті. Сонда ғана азаматтық қоғаммен және мемлекет билігімен серіктестікте, мектептермен, университеттермен, колледждермен бірге медиа және ақпарат бойынша сауат принциптерін насихаттай отырып, қоғамдағы шиеленісті, сөйлеу агрессиясын еңсеруге және жоюға болады, бұл біздің аймақтағы көпұлтты мемлекеттердің тұтастығы мен ынтымағын нығайтуға ықпал етеді.

Медиа және ақпарат сауаты саласындағы халықаралық және ұлттық сарапшылардың бәрі «өшпенділік тіліне» әрекет етудің және онымен күресудің озық амалы халыққа тұрақты білім беру деген пікірді қолдайды. «Жеккөрініш тілімен» күрестің бұдан басқа амалдары:

- сөз бостандығы, теңдік және алалау құқығы қорғалатын орта қалыптастыру;
- БАҚ-тың теңдігі мен әралуандығын қамтамасыз ету;
- азаматтардың төзбеушілікке қарсы жария мәлімдеме жасауы.

Article 19 халықаралық ұйымының жеккөрініш риторикасы бойынша сарапшысы Йоанна Шиманьска Қырғызстан ақпарат құралымен арадағы сұхбатында «өшпенділік тілімен» күресте мемлекеттің көмегі өте маңызды» екенін айтты.

Мәдениеттанушы Оксана Мороз «ПостНаука» жобасындағы видео-

дәрістерінің бірінде тыңдарманға «өшпенділік тіліне» қалай тосқауыл қоюға болатыны жөнінде ойын айтты: «Дүниежүзінде адамдарды Hate Speech-тен қорғаудың екі шешуші тәсілі бар. Бірінші тәсілінің күші аз, онша табысты емес, ол қоғамдық тәртіпті реттеу амалдарымен байланысты, коммуникация мен көпшілік алдындағы жүріс-тұрыс аясын адамдарға тіл тигізетін интенцияны емес, жеккөрініштің өзін көрсетуге ты-йым салатындай етіп тарылту. Бұл тәсіл өте нашар жұмыс істейді, себебі қандай да бір нақты сөз өте көп адамға әсер еткенін дәлелдеу қиын, яғни бұл жағдайда жекелей бір сөз бойынша айыптау қиын, ол сол жайттың бұқаралық, саяси сипатына қатты әсер етпеуі мүмкін. Екінші жағынан, барлық бұқаралық кеңістікті реттейтін емес, қорлаудан, ар-намыспен қадір-қасиетті кемсітетін түрлі қылмыстан сақтандыру арқылы белгілі бір адамдарды ғана қорғайтын амалдар бар».

«Өшпенділік тілінің» кез келген түрінен қорғайтын маңызды инструмент – медиа және ақпарат бойынша сауат. Осы сауат пен ақпарат мәдениетінің белгілі бір деңгейін меңгерген кез келген азамат негатив әсерден өзін ғана емес, төңірегіндегі өзгелерді де, қоғамды да, мемлекетті де, дүниежүзін де қорғай алады. Күн сайын ақпараттың, соның ішінде цифр түріндегі ақпараттың адамға әсері артып жатыр.

2007 жылы ЮНЕСКО ұсынған медиа және ақпарат бойынша сауат кешенді ұғымы – бүгінде адамның цифр дүниедегі негізгі құқығы. Бұған дейін айтылған фактчекинг пен ақпаратты ешкімге ешқандай зиян келтірмей,

заңнама мен этика нормаларына сай мейлінше өнімді әрі адам құқықтарын ескеріп оқу, талдау, бағалау, қолдану, жасау және тарату – медиа және ақпарат бойынша сауаттың шешуші инструменттері және ХХІ ғасырдағы қажет дағдылар.

«Өшпенділік тілінен» құтылуға, оны сөзімізден жоюға, оны «келісім тіліне», диалогқа айналдыруға болады. Әсіресе күрделі тақырыптар мен мәселелерді талқылағанда. Ресейдің көрнекті филологы Светлана Тер-Минасова: «Тіл дұрыстығы индивидуумның сезімі мен абыройына нұқсан келтіретін, үйреншікті әдепсіздікпен және/немесе бірбеткейлікпен оның құқықтарына қысым жасайтын сөз саптау орнына жаңа тәсілді табуға тырысудан байқалады...», – деген. Әрқайсымызға Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының бірінші бабында айтылған барлық адамның теңдігі туралы негізгі принципті және естен шығармау керек: «Барлық адам тумысынан азат және қадір-қасиеті мен құқықтары тең болып дүниеге келеді. Адамдарға ақыл-парасат, ар-ождан берілген, сондықтан олар бір-бірімен туыстық, бауырмалдық қарым-қатынас жасауға тиіс». Әділдік пен теңдік принципінің ең түпкі мағынасының негізінде осы қағида жатыр.

Қосымша материал

1. Hate Speech Қырғызстан веб-сайты // URL: <http://hatespeech.kg/about>
2. Метин Жұмағұлов. Өшпенділік тілі. Не екенін және неге бәрімізге қатысты екенін талқылаймыз. [Электрон ресурс: Kloop.kg]. // URL: <https://kloop.kg/blog/2018/12/18/hate-speech/>
3. Article 19. «Өшпенділік тілін» түсіндіру»: Практикалық оқулық. 2015 жылғы редакция. – Лондон, 2019.
4. Оксана Мороз. Hate Speech феномені. [Электрон ресурс: «ПостНаука»]. // URL: <https://postnauka.ru/video/68876>
5. Faktcheck.kz – Қазақстанның ақпаратты, деректерді тексеруге арналған онлайн ресурсы. // URL: <https://factcheck.kz/>
6. Faktcheck.kg – Қырғыз Республикасының ақпаратты, деректерді тексеруге арналған онлайн ресурсы. // URL: <https://factcheck.kg>
7. Faktcheck.tj – Тәжікстанның ақпаратты, деректерді тексеруге арналған онлайн ресурсы. // URL: <https://factcheck.tj>
8. Қырғыз Республикасы Журналистердің этика кодексі. [«Журналисты» ҚБ электрон ресурсы]. // URL: <https://journalist.kg/ru/codex/>

Дереккөздер тізімі

1. Верховский, А.М. Тілім менің... Ресей бұқаралық ақпарат құралдарындағы этностық және діни төзімсіздік проблемасы / А.М. Верховский. – М.: «Панорама» орталығы» ӨҚҰ, 2002.
2. Евстафьева, А. В. Бұқаралық ақпарат құралдарындағы «өшпенділік тілі»: қолданудың лингвистикалық және экстралингвистикалық факторлары / А. В. Евстафьева: автореф. дис. ... филол. ғыл. канд. - Тамбов, 2009. – 26 б.
3. Кроз, М.В., Ратинова, Н.А. Эксперттердің өшпенділік пен жеккөрініш туғызуға бағытталған материалдарды бағалауы / М.В. Кроз, Н.А. Ратинова // Жеккөрініш құны. Ресейдегі ұлтшылдық: мақалалар жинағы; құраст. А. Верховский. – М.: «Сова» орталығы, 2005. –75–92-б.
4. Чепкина, Э. В. Бәрі бірауыздан: корпоратив баспасөздегі келісім тілі / Э. В. Чепкина // «Известия Уральского государственного университета». – 2006. – № 40. – 136–146-б.
5. Щербинина Ю.В. Сөйлеу агрессиясы. Өшпенділік аумағы / Ю.В. Щербинина. – М.: «Форум», 2012. – 400 б.

1-сабақ.

«Өшпенділік тілі»: формалары, белгілері, жіктелуі, негізгі ұғымдары

Теориялық тестілер:

1. Еуропа Кеңесі Министрлер комитетінің «өшпенділік тіліне» берген анықтамасын табыңыз (дұрыс жауап қысқартылып берілген):

- «Өшпенділік тілі» — нәсілдік жеккөрінішті, ксенофобияны, антисемитизмді немесе төзімсіздік себебімен жеккөрініштің басқа да түрлерін таратудан, соған итермелеуден, соны ынталандырудан немесе ақтаудан тұратын пікір білдірудің барлық формасы;
- «Өшпенділік тілі» — интернеттегі немесе күнделікті өмірдегі бейәдеп сөздің бәрі;
- «Өшпенділік тілі» — мемлекеттің қауіпсіздігіне, тұтастығына және конституциялық құрылысына қарсы бағытталған пікірдің барлық түрі.

2. Александр Верховскийдің классификациясы бойынша «өшпенділік тілінің» қандай түрлерін білесіздер? Дұрыс жауаптарды таңдаңыз:

- «Қатты өшпенділік тілі» зорлық-зомбылыққа немесе дискриминацияға тікелей немесе делдалсыз үндеу дегенді білдіреді;
- «Агрессиялы өшпенділік тілі» — оппоненттің атына тек негатив лек-

сика мен қорлайтын сөз қолдану, түрі мен форматы әртүрлі жалған ақпаратты қолдану;

- «Орташа өшпенділік тілі» — дискриминацияның немесе зорлық-зомбылықтың тарихи жағдайларын ақтау;
- «Бейтарап өшпенділік тілі» — өшпенділікті, жеккөрінішті, қорлауды тікелей негатив лексикасыз, бүркемеленген лексикамен және сөз қолданылмайтын амалмен (бейвербал) білдіру;
- «Жұмсақ өшпенділік тілі» этнос тобының негатив образын қалыптастыру, этнос тобының атауын кемсітетін контексте қолдану дегенді білдіреді.

3. «Сова» ақпарат-талдау орталығы шкаласындағы «өшпенділік тілі» белгілерін табыңыз:

- көпшілік кеңістікте пікір білдіру;
- нақты жағдайда объектіні көрсетіп, соған зорлық-зомбылық жасауға үндеу;
- дискриминацияға, соның ішінде жалпы ұрандарды қолданып үндеу;
- басқа адамға немесе адамдар тобына қатысты жаргон лексиканы қолдану.

Практикалық тестілер:

1. Мына сөздер «өшпенділік тіліне» жата ма? Жатады деп есептесеңіз, қандай белгілер бойынша (жауаптар тапсырма аяқталғаннан кейін көрсетіледі):

- «Зорланғанына қыздың өзі кінәлі! Жеңіл жүрісті екенін бәрі біледі». (Иә – рұқсат берілген құралмен зорлық-зомбылық жариялау, құрбанның өзін зорлық-зомбылыққа кінәлі деп айыптау);
- «Біз оларға елімізден пана бердік, бәлеге душар болғанда көмектестік, ал олар бізге зорлық-зомбылық жасады, олар сатқын, бізге бауыр емес!» (Иә – мәтіннің немесе оның фрагментінің арнайы мәнерімен этностық немесе діни топтың жағымсыз образын көрсету);
- «Бұл сауатсыз, жабайы көшпенділер оқу білмейді, әдеті – кісі тонау мен өлтіру». (Иә – белгілі бір этностық немесе діни топтың толық дамымағаны туралы тұжырым жасау (мәдениеті, интеллект мүмкіндіктері, жасампаз еңбекке қабілеті дамымаған деу).

2. Қай сөзде «өшпенділік тілі» бар, қайсы жай ғана пікір білдіру?

- «Бұл бандиттер қалада қожайын сияқты жүреді» (Жоқ – бұл пікір);
- «Жерімізге Орта Азиядан мына «чуркалар» қаптап келді, проблемадан басқа пайдасы жоқ!» (Иә – этностық немесе діни топты немесе оның өкілдерін кемсітетін немесе қорлайтын контексте атау);

- «Осындай «работоголиктерді» (еңбекқорлар) жек көремін! Солардың кесірінен кеңседе ұзақ отыруға мәжбүрміз». (Жоқ – еңбекқорлық адамдар тобының қорғалған сипаттамасы емес);
- Дүние құриды деп ойлаймын, «көгілдірлердің» кінәсінен адам қырылады! (Жоқ – бұл пікір).

3. «Өшпенділік тілінің» жұмсақ, орташа, қатты түрлерін анықтаңыз:

- «Әйел адам президент бола алатын ба еді?» – Жұмсақ;
- «Байлығымызды талан-таражға салғысы келетін барлық қытайды елден қуу керек! Осындағы зауыттарын өртеп жіберу керек!» – Қатты;
- «Әлбетте, әдеттегідей Кавказ ұлтының адамдары кінәлі!» – Орташа.

2-сабақ.

Сөз бостандығы vs «өшпенділік тілі»

Теориялық тестілер:

1. «Сөз бостандығы» ұғымына берілген қандай анықтаманы дұрыс деп есептейсіз? Жауапты таңдаңыз:

- Сөз бостандығы – әр азаматқа кез келген ақпаратты дұрыс-бұрыстығын тексермей-ақ еркін таратуға заң берген құқық;
- Сөз бостандығы – адамның пікір ұстану, ақпарат пен идеяны биліктің араласуынсыз және мемлекет шекарасына тәуелсіз түрде еркін алу мен тарату құқығы;
- Сөз бостандығы – әр азаматқа мемлекеттік органдардың, бизнес компанияларының, саясат, дін, мәдениет пен өнер салаларындағы беделді адамдардың үгіт-насихат хабарламаларын өз еркімен тарату үшін берілген мүмкіндік.

2. Халықаралық құқықта қандай құжат әр адамның сөз бостандығы құқығын қорғайды? Дұрыс жауапты таңдаңыз:

- Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы (АҚЖД);
- Адам құқықтары туралы халықаралық пакт (АҚХП);
- Азаматтардың жалпыға бірдей құқықтары туралы хартия (АЖҚХ).

3. Еркін пікір білдіру құқығы қорғалған кезде «өшпенділік тілінің» шекарасын ажыратуға қандай құжаттар көмектеседі?

- Рабат іс-әрекет жоспары, БҰҰ бастамасымен жасалған;
- Қолдану мен сақтауға тыйым салынған экстремистік әдебиет тізімі, ТМД елдері қауіпсіздігі жөніндегі кеңес жасаған;
- Пікір білдіру бостандығы мен теңдік жөніндегі Кэмден принциптері, Article 19 ұйымы жасаған;
- Үкіметтік емес ұйымдар қызметін реттейтін норматив-құқық актілерінің жинағы, Ұлттық ғылым академиясының ғылыми-зерттеу институты жасаған.

Практикалық тестілер:

1. Пікір білдіру бостандығына санкция қолданарда құқық қорғау органдары қандай негізге сүйенуі мүмкін (Орталық Азиядағы БАҚ пен әлеуметтік желілерге жүргізілген мониторинг нәтижесі бойынша):

- «Төтенше жағдай кезінде көрінеу жалған ақпарат тарату»;
- Елдің саяси бомондының ерлер жағына қарсы бағытталған көпшілік мәлімдемелер.

- «Халықтың ұлттық менталитетіне қайшы келетін» контент ретінде цензура қою;
- Қоғамда ұлтаралық және аймақаралық алауыздықты қоздыру.

2. Рабат іс-әрекет жоспарының тесі бойынша мына мәлімдемедегі «өшпенділік тілін» анықтауда қандай критерийлерді атап өтуге болады:

Мыңдаған сайлаушының алдында сөз сөйлеген президенттікке үміткер АБС: «Көрші ел бізге кедергі келтірсе, олар әр сөзі мен әрекетіне өкінуі үшін біз бар күшімізді қолданып жауап береміз! Аямаймыз!» – деп мәлімдеді.

- Оратор;
- Ниет;
- Орналасу географиясы;
- Көпшілік алдында айтылу дәрежесі.

3. Мына пікір сөз бостандығының немесе «өшпенділік тілінің» көрінісі ме?

«Америкалықтар ұлт ретінде қырылып қалса немесе Штаттарды су, жанартау басса, бүкіл дүниежүзі еркін тыныстап, тек рақмет айтар еді».

- Иә
- Жоқ

3-сабақ.

«Ұлттық және халықаралық құқық тұрғысындағы «өшпенділік тілі»

Теориялық тестілер:

1. Дұрыс анықтаманы таңдаңыз – халықаралық құқық деген не?

- Мемлекетаралық қатынастарды реттейтін нормалар жиынтығы, оның негізі – халықаралық келісімдер мен мемлекеттер мойындаған ғұрыптар;
- Мемлекеттің сыртқы істер министрлігі мен шетелдегі елшіліктерінің өз қызметін жақсарту үшін жасаған барлық келісімі.

2. Халықаралық құқық бойынша дискриминацияламау принципі үш құрамдас бөліктен тұрады, берілгендердің арасынан дұрысын таңдаңыз:

- адамға немесе адамдар тобына қарсы кез келген бөлу, шеттету, шектеу немесе бірінен бірін артық көру;
- адам құқықтары саласындағы халықаралық құқық мойындайтын қорғалған сипаттамаларға негізделген, адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын қоғам өмірінің саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени және басқа да кез келген саласында тең жағдайда мойындауды, қолдануды немесе іске асыруды жоюды немесе төмендетуді мақсат не салдар етіп көздейтін;
- мемлекетте еркін ойды жаншуды мақсат ететін.

3. Ұлттық қауіпсіздік дегеніміз (дұрыс жауапты таңдаңыз):

- Мемлекеттік маңызы бар нысандарды – мемлекеттік органдар ғимаратын, мемлекеттік қызметшілердің үйін, автокөліктері мен басқа да меншік түрлерін азаматтардан қорғауға жағдай жасау;
- Адамның, қоғам мен мемлекеттің өмір үшін маңызды мүддесінің сыртқы және ішкі қауіптен қорғалғанына кепілдік берілген жағдай;
- Мемлекеттік орган басшыларының, олардың отбасы мүшелері мен жақындарының өмірі мен денсаулығын қатерден қорғау үшін олардың қауіпсіз жұмыс істеп, демалуына жағдай жасау.

Практикалық тестілер:

Әр блокта басқа блоктың дәлелдері бар, оларды анықтаңыз:

1. Сөз бостандығы 100% қорғалған қоғамның оң тұстары мен сөз бостандығын шектеуге қарсы дәйектер:

- Билікті сынау мүмкін болады;
- Қоғамдағы проблемалар туралы еркін дискуссия болады;
- Билік таза болып, азаматтарға есеп береді;
- Қоғамда жанжалдар жиілейді, жалпы тұрақсыздық болады.

2. Сөз бостандығы 100% қорғалған қоғамның жағымсыз тұстары мен сөз бостандығын шектеуді қолдайтын дәйектер:

- Көпшілік кеңістікте бейнорматив лексика кең таралады;
- Рейтинг қуған БАҚ дау-дамайды, фейкті пайдаланып, этика стандарттарын бұзады;
- Билік бір қолға шоғырлануы керек және халықты қашан да қатаң бақылау керек;
- Саяси бәсекелестік болады, сайлау процесі еркін әрі әділ өтеді.

3. Қорлау — адамның жеке басына, сырт келбетіне, қасиеттеріне, мінез-құлқына белгіленген мінез-құлық ережелері мен жалпыадамдық моральға қайшы формада жағымсыз баға беру. Мына тіркестер қорлау деп есептеле ме?

- «Жабайы қысықкөз» (моңғолоид нәсіліне жататын адамдар туралы);
- «Тойымсыз оңбаған» (жемқор ше-неуіктер туралы);
- «Джамшут мигрант» (скетч-шоу кейіпкерінің аты бойынша Орталық Азиядан шыққан еңбек мигранттары туралы);
- «Шарасыз құл» (авторитар режимі бар мемлекеттердің халқы туралы).

4-сабақ.

Орталық Азия елдерінің дәстүрлі және жаңа медиасындағы «өшпенділік тілі»

Теориялық тестілер:

1. Жанжал деген не? Дұрыс анықтаманы таңдаңыз:

- Жанжал — адамдар арасындағы түрлі ұстанымның, көзқарастың, дүниетанымның, қарама-қайшылықтың салдары;
- Жанжал — бір адамның немесе адамдар тобының атына ешқандай негізсіз тіл агрессиясын көрсету;
- Жанжал — екі индивидтің бірінікі анық жөн болып тұрса да, ымыраға келмей, негізсіз дауласуы.

2. Бүгінде дәстүрлі деп қандай БАҚ-ты айтады?

- Газеттер, журналдар, телевизия, радио;
- Интернет-басылымдар, спутник телеарналары, кабель арналары;
- Телевизия мен радиобағдарламалар ретрансляциясының ескірген құрал-жабдығы.

3. Виртуал немесе ақпарат соғыстары деп нені айтады? Дұрыс жауапты таңдаңыз:

- Оқиғадан сапалы әрі шынайы хабар тарату үшін журналистердің әскери операциялар мен қарулы қақтығыстар орнында болуы;

- Оппонентті, қарсыласты сенімнен айырып, беделін түсіру үшін, жеке ұстанымды насихаттап, аудитория алдында абырой асқақтату үшін БАҚ-ты, «тролльдер фабрикасын», үгіт-насихат әдістерін қолдану;
- Жастар ортасында біреудің беделін түсіріп, кемсіту үшін қолданылатын хейтинг пен буллинг.

2. Қытайға, қытайларға, Қытай тауарларына, асханасына және Қытайға қатысты басқа да нәрселерге деген жеккөрініш, жақтырмаушылық не деп аталады? Берілген төрт жауаптың дұрысын таңдаңыз:

- Чайнафобия
- Синофобия
- Синафлан
- Ксенофобия

Практикалық тестілер:

1. Әлеуметтік желілерде мына хабарламаларды таратар ма едіңіз? «Жоқ, фейк» немесе «Иә, бұл рас» белгілерін таңдаңыз:

- «МАҢЫЗДЫ! Бүгін қалада тікұшақтан COVID-19-ға қарсы дезинфекция жүргізіледі. Барлық туысыңыз бен жақыныңызға ескертіңіз!» ФЕЙК
- «Қолдан емделгеннен, әсіресе антибиотиктер мен тіркелмеген дәрі-дәрмек ішкеннен адамның ауруы асқынуы және қайтыс болуы мүмкін». РАС
- «Ғалымдар коронавирустан қорғайтын керемет ем тапты — сарымсақ, бал, лимон мен зімбір. Төмендегі рецептіге қара! Өзіңді және туыстарыңды құтқар!» ФЕЙК
- «Сырқат белгісі: температура, жөтел, әлсіздік байқалғанда бірден тұрғылықты мекенжайыңыз бойынша медицина мекемесіне хабарласуыңыз керек немесе «112» COVID-19 мәселелері бойынша бірыңғай нөміріне телефон соғуыңызға болады». РАС

3. «Дамбал киген жүздеген сақалдыны неге кіргізген?? Вирусмен Арабияда қалып, «құтқар деп» Құдайға сыйынуы керек еді!» деген «өшпенділік тілін» «келісім тілінде» қандай сөздермен алмастыруға болады? Берілген нұсқалардан дұрысын таңдаңыз:

- «Әуежайға қажылықтан қауіпті ауру жұқтырған адамдар келгені жергілікті тұрғындарды орынды алаңдатып отыр. Елде эпидемияны өршітпеу үшін биліктегілер мұндай адамдарды ұшып келтірмеуі керек»; ДҰРЫС ЕМЕС
- «Бұл діндар адамдар бізге вирус алып келді, сондықтан оларды қалаға жібермей, емдемей, ұстанатын діні бойынша мешіттерде оқшаулау керек еді»; ДҰРЫС ЕМЕС
- «Біз ауру жұқтыру қаупі күшейіп тұрған елдерден көп келіп жатқан адамдардың әуежайда тексерілмей, обсервациядан өтпеуі елде індетті өршітіп жібере ме деп алаңдап отырмыз. Ұшып келгендердің бәрі тексеріліп, обсервациядан өтуі керек». ДҰРЫС

5-сабақ.

«Өшпенділік тілі» объектілері. Қорғалған сипаттамалар

Теориялық тестілер:

1. Дұрыс анықтаманы табыңыз — «өшпенділік тілі» объектісі деген не?

- Мемлекеттік органдар, шенеуніктер мен олардың отбасы мүшелері;
- «Өшпенділік тілі» (елдің заңнамасы мен халықаралық құқық қорғайтын сипаттамаларына қатысты) бағытталған топтар мен адамдар;
- Халықаралық ұйымдар, жобалар, үкіметтік емес ұйымдар.

2. Адамды дискриминациядан қорғайтын нормалар қайда жазылған? Дұрыс жауаптарды таңдаңыз:

- Ұлттық заңнамада — Конституцияда, Қылмыстық кодексте;
- 1964 жылы қабылданған Адамдарды дискриминациядан қорғаушылардың халықаралық хартиясында;
- Халықаралық құқық актілерінде: Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясында, Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінде, Equal Rights Trust — Теңдік принциптері декларациясында;
- Біріккен Ұлттар Ұйымының Дүниежүзілік Конституциясында.

3. Халықаралық нормалар адамды дискриминациялаудың қандай типіне рұқсат береді?

- Жас шамасы бойынша;
- Саяси көзқарастары бойынша;
- Жыныс ориентациясы бойынша;
- Барлық түріне тыйым салады.

Практикалық тестілер:

1. Тізімнен халықаралық құқық бойынша қорғалған сипаттамаларды таңдаңыз:

- Ұлттық азшылықтар;
- Вегетариандар;
- Мүгедектігі бар адамдар;
- Филателистер.

2. Мынадай сөздер қорлау деп есептеле ме?

- «Жабайы қысықкөздер»
- «Пайдасы жоқ қызметкер» ЖОҚ
- «Семіз тәтей»
- «Жемқор шенеуніктер» ЖОҚ

3. Сөйлемдердің типін анықтаңыз: пікір, стереотип, жалған сенім:

- «Мен дәрігерлерді жақсы көремін, өйткені олар қашан да мейірімді»; Жалған сенім
- «Кей дәрігердің маған мейірімді қарайтыны ұнайды»; Пікір
- «Дәрігерлер — мейірімді адамдар». Стереотип

6-сабақ.

«Өшпенділік тілін» қолданбауды ескерту: әдістер мен инструменттер

Теориялық тестілер:

1. «Жеккөрініш тіліне жол жоқ» (No Hate Speech Movement) қозғалысы туралы не білесіз?

- Қозғалысты Орталық Азия елдерінің үкіметі әлеуметтік желілердегі «өшпенділік тілін» ескерту үшін жасақтады;
- Бұл — Еуропа Кеңесінің жастарға арналған құқық қорғау онлайн кампаниясы;
- Қозғалысты Үндістанның әйелдер ұйымдары отбасында әйелдер мен қыз балаларға қатысты зорлық-зомбылыққа тосқауыл қою үшін құрды.

2. Медиа және ақпарат бойынша сауат деген не?

- Адамның жазу, ойын жеткізу, БАҚ-ты оқу және түрлі форматтағы мейлінше көп медиаөнімді көру қабілеті;
- Арнайы орта білім беру мекемесін бітіргені туралы куәлік, онда адамның ақпарат алу қабілеті ескеріледі;
- Мәселені талдау мен шешім шығару үшін ақпаратты алуға, түсінуге, бағалауға, бейімдеуге, түрлендіруге, сақтауға және ұсынуға қажет құрырреттер.

3. Фейк ақпаратқа кезіккеніңізді қалай біле аласыз? Дұрыс жауаптарды таңдаңыз:

- Әлеуметтік желілерде қайта жариялап, көрілім санын қараймын. Көрген қолданушы көп болса, бұл фейк емес деген сөз;
- Ақпаратты кемінде екі-үш сенімді, әсіресе ресми дереккөзден тексеріп көремін;
- Қазіргі заманғы техникалық құралдарды, жалған фото мен видеоны тексеретін қосымшаларды пайдаланамын;
- Ақпаратты жақын достарым мен туыстарымнан нақтылаймын.

Практикалық тестілер:

1. «Бұрынғы замандардағыдай барлық мүгедекті айдалаға апарып тастар едім. Ең мықтысы мен дені сауы ғана өмір сүрсін, бұл — табиғи сұрыптау!» Әлеуметтік желілердегі осындай постқа қалай әрекет етесіз?

- Лентаңыздан контентін көрмеу үшін қолданушыны немесе аккаунтты бұғаттап тастайсыз;
- Пост, пікір, видео немесе фотосурет қоғамдастық ережесін бұзатынын жазып, модераторға шағым жасайсыз;
- Автор дұрыс емес пост жазғанын көп адам көрсін деп, оны қайта жариялайсыз.

2. Редактор журналиске мақала жазып, хейт пен көрілім саны көп болуы үшін кейіпкерді жағымсыз қырынан танытатын фотосурет табуды тапсырады. Журналист не істеуі керек?


- Редакторға бағынуға тиіс болғандықтан тапсырманы орындауы керек;
- Мақала көрілім есебінен қосымша табыс әкелетіндіктен редакторға жоғары қаламақы төлеуді шарт қылып, келісуі керек;
- Тапсырмадан бас тартып, ондай материал орынсыз екенін жиналыста талқылауы керек, оны ешкім қолдамаса, кәсібінің этика стандарттарын бұзбау үшін жұмыстан шығуы керек.

3. Жоғары оқу орныңыздағы профессор ашық пост жазды: «Әйелдерді ұруға болады, кейде қажет те». Сіз не істейсіз?

- Оны қолдап, ерлердің көбінің ұстанымын білдіргені үшін жазбаны бөлісесіз;
- Пост астына қандай «өшпенділік тілі» белгісін байқағаныңызды жазып, оны өшіруді және әйелдерден кешірім өтінуді ескертесіз;
- Жақтастарыңызбен келісіп, оның арқасына «Әйелдерге зәбір көрсетуші әрі зорлықшымын!» деген жазуды жапсырасыз.

2-ҚОСЫМША

ҚЫЗЫҚ ФАКТІЛЕР




1.

Нидерландта дискриминацияға қарсы қатал заң қабылданған және 95% жағдайда заңсыз материалды өшіру үшін авторларға немесе сайт иелеріне жай ғана ескерту жетіп жатыр. Бәрі жергілікті қоғамдық қорлардың бірінің «өшпенділік тіліне» үн қатуынан басталған еді. «Маджента» қоры интернеттегі дискриминацияға қатысты шағымдар бөлімі арқылы интернеттен «өшпенділік тілінің» мыңнан астам үлгісін өшіртті. Ол үшін қор авторларға немесе сайт иелеріне өшпенділік тілі қолданылған контентті өшіру туралы талап жолдаған.




2.

2016 жылы Еуропа комиссиясы мен әлеуметтік желілердің төрт негізгі платформасы Интернетте заңсыз жеккөрініш қоздыруға қарсы тұруға арналған мінез-құлық кодексін (Расизммен және төзбеушілікпен күрес жөніндегі Еуропа комиссиясының № 15 жалпысаяси ұсыныстары: Негізгі тақырыптар. 2-бет. URL: <https://rm.coe.int/-15-/16808b7673>) қабылдады. Бұл құжатта Еуропада мұндай контентті таратумен күресу үшін Facebook, Twitter, YouTube және Microsoft компаниялары бекіткен міндеттемелер бар.




3.

Фейк ақпарат жасайтын қазіргі заманғы технологиялар минут сайын дамып жатыр. 10 жыл бұрын біз мәтін мен фотосуретті қолдан жасау оңай, ең сенімді ақпарат видео деп есептесек, бүгінде кез келген адамның бейнесі мен дауысын пайдаланып, түпнұсқаға ұқсас видео жасайтын Deepfake технологиясы бар. Дегенмен фейк жасайтын технологиялармен бірге оларды анықтайтын әдістер де: өңделген фотосуреттер мен видеоны ажыратып, түпнұсқасын, оның түсірілген орны мен уақытын табатын веб-сайттар, мәтіндегі плагиат пен манипуляцияны анықтайтын ресурстар ойластырылып жатады. Әрине, қандай да бір технологиялар фейкке қарсы технологиялардан озып кетуі мүмкін, бірақ жаңа бағдарламаларды біліп, оларды қолдана алу — қазіргі медиа жұмысшысының міндетті құзыреті.




4.

Американың әлеуметтік желілері қолданушылар мемлекеттен шығатын үгіт-насихатты ажыратуы үшін үкіметтік БАҚ контентіне белгі басады.




5.

Ағылшын жазушысы Агата Кристидің детектив романы 1939 жылы Англияда «Он негр баласы» (ағылшынша Ten Little Niggers), бір жылдан кейін Америкада «Енді ешкім қалған жоқ» (ағылшынша And Then There Were None) деген атаумен жарық көрді. АҚШ-та көпшілік кеңістікте niggers сөзінен бас тарту ұйғарылды.




6.

The New York Times газеті сайтының контент-менеджерлері папа Франциск туралы материал резонанс туғызатынын біліп, қолданушылар үшін ереже енгізді: жазылатын пікір сайттағы дискуссияның тиісті тармағына түсуі үшін пікір жазар алдында тестіден өту керек, себебі этикаға қатысты бірқатар дау бойынша оппоненттер бір-бірін ешқашан тыңдағысы келмейді, мұндай дау бітпейді және ешқандай нәтиже бермейді.



7.

Әлеуметтік желі модераторлары жұмыста қатты күйзеліске түседі. Мысалы, YouTube модераторлары 3 ай бойы тыйым салынған контентті көріп, іріктегеннен кейін фото- және видеоматериалдар жүйкеге өте күшті нұқсан келтіргенін айтып, психолог қызметіне жүгінеді. Қызметкерлердің кейбірі шыдай алмай, жұмыстан шығады, бірақ содан кейін де ұзақ уақыт күйзеліп жүреді.



8.

Интернет бес деңгейден тұрады:

- 1) Бірінші деңгейі Surface Web деп аталады. Бұл – интернеттің тек 4%-ын алатын деңгей, біз күн сайын қолданатын интернет: әлеуметтік желілер, танымал іздеу жүйелері, жаңалықтар, блогтар, онлайн кинотеатрлар.
- 2) Интернеттің екінші деңгейі – қарапайым қолданушылар үшін жабық тұратын, әркім мүддесіне қарай пайдаланатын контент.
- 3) Үшінші деңгей – заңсыз қызметпен айналысатындықтан тыйым салынған ұйымдардың веб-сайттары.
- 4) Төртінші және бесінші деңгейлер – DarkNet. Адамның ақыл-парасатынан тыс контент, адамдарға жасалатын эксперименттер және тағы басқа.



9.

2018 жылы Telegram терроризммен күрес ұранымен бұғатталды. Содан бері мессенджерде қосымша қорғаныс құралдары мен кез келген экстремистік үгіт-насихатты анықтап, өшіретін әдістер және дүниежүзіндегі террор актілеріне қолданушылардың жеке мәліметтерін жария қылмай-ақ тосқауыл қоятын механизмдер пайда болды. Мессенджер иесі Павел Дуров: «Кейінгі 6 жыл бойы ондаған елде жұмыс істеген тәжірибеміз терроризммен күрес пен өзара құпия хабар алмасу құқығы бір-біріне кедергі емес екенін көрсетті. Ресей заңнамасының осы екі міндетті байланыстыруына дүниежүзіндегі тәжірибе мен қазіргі технологиялардың ерекшелігін ескерудің көмегі тиеді деген үмітіміз бар», — дейді.

3-ҚОСЫМША

ОҚЫТУДЫҢ ИНТЕРАКТИВ ӘДІСТЕРІНІҢ ГЛОССАРИЙІ

А

АҚПАРАТ КӨЗДЕРІМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ/ PQ4R ӘДІСІ БОЙЫНША МӘТІНМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ – жаңа білімді беру мен меңгеру кезеңінде жеке және шағын топ болып жұмыс істеуді ұйымдастыру үшін қолданылатын оқытудың интерактив әдісі. Әдістің атауы оны қолданудың жекелеген қадамдарын білдіретін сөздердің бас әріптерінен тұрады:

P (preview/алдын ала шолу) – студенттер тақырыптарға, мәтінге, бейнелерге көз жүгіртеді;

Q (question/сұрақтар) – студенттер тақырыптарға, мәтінге, бейнелерге қатысты сұрақ дайындайды;

R (read/оқу) – әр студент өзіне қатысты мәтінді оқып, сұрақтарға жауап беруге тырысады. Мәтіннің маңызды тұстары белгіленіп, сәйкес келетін шешуші фразалар түрінде жазып алынады;

R (reflect/ойлану) – студенттер негізгі ұғымдарға немесе мысалдарға ассоциация табуға тырысады, проблеманы немесе мәтіндегі ақпаратты қолданудың пайдасын ойланады, мәтін мазмұны тақырыбына сай ма, журналистиканың этика принциптері бұзылмаған ба, адам құқықтары ескерілген бе және тағы басқа мәселелерге жауап іздейді;

R (recite/оқы) – әр студент берілген материалдың қысқаша мәнін жазады немесе оны графика түрінде көрсетеді және өзгелермен бірге талқылайды немесе жазып-сызғанын дауыстап оқып береді;

R (review/түйіндеу) – ақпарат көздерімен жұмыс істеудің бұл кезеңінде студент қорытынды жасайды.

Б

БАҒАЛАУ ПАРАҒЫ – материалды игеруде прогресс бар-жоғын дәл анықтауға: сабақ басында студенттердің пән бойынша білімі қандай деңгейде екенін, сабақ аяғында студенттер білімді қалай меңгергенін, негізгі терминдер мен ұғымдарды қаншалық есте сақтағанын және қалай түсінгенін бағалауға мүмкіндік беретін әдіс. Оқыту барысында білімді игеру деңгейін анықтау үшін бұл әдісті сабақ ортасында да қолдануға болады.

Д

ДИСКУССИЯ – белгілі бір проблемаға қатысты ашық әрі еркін көзқарас алмасуға негізделген оқыту әдісі. Студенттер жеке пікірін де, басқа адамдардың пікірін де айта алады. Дискуссия жұп арасында, шағын топта немесе топтың түгел қатысуымен жүргізілуі мүмкін.

К

КАЗУС (ЖАҒДАЙ, ОҚИҒА) — талдаған кезде мәселені шешуге жетелейтін тұжырым жасауға ықпалы бар оқу мысалы немесе өмірден алынған жағдай. Казуспен жұмыс істеу формаларының бірі — моральдық дилемма әдісі. Шешуге ұсынылған дилеммаға мынадай бірнеше талап қойылады:

- мазмұны түсінікті болуы керек;
- шынымен маңызды адамгершілік мәселелерін қозғауы керек;
- құқықтық да, моральдық та шешімі болуы керек.

КЕЙС — өмірде болған жағдайды сипаттайтын оқу мысалы. Ол студенттердің оқу практикасын әлеуметтік шындықпен байланыстыруына көмектеседі. Кейс оқыту бағдарламасына даулы тақырыптарды қосып, дискуссияны жалпыдан нақтыға айналдыра түседі.

КЕРІ БАЙЛАНЫС — адамға (немесе топқа) оның әрекеті қалай қабылданатыны, өзгелерге, жалпы ахуалға қалай ықпал ететіні туралы ақпарат беру. Оқытудағы кері байланыс білім алушыларға ықпал етуге, өз ойын, әсерін, сезімін, іс-әрекетін талдауға қозғау салуға мүмкіндік береді. Кері байланыс сауатты, сыпайы, әдепті болуы керек.

Бұл курста студенттердің жылдам кері байланыс жасауына көмектесетін екі әдіс ұсынылды: «Минуттық сауалнама» және «Ұшқын».

М

МИНУТТЫҚ САУАЛНАМА — жылдам әрі құрылымдалған кері байланысты жақсартатын әдіс. Сабақтың аяғында әр студентке алдын ала дайындалған, үш сұрақ жазылған парақ беріледі, әр сұраққа бір минут ішінде жауап берілуі керек (аноним):

- Сабақта қандай маңызды ақпарат алдыңыз?
- Бүгін нендей маңызды нәрсені үйрендіңіз? (Бүгінгі сабақта қандай маңызды дағдыны меңгердіңіз?)
- Мүлдем түсінбеген нәрсеңіз не?

Көп жағдайда студенттердің жауап жазуына 5 минутқа жуық уақыт керек.

П

ПРЕЗЕНТАЦИЯЛЫ ДӘРІС — студенттерді дәрісте айтылатын, контекске — медиасферадағы қазіргі процестер мен трендтерге қатысты негізгі ұғымдармен, терминдермен таныстыратын әдіс.

С

САБАҚАРАЛЫҚ КЕЗЕҢДЕГІ ӨЗІНДІК ЖҰМЫС — бұл әдіс студенттердің сабақта талқыланатын мәселемен ұзағырақ айналысуына, әртүрлі дереккөзден (тізімін оқытушы беруі мүмкін) қажет ақпарат іздеуіне, пән туралы көлемді ақпарат алуына және ол туралы әртүрлі ұстаным-пікірмен танысуына жағдай жасайды.

Ұ

ҰШҚЫН — жылдам әрі құрылымдалған кері байланыс орнататын әдіс. Ол, әсіресе, барлық адам ойын еркін айта алатын тұлғааралық коммуникацияны жақсартуға қолданылады. Талқылау барысында студенттер айтқан ойға оқытушы да, өзге студенттер де пікір білдірмеуі керек. Оқытушы студенттерге пікір білдіргені үшін ғана рақмет айта алады.

Ш

ШАҒЫН ТОПТА ЖҰМЫС ІСТЕУ — оқытудың маңызды интерактив әдістерінің бірі. Жұмысты бастар алдында оқытушы студенттерді ширату ойыны, санамақ, «бірінші, екінші» деп рет-ретімен санату арқылы, ұнататын түстеріне немесе жыл мезгілдеріне қарай және тағы басқа осындай әдістермен шағын топтарға бөледі. Топ болып жұмыс істеу күрделі мысалдың немесе өмірден алынған проблеманың шешімін ұжыммен бірге табуға бағытталған. Топтың жұмысын студенттер аудитория алдында (презентация) еркін таныстырады. Шағын топта жұмыс істеуге талқыланатын мәселенің күрделілігіне қарай 10 минуттан 30 минутқа дейін уақыт бөлінеді.

